

Қимап - көңіл кілімі

*Ізгіліктің
ізі бар...*





УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз) 7-5
Н 13

Н 13 Ізгіліктің ізі бар.

Естеліктерден құралған сыр-толғаулар. Бірінші басылым.
/Алматы: «Жас-ай» медицина орталығының «Медиа»
баспасөз қызметі, 2015. Түрлі-түсті, - 248 б.

ISBN 978 – 601 – 06 – 2447 – 4

«Жас-Ай» Шығыс-Тибет орталығынан дерттеріне шипа тауып, еш жерден дауа таппай жүрген күрделі, асқынған сырқаттарынан айыққан жандардың риясыз алғыстарын кітап етіп шығаруды жөн көрдік. Орталықтың ем іздеп келген халықтың денсаулығын арттыруда елжүлі еңбек етіп келе жатқанын алғыстар негізінде анық түсінуге болады. Нақты деректер арқылы орталықтың ерекше емін, қазіргі алып жатқан бағасын, орнын, маңыздылығын, шынайылығын, баға жетпес қажеттілігін айқындап көрсету мақсат етіп қойылып отыр. Кітап барша оқырман қауымға арналған.

ISBN 978 – 601 – 06 – 2447 – 4

УДК 821.512.122
ББК 84 (5Қаз) 7-5

© «Жас-ай» медицина орталығының
«Медиа» баспасөз қызметі, 2015



Қадірлі оқырман қауым!

Ұлы Исламның имандылығын бойына сіңіріп, ар-ұятты біліп өскен, көргенді, тәрбиелі, ізгі жандар үшін үнемі алғысқа кенеліп жүру – бақыт. Осы ыждаһаттылықтың өзі сауапқа жазылатын көрінеді. Ал, керісінше қара ниетті, адам баласына үнемі жауыздық істеп, алдап-арбаумен айналысатындар да бар. Олардың алатындары қарғыс пен теріс бата, барар жері – тозақ. Әрине, Алла біздің қай-қайсымызды да алғыстан айырмасын. Осы ретте тілге тиек ете кетейін дегеніміз Алматы қаласындағы «Жас-ай» медициналық орталығы. Бұл емханаға 10 жыл ішінде еліміздің түкпір-түкпірінен сырқаттарына шипа іздеушілердің саны толассыз. Аталмыш





орталыққа күдікпен келіп, қуанып кетіп жатқан емделушілер өздерінің ауруларынан айыққан кездегі көңіл-күйлерімен шексіз алғыстарын жазбаша түрде қалдырғанды жөн санайды. Біз сол алғыс арқалаған хаттарды ескерусіз қалдырмай журналымыздың арнайы бір бетін арнап келеміз. Ендігі кезекте осы ыстық ықыласқа толы хаттар жиынтығын кітап етіп ұсынып отырмыз.

Тел.: 8(727) 302-15-40, 390-19-19.

факс.: 302-15-398;

моб.:8-777-232-18-71. Сайт:WWW.jasai.kz.

Элект.пошта: zhasai_67@mail.ru

*Алматы қаласы, Витебская көшесі, 42 үй.
Әл-Фараби және Розыбакиев даңғылдарының
қиылысы.*



*Денсаулықты бірінші кезекте адамның өзі
қалыптастыруы керек.*

Н.Ә.Назарбаев

Алғыс арқалаған азамат

 *Алғыс* – бір адамның, немесе көпшіліктің біреуге ықылас білдіруі, рахмет айтуы. Алғысты сөз бен немесе қимыл, іс-әрекет, заттай сыйлық беру, тіпті жақсы қарым-қатынас түрінде де білдіруге болады. Алғыс алу арқылы адам өзінің басқалармен қарым-қатынасын, өмірдегі орнын бағалай алады. Халқымыздың ежелден қалыптасқан ұғымында неғұрлым көп алғыс алған адамнан асқан бақытты жан жоқ.

Біздің сөзімізге арқау болып отырған жан бүкіл саналы ғұмырын халқының салауатты, сау-саламатты өмір сүруі үшін барын салып, сол адамдық, азаматтық ізгілікті істері үшін үнемі халықтың риясыз алғысын алумен келеді. Алдына қаралуға келген әр адамға ерекше мейірімін төгіп, жан шуағын сыйлауда. Өз ісін толық меңгерген, сауатты да мейірімді дәруіштің қолы шипалы, сырқаттың себеп-салдарын дөп басып қояды. Бәрінен бұрын жүрек жылуын айтсаңызшы.

Ол жырақта туып, өзге елде білімін жетілдірсе де, өзінің туған елін сүйді. Айнымас перзенті болып өсті. Сондықтан болар, туған еліне жан-тәнімен қызмет етуге серт еткен еді. Туған елі тәуелсіздігін алған тұста қуанышы қойнына

сыймай, қуаныштан көзден ыстық жасы төгіліп, ата-мекенге қарай қоныс аударған нөпір халықтың арасында бірегейі де өзі болды. Бірегейі деуімізге себеп – Қытай Халық республикасына қарасты Тарбағатай аймағының Толы ауданында туған азамат бөтен елде жүріп-ақ жалынды жастығын білім мен ғылымға арнады. «Үздік жас ғалым» атағын иеленіп, медициналық екі патенттің авторы, Шыңжаңның Күйтін елдімекенінде еңбек жолын бастап, Пекин, Тяньжин қалаларында білімін жетілдіріп, «Жоғары дәрежелі аға зерттеуші-дәрігер» деген мәртебесін де алып үлгерген еді. Ол жақта ес біліп, ержеткеннен қалыптастырған әдеби мен жүйесін, алған білімі мен жеткен жетістіктерін өзінің сүйіспеншілігіне ғана бөленіп тұрған, беймәлім туған елінде қайтадан басынан бастау сынағы тұрғанын жақсы білді, түсінді. «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» қағидасынан аттап кете алмаған ұлтжанды жан 1995 жылы отбасымен атамекеніне біржолата оралды. Ол оралыста да оған үкілеген үміттерін артып, Шыңжаңдағы орталық аурухананың бөлім бастығына дейін көтерілген маманның жағдайын жасап қайткен күнде де өз елдерінде ұстап қалуда болып отырған ҚХР-дағы мекемесі басшылығына жалған айтуға да тура келеді. «Дәрігерлік зерттеуімді жалғастыру үшін ғана барып-қайтамын» деген сылтаумен «әупірімдеп» жүріп, ол елден шығуға рұқсат алады.

Иә, Отан дегеніміз – адамның туған шаңырағы, ата-анасы, ағайындары, өскен ортасы, туған жері мен елі. Оған деген ерен ыстық сезім, ықылас жалпыадамзаттық қасиет, кез келген дұрыс ойлы адамда қалыптасатын табиғи сезім. Сол сезім адам бойында қаншалықты мықты болса түбі жеңіп шығады. Отанды сүю асыл дініміздің ұстанымымен тығыз ұштасып жатқан ұғымдар. Оған бір мысал Алла Елшісі (с.а.с.) Мәдина ша»арына қоныс аударып, сонда орнықса да, алғашқы туған қаласын әсте ұмытпай, Меккеге қарап тұрып: *«Сен мен үшін сондай қымбатсың,*

сүйіктісің. Егер де тұрғындарың сенен шығармағанда сенен басқа жерде тұрақтамас едім», – деп әрдайым сағынышпен еске алып отырған екен.

Отанына оралған, жігерлі азамат медицина саласы бойынша жан-жақты білім беретін бірден бір оқу орны С.Асфендияров атындағы Ұлттық Медицина университетінің Емдеу-хирургия факультетінің аспирантурасында білімін жетілдірді.

Білім-ғылымға деген құлшынысымен қатар, науқас жандарға нәтижелі, шуақты ем жасап жүрді. Ел арасында алтын ине салып түрлі аурудан айықтыра алатын жалынды жас емші туралы алғаш осы кезеңде айтыла бастады. Сол еңбегі бағаланып, өзгелердің арасында дараланып, 1998 жылы Халықаралық инемен емдеу академиясының академигі атанды.

2002 жылы академик, профессор, оған қоса кісілік келбеті мен ұстаздық ұстанымы да ерекше Аман Нұрмақовтың жетекшілігімен «Тибет медицинасы бойынша хирургиялық аурулардың және операциядан соң болатын қабыну үрдістерінің алдын алу және емдеу» атты ғылыми еңбегін қорғап, Қазақстан Республикасы медицина ғылымдарының кандидаты атағын алды.

2004-2007 жылдары бұрынғы ұстазы ҚХР академигі Суньнің жетекшілігімен Шығыс-Тибет медицинасы бойынша докторлық диссертациясын қорғап шықты.

Сол 2004 жылы өзі бас болып ине салу арқылы емдейтін (ғылыми терминде акупунктура), біздің ата-бабамыздан келе жатқан емшілік дәстүрмен ұштасқан, терең ғылыми негізі бар «Шығыс-Тибет медицина орталығын» ашты.

Ол денсаулық сақтауға байланысты өз білімін үнемі жетілдірді. Медициналық ғылыми кітаптарға, оқулықтарға жиі-жиі үңілді, ой қорытты. Содан да болар, 2009 жылы халықтың медициналық сауатын көтеруді, әртүрлі айтып келмейтін кеселдерден сақтандыруды, жадымыздан өше бастаған таптырмас халық емдерін қайта жаңғыртуды,

ұлттың рухын көтеруді, өз елінде әлі толық мәртебеге ие бола алмаған ана тілінің мәртебесін көтеруді, имандылыққа бастауды мақсат етіп, «Жас-Ай» республикалық медициналық журналының тұсауын кесті. Журналға қатысты маңызды істердің ұйтқысы да өзі болды.

Тынбайтын, үздіксіз ізденуді мұрат еткен жан 2006-2009 жж. Қазақстан халық емшілері қауымдастығынан «Халық емшілігін дамытуға қосқан үздік үлесі үшін», «Халық медицинасы мен рухани тәрбие қызметіне қосқан жеке үлесі үшін», «Халықтың денсаулығын жақсартудағы емшілік қызметіндегі үздік жетістіктері мен нәтижелері үшін», «Шығыс-Тибет медицинасының білгір ғалым екендігін дәлелдегені үшін» т.б. құрмет, марапат белгілерімен жыл сайын марапатталып отырды.

2006 жылы «Үздік дәрігер», 2007 жылы Денсаулық Сақтау министрлігі «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» атағына лайық деп таныды.

Сол 2007 жылы Халық медицинасы және ғарыштық қуат академиясына мүшелікке өтіп, «Халық медицинасы мен емшілік қызметінің ғылыми жағынан дамуына қосқан үлесі үшін» дипломымен марапатталды.

2008 жылы «Алтын жүрек» иесі атанды.

2009 жылы Тараз қаласында өткен қазақ емшісі Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы атындағы VI Халықаралық конгресте «Үздік зерттеуші-ғалым, емші» деген атақ алды.

2010 жылы Еуропалық бизнес академиясының номинациялық комитеті мен Вена қаласының Халықаралық ғалымдар кеңесі ТМД-дағы 15 мемлекет пен Еуропаның 7 мемлекетіндегі ғалым-қайраткерлерді таразалай келе 30 адамды ерекше деп таныған. Соның бірі болып, қазақ елінің атын айдай әлемге паш еткені тағы бар. «Вена қаласының Халықаралық университетінің құрметті профессоры» болуда ешқандай таныс-білістік, жерлестік, руластық жүрмейтінін кім болса да іші біліп отыр. Бұл тек адал еңбектің, терең білімнің құрметке бөленуі.

Ол адамның біз білмей қалған бұдан басқа да құрмет, мақтау белгілері, атақтары мен дәрежелері бар болуы мүмкін. Ал оның алдына келген науқас жанның ауруының емін білмей, шарасыздықта болуы мүмкін емес. Әрқашан солай болуын тіледік.

2004 жылы шаңырағын тіктеген шағын ғана орталық 10 жылдың ары-берісінде үлкен ордалы орталыққа, 2009 жылы жарық көрген журнал бірегей, дара басылымға айналды. «Еңбекпен өткен, табысқа жеткен 10 жылдың» қорытындысы 2014 жылдың 3 желтоқсанында Ө.Жолдасбеков атындағы 1500 адамдық Студенттер сарайында атап өтіліп, торқалы рәсімі мерекелік дастарқанда жалғасын тапты.

Бұл сол адамның көзге көрініп, тасқа басылып жатқан жүріп өткен, өзгелерге үлгі болуда таптырмайтын өмірлік жолы. Ал осы жолда үлкен белесті бағындыру қаншама ішкі күшті, кедергілерді жоюды қажет етті десеңізші. Бұл алдымен Аллаға, одан соң әңгімемізге арқау болып отырған жанның өзіне ғана аян. Жаны жайсаң жанның ұжым арасындағы беделін, ықпалын, көпшіл, кішпейіл жан екенін басқалар да мойындады.

«Жас-Ай» мекемесі өткізетін сан-алуан қоғамдық жиындар, жалпы қоғамға ой тастайтын идеялары, өткір пікірлері мен азаматтық белсенділігіне туған елі тәнті болуда. Еліміздегі тыңнан жол сала алатын, жарқын бастамалар мен жұрт игілігіне жарайтын ерекше ем жүйесін елімізге ендірген азамат бастаған істерін толық бітіретін, ел алдындағы уәдені қайтсе де орындап шығатынын осылай дәлелдеуде.

Алған бетінен қайтпайтын, азаматтығын бәрінен биік қоятындығына мысал ретінде соңғы уақытта мұқтаж жандардың ем алуына жағдай жасап жатқан 5 қабаттық медициналық орталығын айтуға болады. Негізінен алғанда, медициналық орталықтар мемлекет қаржысына салынады. Сондай орталықтар салынып, оның салтанатты ашылу

тұсында өздерінің қаражаты кеткендей басшы-қосшылар жапырлап келіп, даурыға сөйлеп жатады. Мемлекет қаржысының орта жолда оңды-солды шашылып кететіні тағы бар. Бұл енді басқа әңгіме.

Былайша айтсақ, дүние-мүлкін банктерге кепілге қоя отырып, несие алып бел байлап, тәуекелге баруына не себеп, қандай мәжбүрлік? Қазіргі түрлі экономикалық дағдарыс кезінде сұмдық үлкен қауіпке яғни, алған ақшасын уақытында қайтара алмаса бәрінен айрылатынын біле отырып белін бекем бұды. Сол кеткен қыруар қаржыға өзіне, болмаса бала-шағасына арнап зәулім-зәулім үй салып та «есебім түгел» деп қарап отыруына болар еді. Өзге елде жүріп, өз елінің бір кірпіші болуды армандап, басын бәйгеге тіккен адам қолынан келетінін біле отырып «үлкен қадамға бармауым – туған елімнің алдындағы борышым орындалмай қалатындай» деп түйді. Өзінің игілікті ісі уақыты келгенде бағасын алады деп білді.

Иә, өкінішке орай, мемлекеттің жалпы халыққа ортақ қазанының қаржысын тек жапырып алуды, жеуді, қарапайым халықты алдауды, тонауды білетін, сосын шетелге тұра қашатын сатқындар көбейген аласапыран уақытта дәл осындай ұлтын шын сүйетін, мәрт, нағыз азаматтардың бар екеніне шүкіршілік етеміз. Олар аз болғанмен, көпті сүйсіндіреді, жол бастайды, сөйтіп өздері ел ағаларына айналады.

Көп жағдайда біеуді халыққа таныстыру үшін алдымен оның аты-жөнін айтып барып, еткен қызметіне тоқталамыз. Ал манадан бері тынымсыз тірліктері мен өлшеусіз еңбектерін тізбелеп отырғанымызбен, кейіпкеріміздің атын бір де бір рет атамаппыз. Дей тұрсақ та, көзіқарақты кезкелген оқырманымыз ол азаматтың – Жасан Зекейұлы екенін іштей біліп-ақ отырған болар.

Енді Жасан Зекейұлының табиғи, адами болмысы мен өн бойындағы өзгешеліктеріне аз-кем тоқталсақ. Халық алдындағы абыройды, құрметті сатып ала алмайсың.

Сондай-ақ, елдің алғысын, көптің батасын алу – кез келгенге бұйырмайтын сыбаға. Адамның қадір-қасиеті өзі өмір сүрген ортада істеген қызметі, жүрген жүрісі, адамдық қасиетімен өлшенері даусыз.

Қасиет те, қабілет те адамның бойына туған ата-анасынан, тіпті бабаларынан даритыны анық. Бірақ өмірдің соқтықпалы-соқпақты бұралаң жолдарында соны бәз-баяғы қалпында ұстап отыру да керек. Ол кісінің күрмеуі көп қандай істе, қандай жағдайда да қара жердей сабырлылығы – құдай берген бір ерекшелігі. Ширыққан жағдай туа қалса, оның ақ-қарасын анықтап, байыбын анықтап алмай байлам жасау, артық-ауыс ұсақ-түйекті әңгіме ету ол кісіге жат нәрсе. Ақылдылығы мен табанда жол табатын тапқырлығымен кез келген даулы мәселе оп-оңай шешімін тауып кете барады. Сондықтан да кез келген топта, жұмыс істеген ортасында, тіпті емделушілерімен де осы қалпынан танбайтынын айналасындағы ел түгел біледі.

Халқымызға тән ерекше бір бауырмалдық пен мейірімділік оның тұла бойына құйыла қалғандай. Отбасы мен алыс-жақын әулетінің мүшелерінен басқа, алдына көмек сұрай барған кез-келген жанға жан шуағын әсте аямайды. Адамгершілігінен аттамай, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, мұқтаж жандарға, әсіресе жетім-жесірлерге қолдан келгенше көмектесіп, тегін ем жасап, қаржылай да көмек көрсетіп жатқаны сөзімізге дәлел. Материалдық, моральдық тұрғыдан да ондай жандардың алғысы мен ризашылықтарын алу арқылы өзінің мерейі де үстем болып жатыр.

Ешқашан өтірік сөйлемеу және қолынан келмейтін нәрсеге уәде бермеу. Уәде етті екен – орындау. Бастаған істің сапалы орындалуын қадағалауға көп мән беріп, тек осылай халықтың сенімінен шығуға болатынына көз жеткізген.

Өйткені, ол еңбек жолын қарапайым қызметтен бастады. Бірден дайынға тап болған жоқ. Өз саласындағы қызметтік баспалдақтардың барлығынан өтіп, еңбегімен көтерілді.

Әр жеткен жетістігі тек адалдыққа негізделгендіктен таза еңбекпен, маңдай термен дүние табу ғана үлкен береке әкелетінін әрдайым есте ұстайды.

Өзі туралы мақтанып сөйлегенді емес, керісінше, кімнің кім екенін, бағасын халық беретінін санасына мықтап түйгендіктен: «Сабыр түбі – сары алтын», «Сабырсыз сырын алдырар» «Кең болсаң, кем болмайсың» деген қанатты сөздерден өмірлік ұстанымын алған. Сондықтан, бұрынғы өткен Аяз бидей асып-таспай, әрдайым қарапайымдылығын сақтаумен келеді.

Бұған қоса, елдің жылы пікірін естігенде қашан да жүрегіне нұрлы сезімдер ұялап, ерекше күй кешкенімен, аяғын шалыс басуға хақы жоқ екенін қоса сезінеді.

«Жігітке жеті өнер де аз» деген ғой халқымыз. «Сегіз қырлы, бір сырлы» Жасан Зекейұлының тағы бір қыры өнердің қандай түрі болмасын мәніне түсініп, бағалай алатындығы. Өзі де қолы қалт еткенде, достарымен бас қосқанда қолына баян аспабын алып, қоңыр даусымен айналасын жадырата ән салады. Оның бұл көпшілік біле бермейтін қырына Ө.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында өткен мерекелі шарада жиналған көпшілік тәнті болғаны бар.

Қазіргі материалдық байлық қана үстемдік етіп отырған уақытта ешкімді барлықпен, билікпен таңқалдыра алмайтын мына аласапыран дүниеде осыншама ізгі қасиеттерді бір бойына жинап, үнемі ізденісте жүретіндігі де халыққа, келер ұрпаққа өнеге.

Халқымызда: «*Отанды сүю – иманнан*», «Отан отбасынан басталады» деген аталы сөз бар. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) «Барлығың жауаптысыңдар. Басшы еліне, отағасы отбасына, малшы малына жауапты. Әркім өз қарамағындағылардан сұраққа тартылады», – деген. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Біздің бір ғана Отанымыз бар. Ол – Тәуелсіз Қазақстан!» – деп бұл ойды түйіндеген еді.

Дәрігердің парызы аялы алақан, сырқаттың жәй-жапсарын анықтап, дәлме-дәл ем жасауға нұсқау беру.

Сонымен қатар өз туған жерінің саф ауасын тыныстап жүріп ем алудың да біз байыбына бермейтін тылсымды тұстары бар. Ине терапиясымен сапалы ем алу үшін шетел асып мол шығынға бату, түрлі қиыншылықтарды бастан кешіру кезінде алған емнің қона қоюы да екіталай. Осы мәселені түгел шешіп, шығыс-тибет медицинасында ем алу мүмкіндігін халқына сыйлаған адамға шынымен де халық алғысы шексіз. Әрбір адамның табиғаты туған жерімен тығыз байланысты. Сондықтан да оған туған жердің ауасы да, топырағы да дертке дәру.

Сөзімізге дәлел ретінде Пайғамбарымыз (с.а.с.) науқасқа дұға жасағанда: *«Алланың атымен. Жеріміздің топырағы, аузымыздың суы. Ауруымыз Раббымыз қалауымен жазылсын»*, – деп саусағын сілекейімен ылғалдап, туған жердің топырағына тигізіп, науқастың ауырып тұрған жеріне басып, дұға жасағанын айтуға болады. Ендеше туған жерде жүріп емделу де ұлық Пайғамбарымыздан (с.а.с.) қалған сүннет.

Дәрігерлік моральдік-этикалық ант мәтінін жазған Гиппократ та «Адамзатты табиғат емдейді. Дәрігер – табиғаттың көмекшісі ғана» деген тұжырым жасаған.

Бұл материалдың жазылу барысында Жасан Зекейұлының өзімен де сұхбаттасуды жөн санадық. Өзі бір көшін бастап тұрған медицина саласының дәл қазіргі тұстағы кейбір өзекті мәселелері жайында да сөз қозғалынды. Енді сол сөз болған жайттар туралы Жасан Зекейұлының саралаған ойларына назар салсақ.

«Қазіргі динамикасы өте жоғары ХХІ ғасырда бұдан бұрын кездеспеген түрлі дерттер адамзаттың алдында кесе көлденең жатыр. Экология, ядролық жарылыстар, адамның өзіне өзі тауып алатын арақ-шарапқа әуестік, шылым мен нашақорлық, құмар ойындары тудыратын кеселдер, семіздік дерті өз алдына. Түрі мен дамуын өзгерткен эпидемиологиялық жұқпалы аурулар тағы бар. Туа біткен генетикалық аурулар, балалар сал аурулары айта берсек толып жатыр.

Мұның бәрі қазіргі уақытта дәрігерден терең білімділікті, сезімталдықты, байқампаздықты, аңғаруы мен түйсігі мол болуды талап етеді. Егер дәрігерде мұндай қарым-қабілет болмаса сырқаттың түрін дер кезінде анықтап, ем жасарда қателік салдарынан түрлі қиындықтар туы әбден мүмкін.

Иә, қай ғасырда болмасын халқымыз емшісіз, тәуіпсіз болмаған. Елдің бағына ондай адамдар ұрпақ ауысқанмен бұрынғы сара жолға дақ түсірмей жалғастырды. Бірақ халық емінің негізіндегі көптеген құпиялар мен тәсілдерден түрлі саяси жағдайлар тудырған қысылтаяң кездерде қол үзіп қалдық. Біз сол үшін де ел арасында халық емшілері қолданған табиғи ем түрлерін тауып, аныққанығына көз жеткізіп барып, «Жас-Ай» медициналық журналына үзбей жариялап келе жатырмыз.

Одан беріде де дәрігерлер әрбір сырқатқа ерекше назар салып, аурудың неден, қалай басталғанын қазбалап сұрап, тамырын ұстап, зертханалық тексерудің қорытындысына қарап, терең ойланып, талдап, қиналған кезде әріптестерімен ой бөлісіп, бір шешімге келіп, ауру диагнозын анықтап, емдом жүргізетін. Қалай болғанда да тіпті бұдан 20 жыл бұрынғы уақытта да медицинада дәл қазіргідей диагностикалық аппараттар (фиброэндоскоптар, ультрадыбыстық зерттеу құралдары, МРТ, ЭКГ т.б.) қолданыста жоқ еді.

Бірақ білікті, өз ісіне ерекше жауапкершілікпен қарайтын қауым ілуде бір қателесіп жататын. Өнішке орай, қазір бәрін аппаратқа байлап тастадық. Ғылыми-техниканың жетістігіне ешкімнің қарсылығы жоқ. Бірақ адам қолымен жасалған кез-келген аппарат көрсеткен нәтижені бірнеше қайтара тексеріп, сондай науқас түрлерімен салыстыра қарау жағы азайып барады. Жан-жақты тексеріп алмай диагноз қою – қате ем жасауға апаратынын дәрігер қауымы ешқашан естен шығармауы абзал.

Тағы бір өкінішті нәрсе. Қазіргі уақытта теледидарды, не радионы, болмаса интернетті қоса қалсаңыз тек әншілерді, шоумендерді көресіз. Күндіз-түні даңғаза әуен,

жеңіл мәтіндер т.б. Бұқаралық ақпарат құралдарында соңғы кезде «шоудан да әбден шаршадық-ау» деп жабыла жазып жатқаны да содан. Елімізде одан басқа насихаттайтын мамандық иелері жоқ па сонда?

Көбіне адам өміріне төнген ажалмен бетпе бет айқасатын жандар туралы теледидардан кім соңғы рет қандай тұщымды хабар көргенін айтып бере алады екен. Айта алмайсыз. Оның орнына шынымен дәм-тұзы таусылып, абзал жандар қолынан бар келгенін жасаған тұста да о дүниелік боп кеткен немесе жарымжан болып қалғандар бар болса соны тауып алып, істің ақ-қарасын ажыратпай жатып, білімсіз, жауапсыз дәрігердің кесірінен болды деп айғай-шу көтеріміз.

Күніне жараланып, тұмауратып, вирустық аурулардан республика ауруханаларына сан мыңдаған науқас түседі. Егер қазіргі ақпарат құралдары «қасапшыға», «жемқорға» айналдырып қойған дәрігерлер жұмыс істемесе солар ауруы асқынып мүгедекке, не өмірімен біржола қоштасып кете беретін еді ғой. Ертелі-кеш халыққа ең жақын теледидардан дәрігерлерді қарақан басын ғана күйттеп, қаражат табуды ғана ойлайтын етіп көрсете беруді тоқтату қажет.

Мұндай хабарлар халықта қай бір жақсы ой туғызсын? Еліміздегі медицинаның қай түрі болсын елімізде қалай дамысын? Қай жас өскін өзін ел сенудің орнына қаралайтын адам ретінде көргісі келеді. «Арманым – дәрігер болу» дейтін ойдағы ұрпақты содан кейін қалай өсіре аламыз? Міне, бұл тереңнен ойланатын мәселе.

Қүдіретті жаратушымыз жер бетіндегі әрбір пенденің алақан сызығын да бір-біріне ұқсамайтын етіп жаратқандықтан да жалпы ұқсастық орын алғанымен әр адам өзінше индивид. Оның ішінде аласы да, құласы да болуы заңдылық. Бірақ өзін емдеп жазады-ау деген жанға деген халықтың сенімі мен құрметі басты орында болуы керек. Қазіргі қоғамымызда көп айтылып жүрген басты мәселенің бірі өзіміздің қаракөз қандастарымыз қоныстанған ауыл-

дық жерлерде дәрігер мамандығының кез-келген түрі тапшы. Өркениетті елге айналу үшін де ең басты байлық – ұлт саулығы. Сол саулыққа кепіл болатын жандардың мәртебесі биіктемейінше бұл салада даму да кешіге береді. Адам жанының арашашысы болып жүрген жандардың мәртебесі жоғары болған сайын ұлт саулығы да арта түспек. Жақында интернет сайттарының бірінен періште жүректердің мынадай тамаша ойларын оқыдым. Павлодар облысы, Баянауыл ауданындағы 3-сынып оқушысы Сәбина Төлешова: «Арман адамға қанат бітіреді» деп тегін айтпайды. Адамның арманы көп болады. Менің де алдыма қойған мақсатым көп. Ең алдымен дәрігер болғым келеді. Мектепте жақсы оқып, дәрігердің оқуына түссем деп қиялдаймын. Ауырып жатқан адамдарды емдеп, дәрі беріп, ине салып, сауықтырсам, бәрі маған қызыға қарайтын болады. Әрі көп адамдардың батасын да алар едім. «Батамен ел көгереді» дейді. Көп бата алсам, өмірде жолым оңғарылып, білікті дәрігер боламын. Медицина ғылымымен айналысамын. Менің ауылымда тіпті сырқат адам болмас еді деп армандаймын. Мен өскенде дәрігер боламын!» десе, Ақтөбе қаласы №32 мектеп-гимназияның 4-сынып оқушысы Нұрдәулет Ізбасаров: «Мамандық – анамның жолы. Мен дәрігер болғым келеді. Маған осы тандаған мамандығым ұнайды. Болашақта жақсы маман иесі атанғым келеді. Қазақстан медицинасын дамыту үшін қызмет жасаймын. Халықтың дені сау болуына өз үлесімді қосамын. Отбасымда анам – дәрігер. Анамның жолын қуып мен де дәрігер болғым келеді. Маған ешкім сен дәрігер бол немесе басқа маман иесі бол деп айтқан жоқ. Бұл – өзімнің жүрек қалауым», Қызылорда қаласы № 9 Н. Ильясов атындағы мектеп-гимназияның 2 сынып оқушысы Бекзат Бибісара: «Мен болашақта дәрігер болғым келеді. Себебі, мен адамдарға көмектескенді, денсаулықтарын тексергенді ұнатамын, соның ішінде балалар дәрігері болғым келеді. Өйткені, мен кішкентай балалардың дені

сау болып жүргенін қалаймын. Әсіресе ата-анам, інілерім сау болып жүрсе мен де жақсы боламын. Меніңше дәрігер болу менің қолымнан келеді. Мен өзіме сенемін!»

Яғни, біз осындай армандары бар азат ойлы ұлдарымызға мүмкіндік беруіміз керек. Оларға қамқор болып, әрдайым қолдауға алуымыз керек. Жастайынан елім дейтін кішкене жүректердің үлкен арманының орындалуы үшін демеу жасасақ болғаны. Сол үшін адам жанының арашасы болатын дәрігер мамандығына мәртебесі мен қажеттілігіне, күрделілігіне байланысты дұрыс насихат жасалуы тиіс. Және мұндай ұлдарымыздың ел ішінде көп екеніне шек келтірмеймін.

Ал соңғы уақытта бір байқағаным дәрігерлік мамандығын таңдап оқуға түскендердің 30 пайызы оқып жүргенде-ақ, жұмысқа жолдама алған тұста тағы да 30 пайызы өз мамандығын тастап кетеді екен. Әрине біреу өз қабілетінің бұл салада кем екенін байқар, кейбіреу білімі мен біліктілігін ұштай алмай жатар. Дер кезінде науқас адам алдында үлкен жауапкершілігі бар бұл қызметтің күрделілігін, қиындығын ұғып, ой таразысынан өткізіп, жүрек қалауын түсінген олардың бұл ісі орынды болар. Бірақ 60 пайыздық мөлшер тым көп екеніне ешкім дау туғызбас. Мұның басты бір себебі дәрігерлер қауымының әлеуметтік жағдайының ауыз толтыра айтуға тұрмайтынынан. Аз ғана қаражат үшін кезекшілікпен жұмыс істеу, көбірек табыс табам деп екі-үш жерге тіркеліп титықтау, отбасына да толық өзін арнай алмау т.б. себептерден шаршап-шалдыққан маманнан не талап етуге болады? Сондықтан да ақ ниетті абзал жандар туралы өзекті мәселені тіпті биік мінберлерден, заң шығарушы органдардан айтатын уақыт жетті деуге болады.

Бұрындары да айтып жүрген бір ойым әр адамның денінің сау болуы өзінің ұлттық тілі мен дініне, дәстүріне қаншалықты терең бойлағанына тікелей байланысты. Мысалы, жапон елінде біздегідей көше бойлай қаптаған дәріханаларды көрмейсіз. Бұл ол елдің адамдары ауыр-

майды дегенді білдірмейді әрине. Шығыс философиясында ауруымен күресіп, оны жеңбеген адам барлық жағынан әлсіз адам деген ұғым бар. Сондықтан да олар халық емдерін қолдана отырып, (оның ішінде ине терапиясы да басты орында) сауығып алады. Сондай-ақ, денсаулықтары мен биологиялық жақтан ұзақ жасау рейтингісінде шығыс елдері көш басында екені барлық жұртқа аян. Көшеде, жұмыста, отырыстарда ұлттық саз тыңдап, тек ана тілінде ғана сөйлесіп, ұлттық тағамдарды тұтыну бұл генетикалық қажеттілік. Егер осы жайттар біздің елде де сақталса дені сау болып ғұмыр кешу мен ұзақ жасаудан алдыңғы қатардағы елдердің легінде тұрар едік».

«Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек, жігітте де жігіт бар азаматы бір бөлек» деген ғой дана халқымыз. Сондай азамат жігіттің ойлары да бөлек екеніне осылайша көзіміз жетті. Ақын Мұқағали Мақатаев «Болашақ дәрігерге» деген өлеңінде:

*«...Жолың болсын, бара ғой, айналайын,
Айналайын, қорғаушым, қарғадайын!
Кәсібіңе мен сенің басымды ием,*

Басымды ием, несіне арланайын...» - деп басын иген мамандық иелерінің мәртебесі насихаттаушысын тапса әлі-ақ өз деңгейінде болары сөзсіз.

Болашақ мамандығын үлкен өмірге деген арманда-рымен ұштастыратын, кәсіби білімді, біліктілігі кемелденген абзал жандар легі осындай жанашыр көшбастаушылар арқасында үнемі бар болып, жалғаса бермек. Бұл үмітті үрлеп, сенімді жалғайтын берік дәнекер.

10 жыл уақыт ішінде халықтың батасын алып, риясыз алғысына бөленіп жатқан орталық басшысының әлі де халқына берері көп. Бар болыңыз, нар болыңыз! Арқалаған алғыстарыңыз қашан да өмірлік жолыңызға нұрын шашары сөзсіз!

Жанна ИМАНҚҰЛ

I бөлім

Күрек
сөзі





*Дәрігердің ауруды емдеуге үш құралы бар –
сөз, емдік шөптер, пышақ.*

Ибн-Сина (Авиценна)

ЕЛГЕ БІЛІМДІ ДЕ БІЛІКТІ ТЕКТІ ЕР ҚОСЫЛСА, ТЕҢДЕСІ ЖОҚ ҚҰТ ҚОНАДЫ

*(Қытайда туып, әке мұратын, ана парызын
атажұртында өтеу үшін оралған жаны жайсаң
Жасан Зекейұлы жайлы сыр)*

«Денсаулық – зор байлық». «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» деп күні-түні жатса да, тұрса да бар ғұмырын зарлаумен өткізеді исі қазақ. Бәрі дұрыс. Ешқандай да қатесі жоқ.

Әлбетте, осынау айтулы үш байлық кез келген қазақтың жаны мен тәнінің тазалығына, жан-жақты сауаттылығына, салауаттылығына тікелей байланысты екенін түсіне береміз бе? Әу баста, Ұлы Жаратушы өзінің әрбір пендесіне 120 жасқа жетерлік мол денсаулық берген екен. Бұл – шындық. Бірақ бұл күнде көп адам ауру, тіпті ананың жатырында жатқан бала да ауру. Неге? Кім кінәлі? Бұның шынайы сырын кім ашады?

Жалпы, кез келген адам қандай байлықты аңсаса да, оған қапысыз қол жеткізе білу үшін ең алдымен өз тағдырын өзі ұтқыр шеше білу керек. Ең бастысы, жан-жақты сауатты да білімді болып, өз денсаулығына

қорған бола білу әрі не нәрсенің болса да алдын ала білу шарт. Сонда ғана адам аңсаған арманына қол жеткізе алады. Жасан мырзаның «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде!» деген ұлы қағиданы үнемі күнделікті басшылықта ұстануы осыдан. Бір мысал:

– Еврей аурудың алдын алу үшін күні бұрын ауруханада міндетті түрде бірнеше рет тексеріліп тұрады;

– Орыс сырқатынан айығу үшін ауруханаға барып, мұқият емделеді;

– Ал қазақ ауруханаға өлуге таяғанда барады. Сонда бұл қазақтың сүйегіне сіңген нендей қасиет? Бұндай аждаһалы қасіретке түбегейлі құлаудың себепсалдары қандай? Ешкім оған үңіле де бермейді, оған бара да алмайды. Өйткені сауаттылық жоқ. Екіншіден, жауапсыздық. Үшіншіден, ортақ ұлттық мүдде үшін өмір сүре білу, ұл-қыздың болашақ бақыты үшін шын мәнінде адал бола білу, жанын қияр күйде қорған бола білу ұғымы қалыптаспаған.

Бұл – ұлы ата-бабаларымыздың әлемде теңдесі жоқ генофондық асылдығынан да, жеңімпаз қаһармандық құндылығынан да, өзге ұлт-ұлыстардан шоқтығы асқақ жасампаз талғампаздығынан да бүгінгі қазақтың көз жазып қалғандығының белгісі. Өйткені үш ғасыр, яғни үш жүз жыл бұрын қазақ генофондық тұрғыдан келгенде әлемде теңдесі жоқ ұлт болғаны сөзсіз. Сонда бүгін қазақ не істеу керек?

«Демі бардың емі бар» демекші, кеудесінде жаны бар, бойында әлі бар, өмірге деген құштар шоғы бар қазақ жаппай құлшына емделу керек. «Жүзден – жүйрік, мыңнан – тұлпар». Шипалы қолды, әрі ағартушы, әрі қамқоршыл Жасан Зекейұлының қасынан қазақ табыла білуі қажет. Біз бүгін Құдай бұйыртқан мол мүмкіндік пен озық өзгешеліктердің 10 пайызына да ие бола алмай отырмыз. Сол себепті, ең алдымен, қазақ пештің түбінен шығармай жоятын көрсоқырлық, надандық,

енжарлық, бейқамдық, жауапсыздықтан тезірек түбегейлі арылуы қажет. «Дәрігер емдеуге міндетті» дейтін кесапатты құлдық психологиядан арылған жөн. Өзін ақылды санайтын кез келген адам өзін-өзі емдеу, аурудың алдын алу, сауаттану сияқты дәрігерлік дәрежеге қол жеткізе алса, ол адам әрі бай-қуатты, әрі бақытты болмақ. «Енжарды жанға санама, есекті малға санама» деуі осыдан.

Қалай дегенде де, қалауын тапса – қар жанады. Олай болса, дауасын тапса, шипасы дарыса жазылмайтын дерт те жоқ, емделмейтін індет те жоқ. Осы ретте адамның ағзасындағы 700 нүктенің сырын, 12 мүшенің тілін, адамның күллі организмі анатомиялық, физиологиялық, биологиялық біртұтастықта дамудың табиғи үрдістік ілімін, Қытай Шығыс-тибет медицинасының ұтқыр, озық әдіс-тәсілдерін жетік меңгерген білімді де білікті, жаны да, қолы да, сөзі де текті шипагер-дәрігер, Халықаралық инемен емдеу академиясының құрметті мүшесі, медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының бас директоры, қажырлы, қайсар қайраткер Жасан Зекейұлының жан-жақты сауаттылығы, халыққа, әсіресе, қазаққа шынайы жанашырлығы жайлы әңгіме қозғай білудің өзі – ең үлкен ганибет.

Су төгілмес жорғадай оның шешендік жылы сөзі, айдай жарқын келбеті, ұлттық құндылық жайлы озық ойы, қазақ халқының келешегіне қатысты өткір түйіні, қоғамдық құрылымға байланысты өзекті қорытындысы, мемлекеттік, елдік, ұлттық проблема хақысында азаматтық асқақ позициясы, ұлттық тәлім-тәрбие, тіл, дін, ділге байланысты көкейтесті мәселелері, қысқасы, қай салаға салсаң да жанды еріксіз жылытады, көңілді еріксіз жадыратады. Ал ешкімге де кіріптарсыз тәуелсіз азат елдікке қол жеткізе білу жайы Жасанды ерекше

қанаттандырады. Адамның миллиардтаған клеткасын шипалы инемен оята білу, жан-тәніңді серіппедей серпіліске түсіре білу, бойдағы бар қуат-жігерді сілкініске түсіре білу, көңіл-күйді жаздай жадырата білу сиқыры – нағыз таңғажайып ертегі іспеттес.

Сол себепті қазақ болып туғың келсе, тек Жасанша туыла білу керек деген асқақ сезім таңдай қақтырады. Бұндай сәтте құдіреті күшті Алла Тағала Жасан жан-бауырымды тіл-көзден, пәле-жаладан сақтай көр деп қайта-қайта іштей қайталаудан артық ұтымды амал таба алмай қаларыңды қайтерсің.

Олай болса, Жасан Зекейұлы қазақтың бар жан-тәнін жан-жақты серпіліс пен сілкініске түсіре білер шипалы жан жылуымен, сезімтал алақанымен көмек іздеген сырқат жандарды әрдайымда сауықтырудың ең өнегелі, ең бақытты биігіне жеткізе берсін.

Тек жаңаша жарық жұлдыздай жарқырауды, тек жаңаша жарылқауды ғана ұлы мақсат-мұрат тұтқан Жасан, сіздің ең өнегелі, ең өсиетті қадамыңыз әрдайым құтты болсын! Ұлы Жаратушының сәулелі нұрына бөленіп, Қыдыр-Ата әрқашанда әрі қорғаушың, әрі қолдаушың болғай!

Олай болса, осынау мемлекеттік стратегиялық маңызы мен өмірлік мәні орасан зор ұлттық ұтқыр құндылық пен ұлттық жауапкершілікті қара нардай көтеруге белін бекем байлаған «Жас-Ай» журналының абыройы асқақ, мерейі үстем, жеңісті болатынына кәміл сенімдімін. Іске сәт!

*Матқан Молдағали,
жазушы, академик, қоғам қайраткері*



ШИПАГЕРЛІК ОРДАҢЫЗ ЕЛ АЛҒЫСЫНА ТОЛСЫН!

Құрметті Жасан Зекейұлы!

Сіз – шекара асып, Қытай елінің медициналық құпияларын өз Отанына алып келген, бүгінде халқының игілігіне қызмет жасап, денсаулық қорғаушысы атанған ақ халатты абзал жандардың бірісіз. Көмекке зәру жандарды шипагерлік орталығында сауықтырып, талайларды ажал аузынан аман алып қалдыңыз. Ине емінің қыр-сырын толық меңгеріп, еліміздің медицина саласына жаңаша бір леп алып келді десем, артық айтқандығым болмас.

Дәрігерлік, дәругерлік жолдағы жасаған әрбір қадамың сәтті болып, арман-мұраттарыңа жету жолында Алла Тағала өзіңе қуат берсін! Сондай-ақ халықты медицина саласындағы ақпараттармен құлағдар ету мақсатында жарық көріп отырған «Жас-Ай» журналының ғұмыры ұзақ болсын! Бес жылдық тарихы бар шипагерлік ордаңыз ел алғысына толып, Ұлы Жаратушының нұрына бөленіңіздер! Лұқпан Хәкімнің ұрпағы, ізбасары, халық құрметтейтін Жасан мырзаға Алладан ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілеймін.

*Қазақстан Республикасының
Халық жазушысы – Шерхан Мұртаза
07.04.2009 жс.*



*Дәрігер – арыстандай айбатты,
қыздай – икемді, анадай – мейірімді болуы керек.*

Гиппократ

АЛТЫН ИНЕ ЕМІНЕН КЕЙІН ҚАН ҚЫСЫМЫМ ОРНЫНА ТҮСТІ

Тәуелсіздік алғаннан кейін халық емі қолданыла бастады. Дегенмен халық санасында ине, яғни алтын ине қою деген аңыз секілді естілетін. «Соған барып емделсек екен» деп армандайтынбыз. «Алтын ине емін алып, жазылып кетіпті» деген сөздер жай ғана қауесет сияқты болатын. Халықтың қолы осыған жете бермейтін. Енді, міне, қандас бауырларымыз Тибет медицинасын шекара асырып, өз Отандарына алып келді. Жақында Парламент жиынында Тибет медицинасын көптеп ашу мәселесі талқыланды. Болашақта бұл медицина толығымен халық игілігіне қызмет жасайды деп сенемін. Өзім де жақында осы «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына келіп ем алып, қан қысымым орнына түсті. Халықты химиялық қоспасыз сауықтыратын алтын инелі орталықтың мамандарына және Жасан Зекейұлына айтар алғысым шексіз!

*Уәлихан Қалижан,
Қазақстан Республикасы Парламент
Мәжілісінің депутаты*



*Алла Тағала ем жібермей тұрып ешқандай
ауруды жібермейді.*

Мұхаммед (с.а.с).

ҚАДІРЛІ ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫ!

Сіз классикалық һәм Шығыс-тибет медицинасының қыр-сырын терең зерттеп, толық игерген ғалым дәрігерсіз. Сондықтан өз Отаныңызға оралып, Шығыс-тибет медицина орталығын ашқаныңызды туған еліңізге арналған үлкен қызмет деп санаймын. Шығыс-тибет медицинасы – адамзаттың мыңдаған жылдар бойы ғылыми-тәжірибелік зерттеулерінің негізінде қалыптасқан емдеу саласы. Оның көптеген құпия сырлары да бар. Бірақ ол кәдімгі классикалық медицинаға қайшы емес, керісінше, оны толықтырады. Орталық дәрігерлерінің адам денсаулығын сақтаудағы табыстары мол болсын!

*Мұрат Жұрынов,
ҚР Ғылым Академиясының президенті,
ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик*



*Егер денің сау болса, онда оны сақтамақ керек,
ал егер сау болмаса, онда денді сауықтыру керек.*

Әл-Фараби

ҚҰРМЕТТІ ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫ!

Шығыс-тибет медицинасының тәсілдері, соның ішінде ине терапиясы қазіргі медицинада кеңінен қолданысқа еніп отыр. Дегенмен бұл емдеу тәсілінің еліміздегі ғылыми зерттелу деңгейі әлі де жеткіліксіз. Сіз сол емді Қазақстанда толыққанды жүзеге асырып, инемен емдеудің жаңаша түрін қолданысқа енгіздіңіз. Шығыс-тибет медицинасы халқымызға тың тыныс әкелді, инфильтрат, анастомоздың қабынуы мен асқынуы сынды ауруларды емдеуде жақсы нәтижелер көрсетті. Мыңдаған жандарды ауруынан айықтырып, Шығыс-тибет медицинасының нағыз білгір, ғалым-дәрігері екеніңізді дәлелдеп келесіз! Медицинаны жаңа қырынан танытып, ғылым саласына сіңіріп жүрген ерен еңбегіңіз үшін зор алғысымды білдіремін!

*Тоқан Сұлтанәлиев,
А.Н.Сызганов атындағы хирургиялық орталықтың
директоры, профессор, академик*

*Дене құрылысының үйлесімін бірқалыпты ұстау
дегеніміз – тағам мен сусынды талғау, дәрет
тәртібін мұқияттау, киім мен ауа тазалығын
сақтау, дене мен рух бірлестігін естен шығармау,
ұйқы тәртібін бұзбау.*



Ибн Сина (Авиценна)

«ЖАС-АЙ» МЕДИЦИНАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ – еліміздегі денсаулық сақтау саласында бірегей орны бар институт

«Жақсы істің басына, жақсы келер қасына» демекші, орталықтың негізін қалаушы әрі бас дәрігері Жасан бауырымыз – бүгінгі таңда елінің елеулісі, халқының қалаулысы деген биік атақтың иегері. Жасан емші ретінде екі өркениеттің, атап айтқанда, Қытай медицинасы мен отандық медицина саласының жетістіктерін жете игерген, кісілігі мен тектілігі жарыса жүретін ірі маман. Айтса, айтқандай-ақ, Жасан Тибет медицинасының да білгір маманы. Жасаған емі шипалы, айтқан сөзі дуалы, елге берер ақыл-кеңесі де уәлі. Жасан тек ел ішінде ғана емес, шетелдерде де, әсіресе, денсаулық сақтау саласы аса дамыған Еуропа жүрегіндегі Австрия мемлекетінде де аса танымал. Вена университетінің құрметті профессоры, бүкіл әлемдік медицинаға қосқан ірі үлесі үшін берілген Сократ атындағы марапат-орденнің иегері.

Бүгінгі таңда «Жас-Ай» медициналық орталығы елімізде атағы кеңінен тараған, халық сүйетін де құрметтейтін институтқа, ал, орталық үздіксіз шығарып отырған «Жас-Ай» медициналық журналы халық аса

сүйіп оқитын басылымға айналды. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Жасан батыр мен «Жас-Ай» орталығына тек жақсылық тілеп, осы орталықтың жетекшісі мен білікті мамандарына ел мұратымен шығатын биік асулардан аса беріңіздер деген ниет пен ізгі тілек жолдаймын!

*ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, академик –
Әділ Ахметов,
29.07.2014 жыл*





*Тартыспен түскен, бейнетпен келген жақсылық
қана – шын мәнінде қымбат табыс.*

М. Әуезов

ТАМШЫЛАҒАН ЕҢБЕК ТЕЛЕГЕЙ ТЕҢІЗГЕ АЙНАЛДЫ

«Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» демекші, осында жақсылықтың жанашыры мен жаршысы, Жәкеңнің тигізген шарапаты, шипасы қонған азаматтар да келіп отыр ғой деп ойлаймын.

Кәсіпкерлігін биік дәрежеде танытып келе жатқан Жасан Зекейұлы, Сізді «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығының 10 жыл, «Жас-Ай» журналының 5 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, отбасыңызға, ұжымыңызға, алдағы атқаратын жұмысыңызға береке, табысты сәттіліктер тілеймін!

Сіз кәсіпкерсіз, бірақ та басқа кәсіпкерлерден айырмашылығыңыз – еңбегіңіздің ел алдындағы жауапкершілігі мол, жүктелген міндет үлкен. Анаңыздың сүтімен, әкеңіздің қанымен дарыған қасиетіңіз қазақ халқының ұрпағына, болашағына ғана септігін тигізіп қоймай, барлық адамзаттың денінің саулығына қызмет етсін деген тілек білдіргім келеді. «Теңіз тамшыдан құралады» демекші, дәл қазір тамшыдан басталған еңбектеріңіз телегей теңізге айналды. Сондықтан да, «Жас-Ай» Шығыс-Тибет медицина орталығының алдағы уақытта елордасы – Астана қаласында да өз қызметін бастамақшы жоспары бар екенін білемін. Сол жоспардың жүзеге асырылуына тілекшімін.

*Сәрсенбек Еңсегенов,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты*



*Жалты адам баласын жақсы көріп, оның
өмірі үшін күресу – ол үлкен жүректі
алыптардың ісі*

Илияс Есенберлин

ЖҮРЕГІ ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН ОРТАЛЫҚ

Бүгін біз «Жас-Ай» медициналық орталығының 10 жылдығы, «Жас-ай» журналының 5 жылдығы екеуі сәйкес келіп, қатар атап отырмыз. Еліміз егемендік алған кезінде Қытай елінде аспандап жүрсе де, бәрін тастап келген азаматтың бірі – Жасан болатын. Ешқандай офісі де жоқ, орталығы да жоқ, аядай ғана бір бөлмесінде екеуіміз танысып, алғаш рет мен ем алған едім. Ғалымдығы, емшілігінен бөлек, адами қасиетінің жоғары екендігі маған сол алғаш танысқан кезде-ақ белгілі болды. Мінеки, адал еңбегінің арқасында ол үлкен деңгейге жетті. Ол сонау ғылым мен білімнің ордасына айналған Вена қаласының халқына аса танымал жан. Сондықтан қазір Жасанның аты әлемге әйгілі десек, қателеспейміз.

Баяндамада айтылғандай, 10 жыл ішінде 50 мыңдай жанға шипа жасау – үлкен ерлік. Бір газеттен: «бір жарым миллиард халқы бар Қытай елінде ем жасағанша, аяқтан енді ғана тұрып келе жатқан қазағымды емдеймін» деген сөздерін оқығаным бар. Бұл – азаматтыққа лайық дүние. Медициналық жағынан болсын, рухани жағынан болсын «Жас-Ай» орталығы қашан да көш ілгері жүреді. Осы мерекеге қатысып, қуанышпен бөлісу үшін Астанадан әдейі ұшып келдім. Жасанға құтты болсын айтайық, «Жас-Ай» орталығы жасай берсін деп, мерейін үстем етейік деген тілекпен келіп отырмын. Бүгінде 10 жылдық мейрамы тойланып жатса, ертең 20-30 жылдықтары

жалғасын тапсын! Орталықтың келешегі зор, өйткені оның жүрегі халыққа жақын. Бүгінгі таңда емі жоқ деп саналатын ауруларға шалдыққан жандардың 80-90 пайызын сауықтыру сөзсіз, емшінің емшілігі ғой! «Емшінің жақсылығы – ауруға ауру қоспағаны» деген жақсы бір мақал бар. Ал, Жасан дәл соның иесі болып тұр. Жасан деген азан шақырып берілген есімінің өзі дұрыс қойылған. Жасан мен «Жас-Ай» деген ұғым көп жасауды, ұзақ ғұмырды білдіреді. Кім біледі, ертеңгі күні мың жылдық тарихы болатын шығар! Өйткені, зәулім орталығы Алатаудың етегінде асқақтап тұр. Сондықтан Жасанның жасаған дүниелері жасай берсін дегім келеді!

*Ғарифолла Есім,
философия ғылымдарының докторы,
профессор, академик*





*Тәттің ләззаты – саулығында,
Жанның ләззаты – білімінде.*

Фалес

ТІЛЕКШІҢІЗ КӨП БОЛСЫН!

Жасан Зекейұлы, қазақтың жанын да, тәнін де емдеп жүрген ел дәрігері, ұлт қамқоршысы! Адам денсаулығы, адамзат ағзасына қауіп көбейген, залалы артқан ХХІ ғасырда мұндай мәуелі миссияны адал атқару, халқына шапағатын шаша білу – нағыз азаматтықтың, ұлтжандылықтың ұлы белгісі деп білемін. Тілекшіңіз көп болсын деген игі тілекпен Ринат бауырыңыз!

*Ринат ДУМАНҰЛЫ – «Хабар» агенттігі
АҚ бас продюссері,
23.07.2014 жыл*

КӨП НАСИХАТ КЕРЕК!

Жасан ағамыздың ем әдістерін көріп, қазақ емін заманына сай үндестіре дамытып, жаңғыртуын құптаймын. Бұл тіпті зерттеуді қажет етеді деп ойлаймын. Мүмкіндігінше, осы ем түрі бойынша оқу орындарында бөлімдер ашу, телеарналар мен газет-журнал арқылы насихат жасап елге кеңінен танымал ету керек.

Жолыңыз ашық болып, мақсаттарыңыз орындала бергей!

*Бүркітбай Аяган,
Тарих институтының директоры,
т.ғ.д., профессор*



*Ұлтына, жұртына қызмет ету –
білімнен емес, мінезден.*

Әлихан Бөкейханов

ЕРЕКШЕ ОТАНСҮЙГІШ АЗАМАТ!

Өзінің Отанына, халқына келіп, арындаған патриоттық сезіммен әртүрлі ауруларды сауықтыруға арнап медициналық орталық ұйымдастырып бас-аяғы 10 жылдың ішінде 50 мыңға жуық жанды емдеп, оның ішінде 10 мың адамды ақысыз емдеп, елінің, халқының абыройына бөленген Жасан Зекейұлы – еліміздің, халқымыздың мақтанышы!

Шығыс медицинасының емдеу әдісінің қыр-сырын ең бірінші Қазақстанға енгізіп, талай аурулардың емдеу жолдарын қолдана отырып, халықтың алғысын алып келеді. Жасан Зекейұлы тек емші ғана емес, ғалым, академик, Халықаралық Сократ орденінің иегері, аты әлемге әйгілі тұлға. Жәкеңнің тағы бір ізгі ісі – алыс жерлерден келген науқастарға арнап арнаулы 65 орындық стационар ұйымдастыруы.

Бұл жерде елімізден бөлек, дүние жүзінің түкпір-түкпірінен ем алушылар келіп, денсаулықтарын қалпына келтіріп, ризашылықпен қайтып жатыр. Әсіресе, Қазақстанның алыс ауыл-аймақтарынан, Ресейден, Араб, Түркменстан, Қырғызстан, Австрия секілді елдерден де келіп емделген жандар қарасы көп. Жасан Зекейұлына, жанұясына, ұжымына үлкен табыс, шығармашылық ізденіс, халқына аянбай ете берсін деген тілегімді білдіремін!

***Н. Шорманов,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университетінің профессоры. 15.04.2015 жыл***



*Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым,
ар, мінез деген нәрселермен озады.*

Абай

«Жас-Ай» медицина орталығының бас дәрігері – ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫНА!

Мен – Ислам қажы Мырзабекұлы, жұбайым Зиба қажы Байманқызымен 13.04.2015-22.04.2015 жылғы уақыт аралығында «Жас-Ай» медицина орталығында ем-дом алып, сауығып, ауылыма қайтып бара жатырмын. Қазір 70 жастамын. Республикамыз бен одан тыс елдердегі сауықтыру орындарында әлденеше рет болдым. Бірақ, басқа орталықтарда дәл «Жас-Ай»-дағыдай әсерде болмадым десем, өтірік айтқандық емес. Орталықта жылы атмосфера қалыптасқан. Дәрігерлер мен орталықтың техникалық қызметкерлері сырқаттармен өте сыпайы қатынас жасайтындығына тәнті болдым.

Әлдебір кемшіліктеріміз байқалса ұрыспай, жекірмей жылы шыраймен түсіндіреді, түсінбесек қайталап түсіндіруден жалықпайды екен. Ғимараттың іші-сырты, бөлмелер іші, кабинеттер мұнтаздай таза. Тазалықшылар сырқаттардың ұйқыларын бұзбай, аяқтарының ұшымен басып, тиісті шаруаларын тындырып кетіп жатады. Орталықта емнен сәл қол босап қалса, рухани азық – кітап, газет-журналдар оқып, теледидар қарап, күнделікті өмірде болып жатқан жағдайлардан хабардар болып отыру мүмкіндігі мол екен. Орталықтағы ем-домның шипалық әсеріне келер болсақ, 4-5 рет ем-дом қабылдаған соң-ақ оңды нәтиже бере бастағанын айқын сезуге болады.

Мұнда жүргізілетін шығыстың қытай-тибет емінің жергілікті халықтың ем-домымен ұштастырыла жүргізілетіні көңілге қуаныш ұялатты. Атам қазақ айтады ғой, «мың қосшыдан бір басшы – артық» деп. Сол айтқандай, жоғарыда айтылып өткен және болашақта айтыла беретін «Жас-Ай» медицина орталығындағы игі істер орталық басшысы білікті дәрігер медицина ғылымдарының докторы, қайырымдылығы мен кішіпейілділігімен, көркем мінезімен ел құрметіне бөленген абзал азамат Жасан Зекейұлының арқасында іске асырылып жатқандығы дау тудырмаса керек. Жүзінен нұры төгіліп тұрған иманжүзді ел ағасы Жасанға еңбектерінде игі табыс, ұзақ ғұмыр, мығым денсаулық тілей отырып, сізге деген шынайы жүректен және ақ ниетпен тілек білдіремін!

*Ислам қажы Мырзабекұлы,
Атырау облысы, Жылыой ауданы,
Бекет Ата Ақмешімі.
15.04.2015 жыл*





*Қарны тойса қалғып сала бермейтін
ұрпақ керек.*

Ғабит Мүсірепов

ҚАДІРЛІ ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫ!

Мен, өзіңізбен және Мақсұт Нәрікбаевпен бірге Қытай елін аралап келіп едік.

Енді Құрбан айттың үшінші күні, Жасан Зекейұлы жайған ақ дастарқанның қонағы бола отырып, «Жас-Ай» сауықтыру орнында ем алып шыққан адамдармен сырласқан жайымыз бар.

Жұма қожаны (ақтаулық қожа) орталыққа 2006 жылы ес-түссіз, белден жүре алмай қалған қалпында екі кісі қолтықтап әкелген екен. Оның тамырын ұстап, ауруын анықтап, беліне ине салып үш күнде аяғынан тік тұрғызған.

Екінші адам – Құттыкерей Смадияр Жұматайұлы (атыраулық) әйелінің сүйемелдеуімен балдақпен келген екен. 10 күнде таяғын тастағаны жөнінде оның өз аузынан естіп, шындықтың куәсі болдым. Дастарқандасым ертеңгісін Атырауға өз аяғымен баратынын қуана айтты.

Міне, бұл Жасан бауырымызға Алланың берген қасиеті шығар. Берген емің шипалы бола берсін, келген адамның көңілін тауып, еміңнің қонымды болуына тілектестігімді білдіремін!

*85 жастағы қарт шежіреші,
Әбдікәрім Сыдықұлы,
06.10.2014 жыл*

*Байлық та, атақ та, даңқ та адамды
шын бақытты ете алмайды.
Дені сау кедей, ауру патшадан бақыттырақ.*



Сократ

ЖУРНАЛДЫҢ БЕРЕР ЕМІ КӨП БОЛСЫН!

Мен әскери еңбек етіп, зұлмат соғыс күндерін де бастан өткергендіктен, денсаулықтың қадірін жете түсінген жанмын. Денсаулық – адамның ең басты байлығы екенін ескере отырып, осы салада халыққа қажетті ақпарат бере алатын «Жас-Ай» секілді журналдың болуы заңды. Бұл басылымның да берер емі көп болсын!

Осыған мұрындық болып отырған Жасан Зекейұлын «Адам денсаулығының маршалы» десем, қателеспеймін. Журналдың «Жас-Ай» деп аталуының өзі «жасар, ауруыңнан айық» дегенге келіп тұр. Аты жақсының заты да жақсы болса керек. Сіздерге тілерім: игілікті істеріңізбен халықтың қажетіне жарай беріңіздер!

*Бақытжан Ертаев,
Халық қаһарманы*

*Денсаулық ағам,
бағым зәт бағымым
Жасай Ақарман
Неден кедейлікке
2011. 11. 17*

*Дені сау азаматтар – мемлекеттің ең
бағалы капиталы.*



В.Комат

ҚАДАМДАРЫҢЫЗ СӘТТИ БОЛСЫН!

ҚҰРМЕТТИ ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫ!

Адам өмірін ажалдан арашалап жүрген жандардың бірісіз! Науқастардың дертіне шипа болып жүрген ерен ерлігіңіз үшін әскери шендегілер – Отан қорғаушы азаматтарымыздың атынан айтар алғысымыз шексіз. Елімізді сауықтыру жолында жасаған қадамдарыңыз сәтті болып, жас мемлекетімізбен бірге көгеріп, көктей берулеріңізге тілектеспін!

*Дамир Халықов,
генерал-майор, Алматы қалалық
төтенше жағдайлар жөніндегі
басқарма бастығы*



*XXI ғасырда қазақстандықтар
ұзақ жасаушылар ұлты болуы тиіс.*

Н.Ә.Назарбаев

ЖАСАЙ БЕРСІН «ЖАС-АЙ»!

Дәрігер – ажалмен арпалысқан адам өмірінің арашашысы. Осы қағиданы берік ұстанған медицина ғылымдарының докторы, академик, профессор Жасан Зекейұлы басқарған Шығыс-тибет медициналық орталығының ұжымымен көптен таныспын. Ашылғанына санаулы ғана уақыт болғанына қарамастан, бұл медициналық мекеме ел алғысына бөленіп үлгерді.

Мен халық медицинасының жанашыры Жасан Зекейұлына сан ғасыр өтсе де, сарқылмайтын байлық болып қалатын ғылым жолындағы еңбегі жемісті болсын дегім келеді. Еңбектеріңіз жансын! «Жас-Ай» жасай берсін!

*Зиядан қажы Қожалымов,
Қазақстан халық емшілері
қауымдастығының президенті,
Ресей халықаралық медицина мен ғарыштық қуат
академиясының академигі*



*Адам үшін денсаулықтан
артық бағалы зат жоқ.*

А.Семашко

ЖАСАНМЕН ЖЕТКЕН ЖЕҢІС!

Өмір. Арпалыс. Жеңіс пен жеңіліс. Өмірім осылай өрілді. Бірақ мен аурудың боданы болуға көніп, жеңілістің тұтқынына түспедім, керісінше, жұдырықтай жүрегімде жеңістің жалауы желбіреп тұрды. Өмір атты майданда қаншама қиындық көрсем де әрқашан «Алға!» деп аттандадым. Талай бөгеттерді бағындырдым. Асулардан астым. Жасыратыны жоқ, мен жеңіске Алланың қолдауымен және Жасан Зекейұлының көмегімен жеттім.

2005 жыл. Апат. Жол апаты. Көр мен жер. Ес-түссізбін, бірақ тілім кәлимаға келеді. Аллаһты аузыма алдым. Жаратушыға жалбарындым. Жаныма медет тіледім. Тәңір тілеуімді қабыл етіп, қуат берді. Сол апаттан бас сүйектерім зақымданып, миым шайқалды. Содан басым мен белім ауырып, құлағым шуылдап, бітеле берді. Дәрет жолдарының қызметі бұзылды. Ұмытшақтық пайда болды. Желкем тартып тұрды. Аяғым жерде қалғанмен, жан азабын мол тарттым. Шыбын жаным шүберекке түйіліп, шырқыратып шырылдатса да оңайлықпен берілмедім. Қасарыс. Сол баяғы арпалыс. Түбінде бір жеңіске жетерімді сездім. Іздендім. Емі-нәтижесі бар шипа іздедім. Табаным тозғанша талпындым.

Тілеуім қабыл болды. Кезіктірді. Жасан Зекейұлына жолығудың сәтін салды. Тамаша! Тамырмен терең

бойлап, дауа табылды. Иә, солай. Қазандай қайнаған өмірдің дәмі кіріп піскенде тіл үйірер тәттісі болатынын бұрын-соңды білмеппін. Ол – жанның тәттісі. Адам денесінде жеті жүздей нүкте болады екен. Жасан Зекейұлы осы нүктелердің қайсысы қайда орналасқанын бес саусақтай жақсы біледі. Тағы бір айта кетерлігі, «ақ халаттылардың барлығы ине қоюдың шебері емес, тек хирургтер ғана дәл нүктесін тауып қоя алады» деседі. Жасан бауырымның бір артықшылығы да осында. Оның түпкі мамандығы – хирург. Көнігі шебер әрбір инені өз нүктесіне дәл тауып қойғанда бұлт шалған қабағың ашылып, көзіңнен шуақ шашады. Нүктесіне дөп түскен инелер қозғалып, діріл қаққанда ғажайып бір күйге енесің. Себебі өле бастаған жүйке жүйелері қайта тіріледі. Ағзаға дерт болып әбден жайғасып, қаһарына мінген аурудың беті қайта бастайды.

Бұдан кейінгі ем пульт қою және шөппен қыздырумен жалғасты. Бұл иненің әсерін күшейту үшін қойылады. Мәселен, қыздыратын шөптің құрамында 18 түрлі емдік шөп бар екен. Әр шөп өзінің емдік шипасын іске қосқанда денсаулығың айтарлықтай жақсарады. Қосымша банкі қойылып, аяқ массажы, нүктелі уқалау жүргізіледі.

Нүктелі уқалау да ине қою сияқты дәл нүктесі тауылып жасалуы тиіс. Емнің бұл тәсілінде жоғарыда айтылған 700-дей нүктенің кемінде 150-і дөп басылу шарт. Жасан Зекейұлының тәрбиелеп отырған шәкірттері мұны жетік меңгеріпті. Өйткені массаж маған ерекше әсер етті.

Жол апатынан кейін мен өмір үшін төрт жыл күрестім. Қатты қажыдым. Әлсіредім. Бойымда бар күш-қуатым кете бастады. Байқағаным, нүктелі уқалау сол әбден қажыған, әлсіреген бұлшық етті қатайту үшін қолданылады екен. Міне, Жасан Зекейұлы тізгінін ұстап отырған «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығында жасалған екі курстық емнің нәтижесінде менің

ағзам қалпына келіп, қан айналымым жақсарды, бойым-дағы күш-қуаттың артқанын байқадым, жүйке жүйем тынышталып, ас қорыту жұмысы да жақсарды, дәрет жолдары қалыпты қызмет атқара бастады.

Жеңіс. Жасан Зекейұлымен жеткен жеңіс!

Орыс жазушысы Максим Горький айтқандай, әр адамның бойында құрылысшының құдіретті күші бар, сол күш жер бетін үлкен ғажайыптармен толтыруы үшін оның дамуына, гүлденуіне ерік беру керек. Бойында мейірбандық пен адамды емдеудің ғажайып күші бар Жасан Зекейұлы сынды азаматтың өз Отанымызда бар екеніне мен қуанамын. Науқас жандардың басына түскен тауқыметті жеңілдетуге, ғұмырын ұзартуға үлес қосып жүрген адамға шын көңілден алғыс білдіремін!

*Жарас Жүсіпәлиев,
Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы*



*Денсаулығың мықты болуы үшін мәнді
өз күшің болу қажет, оны еш нәрсемен
ауыстыруға болмайды.*



Н.М.Амосов

ЕМДІК ШИПАМЕН ҚОСА РУХАНИ САУЫҚТЫМ

Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры. Күнсіз гүл өспейтіні сияқты бала да ата-ананың мейірім-шуағына бөленіп өседі. Қандай ана болмасын өзегін жарып шыққан перзентін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай, маңдайына күн тигізбей өсіруге тырысады. Мен де Аружанымнан аялы алақанымның жылуын аяған емеспін. Алайда мен берген жылу дүниеге кемтар болып келген қызымның денсаулығын түзетуге жетпеді... Әрине, барлығы Алланың қолында. Бірақ қол қусырып қарап отыруға тағы болмайды. Талай мекеменің табалдырығын аттап, табанымыздың тоз-тозы шықты. Көбісінің емі былай тұрсын, аузынан жай ғана «жазылып кетеді» деген жылы сөз ала алмадық. Соған қарап «қызым өмір бойы кемтарлықтың қамытын киіп өте ме» деп ішімнен егіліп жүрдім.

Мен қызыма 2000 жылы жүкті болдым. Құрсағыма бала біткеннен өзімді аздап қолайсыз сезіндім. Алты айлық жүктілік мезгілінде сәбиімнің денсаулығы қалыпсыз екендігіне толық көзім жетті. Дереву әкешеме хабарластым. Олар Алматыға алып келді. Оңтүстік астанаға келгеннен кейін төртінші күні қан қысымым көтеріліп, ауруханаға түстім. Одан кейінгісі есімде жоқ... Қалай босанғанымды білмеймін. Жеті күн

ес-түссіз жаттым. Баланы кесарь тілігі операциясымен алыпты. Қызымның «балалардың туабітті сал ауруы» диагнозы бойынша туылғанын естідім. Сәбиді іле-шала қалалық ауруханаға алып кетті. Өзімнің денсаулығым да мез емес, жаным қиналып әзер жатсам да, балам үшін жан пида деп, дәрігерлерден әрең рұқсат сұрап, қызымның қасына бардым. Сол сәтте оның түрін көрсеңіздер... жан түршігеді. Бүйрегімді тура жұлып алып, қызымның басының артқы жағына жабыстырып қойғандай, басы сопақ, бүйрек төріздес. Ертесіне операцияға алып кетті. Бірақ отадан кейінгі жағдайы оңбады...

Фаламтор сайттарынан іздеп көрсем, балалардың сал ауруы – нәресте ана құрсағында жатқанда, туған сәтте немесе ерте сәби кезінде миға зақым келуі салдарынан болатын табиғаты түсініксіз ауру екен. Ол сал болып қалу, шала сал болу, қозғалыстың өршуі, денені дұрыс ұстай алмау сияқты қозғалыстың бұзылуы арқылы көрініс береді. Баланың психикасымен қатар, тілі, көру, есту қабілеттері нашарлап, тырыспалы талмалары ұстайды екен. Осының барлығын менің кішкентай қызым басынан кешірді.

6 айда балалар отырушы еді, ал менің қызым былқ-сылқ етіп жата берді. Басын бір жарым жасында ғана ұстай бастады. Келесі айда қызым қалтырап-дірілдей бастады. Аузынан ақ көбік ақты. Мектепке барар жасқа келсе де әлі жөнді отыра да, аяғын баса да алмады. Жүрмейді, сөйлемейді. «Баланың ақыл-есі, дамуы кешеуілдеген» деген комиссия шешімімен мектепке бара алмады. Бірақ бейкүнә сәбиімнің бойынан өмірге деген ерекше құштарлық сезіледі. Бұл оның қозғалысқа талпынуынан, өзіне айтылған сөзді түсінуінен, туысқандары мен жақындарын тануынан байқалады. Қызым ертегі мен музыка тыңдағанды, суреттер мен мультфильмдер көргенді ұнатады. Амал қанша? Талмасы ұстағанда шыбын жанымды қоярға жер таппай

кетемін. Балам қатарынан қалмаса екен деп тілеп, барымды оның денсаулығын түзету үшін жұмсадым. Ірі банктердің бірінен несиені алып та емдеттім. Қызыма тұрақты түрде күтім керек болғандықтан, жұмыс істеуге мүмкіндігім болмады. Алған несиені өтей алмай жүргенім тағы бар. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, жолдасыммен ажырастым.

Кезінде Әбу Насыр әл-Фараби «Мәртебесі, рухы биік шаһардың адамдары бір-біріне жақсылық жасауға құштар болады, өздерінің тамаша қадір-қасиеттерін бағалап, қабылдауға өзге де жұрттарды ынтызар етеді» деген екен. Еркіндік қыраны шарықтаған қазақ даласында, Алатаудың бөктерінде орналасқан әсем Алматымызда жүректері жылылыққа толы мейірбан жандар, елі үшін, елінің болашағы үшін ішкен асын жерге қояр азаматтар аз емес екен. Құдай тілеуімді беріп, елдің көркіне айналатын қызымды өсіруге, оның денсаулығын титтей болса да түзетуге ықпал ететін адам маған кезікті. Ол – Жасан Зекейұлы. Ол кісімен мені төртінші билік иелері жолықтырды. Суықтан тоңған торғайдай жанары жәудіреген менің сәбиімді ол алғаш көргеннен ақ тек қайырымдылық пен шипа деп қағатын қанатының астына алды. Мейірімнің тұнық бастауынан қанып ішкен Жасан ағаның адамгершілік қасиеті мені әбден қайран қалдырды. Кісі деп осыны айт. Кішілігін айтсаңызшы. Мейірім мен адамгершілік жас талғамайды деген осы болар, бәлкім!

Жасан ағамен дидарласқаннан біз медициналық емнен бұрын рухани сауығуды қолға алдық. Қызымның келешегін ойлап, осы күнге дейін қорқыныш, үреймен өмір сүріп келген менің сол сәттен бастап жан жүйкем, ойым сауықты. Әрине, бұл – ерекше ықыластың және әдемі сөздің әсерінен болған сауығу. Балдырғаным Шығыс-тибет медицина орталығында екі курс тегін ем алды. Нәтиже жаман емес. Қызым өздігінен жайлап

қозғалып, қимылдайтын болды. Талпынады. Сабақ оқығысы келеді. Әліппе кітабында көрсетілген суреттерден аздап болса да сөйлем құрағандай болып, ойын жеткізеді. Қазір арнайы мамандар келіп, үйде сабақ береді. Құдай қаласа, енді үшінші курс алсақ, еңбектеуден екі аяғын басып жүріп кетеді деген үмітім бар. Жасан аға жасай берсін! Қолы дерт көрмесін! «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицинасы орталығының ұжымына асқар таудай абырой тілеймін! Елім үшін деп жасаған еңбектеріңіздің адал нанын жей беріңіздер. Әр отбасының босағасы бақытқа, шаңырағы шаттыққа тола берсін!

*Аружанның анасы – Дарига Махажанова,
Алматы қаласы
2008 жыл*



*Тағдыр үнемі ауруын ғана емес,
шипасын да жіберетіні бар.*



М.Сервантес

БАСЫНА БАҚ ҚОНҒАН ДӘРИГЕР

Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ қонбайды. Даладай дархан пейілді, анадай асқан мейірлі ұлтымызда әр жүректе ізгіліктің шырағын жаққан асқақ рухты абзал жандар, тіршілік тауқыметін тартқан, жалған дүниеден жәбір көрген, жүрегі сыздаған, жаны мұздаған адамдарға дем берген кісілік келбеті келіскен кең пейілді кісілер көп. Солардың бірі – бүгінде салауатты өмір салтын кеңінен насихаттаушы, медицина ғылымдарының докторы, профессор Жасан Зекейұлы. Ел медицинасына өлшеусіз үлес қосып келе жатқан білікті маман ажалмен арпалысқан талай жанды аман сақтап қалды. Жасан Зекейұлына кем дегенде күніне түрлі кеселге шалдыққан жиырма адам келеді. Ол солардың әрқайсысын бөле-жармай, бір туғандай қарсы алып, қолынан келген көмегін аямайды. Жүзінен нұр төгіліп тұратын шырайлы жігіт ағасы – аузын ашса көмекейі көрінетін ақкөңіл жан. Сондықтан болар, қайырымдылық жасау – оның күнделікті дағдысы. Тәжірибелі маман өзінің Шығыс-тибет медициналық орталығында мұқтаж жандарға қол ұшын созудан жалыққан емес. Қаншама ер азаматты қатерлі сырқаттан айықтырып, қаншама әйелге «ана болу» бақытын сыйлады. Әр адам өзі бастаған игі істің жақсы нәтиже беруін қалайды. Өткен жылы «Алматы» телеарнасының «Үміт оты»

бағдарламасына үміт артып, арнайы Орал қаласынан келген Нұрлыгүл Жаңабаева эфир арқылы қайырымды жандардан көмек сұраған болатын. 21 жасар бойжеткен туа біткен қоян жырықтан қасірет шеккен. Пластикалық операция жасатып, бет-әлпетіне нұқсан келтіріп тұрған кемістіктен арылу – оның өмірлік мақсаты болатын. Бұл арманына қол жеткізуге «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының мамандары көмектесті. Олар қазақтың бір аяулы қызының тағдырына бей-жай қарай алмай, қаржылай көмек көрсетуге шешім қабылдады. Аталған орталықтың бас директоры Жасан Зекейұлы Нұрлыгүлдің ерні мен мұрнын қалпына келтіру үшін жасалатын операциясына қажетті 100 мың теңгені қолына ұстатып, ұжым атынан сәттілік тілеп, шығарып салды. Қайырымды көмек алған Нұрлыгүл №5 емхананың жақ-сүйек бет-әлпеті бөлімшесіне келіп, дәрігерлермен жүздесті. Бойжеткеннің жағдайымен танысқан ақ халатты абзал жан оған пластикалық операция жасауға келісті. Нұрлыгүл Жаңабаева өмірге шыр етіп келген күннен бастап бүгінге дейін 5 операцияны бастан кешкен. Бірінші операция ерніне алты айлығында, одан соң таңдайына, кейіннен баланың бет-әлпеті өскен сайын тыртық болған жері өспей қалуына байланысты коррекциялық операциялары Оралда, ал осы жолғы операция ерні мен мұрнын қалпына келтіру үшін Алматыда жасалды. Жасан Зекейұлының қолдауымен жасалған соңғы пластикалық операциясы сәтті өтті. Көрікті қыздың жанары күлімдеген күлкіге толы. Бүгінде Нұрлыгүл тұрмысқа шығып, бір отбасының ұйытқысы болып отыр.

80 жылдан аса ғұмыр кешкен, қазақ жазушысы Сафуан Шаймерденов өмірден озар алдында мынадай сөздерді жазып қалдырыпты. «Шарапат – адам бойындағы басқаларға түсер рақымшылық сәулесі, ізгілік нұры. Ал шапағат – жұмақтың нұры. Жұмаққа

барғандарға түсер сәуле». Қазақтың дарынды қаламгері осы сөздері арқылы өсиет қалдырған тәрізді. Сондықтан сіздерге әрқашан шапағат пен рақымшылық серік болсын дейміз.

Нұрлыгүл Жаңабаева





ҚАТЕРЛІ ІСІКТЕН ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛДЫМ?

Жасы келген адамның сау күнінен ауырған күні көп болады екен. Жетпісті желкелеп қалған кезімде денсаулығым күрт нашарлап, күйім кете бастады. Басым айналып, көзім қарауытып, бір затқа сүйенбесем тұра алмайтын жағдайға жеттім. Басымды бір нәрсе қысқандай болып, лоқси беретінмін. Осы жағдай күн сайын қайталанатын. Ақырында дәрігерлермен кеңесуге тура келді. Бар бәле сол кезден басталды. Медициналық мекемедегілер мені тексере келе, «ми обыры» (рак) деген диагноз қойды. Бойында қатерлі дерттің бар екендігін білу адам үшін шындығында қиын екен. Қартайған шағымда балаларды да, жақындарымды да өуре-сарсаңға салдым. Басқа ота жасату керек болды...

Күллі әлем төңкеріліп, аспан асты, жер үсті шыр айналғандай болды. Қалай? Не үшін? Не жаздым? Кінәм не?

Тілім байланып, бойымды үнсіздік билеп алды. Жан дүниемнің астан-кестеңі шығып, өзімді қоярға жер таппай, абдырап қалдым... Мен үшін тіршіліктің мәні де, сәні де қалмағандай болды.

Мені қинап бара жатқаны дертімнен гөрі, бала-шағам мен немерелерімнің жәутеңдеген көздеріндегі мұң болды. Күндіз-түні Аллаһтың мейірімін сұрап, дертіме ем бере көр деп тіледім. Үмітсіз шайтан ғой! Тәңірден қолдау болар деп сендім...

Диагнозды арқалап бармаған жерім, ашпаған есігім қалмады. Медициналық мекемелерге, тіпті бақсы-балгерлердің де ауылын аралап қайттым. Дауа болмады. Шарқ ұрып, емге шипа іздеген балаларым бір күні «Шығыс-тибет медицинасы көп ауруға арашашы болып жатыр екен, сізді сонда ертіп барайық» деп, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының бас дәрігері Жасан Зекейұлына алып келді.

Ол кісі мені қабылдағаннан кейін тамырымды ұстады. «6,7*5*4,8 көлеміндегі ми ісігі» деп диагноз қоюға негіз болған рентген қағазымды өте қырағылықпен мұқият тексеріп шықты да, жара бар деген жердің күңгірт емес, анық көрініп тұрғанын айтты. «Бұл бүтіндей сіздер айтып отырған ми рагына ұқсамайды. Менің ойымша, қатайған қан тамыры жарылып, содан қан түйіні (гематома) пайда болған. «Ми обыры» деген – қате қойылған диагноз. Сіздің басыңызда қатерлі ісік ауруы жоқ. Сондықтан да сіз онкологиялық институттағы МРТ-ға (магнитті резонансты томографиялық аппарат) түсіп келіңіз. Сол арқылы бұрынғы диагноздарды салыстырамыз» деді Жасан Зекейұлы.

Аңтарылып қалдым. Қанша дәрігердің алдынан өтсем де, дәл осындай өзіне сенімді бола тұрса да, қайталай тексертіп нақтылы нәтижеге ұмтылған ақ халатты абзал жанды кездестірмегенмін. Үміт оты қайта лаулады. Тамырымды ұстап, дәрігер атаулының сөзін жоққа шығарған бұл кісідегі қандай құдірет екен, ә?! Сенер-сенбесімді білмедім. Дегенмен ең алдымен ол кісінің айтқанын орындайын деген оймен елпілдеген күйі диагностикалық орталықтан бір-ақ шықтық.

Тексеру нәтижесі шыққан соң Республикалық онкологиялық институттағы дәрігер күліп тұрып: «Миыңызда ешқандай обыр (рак) ісігі жоқ, тек түйіншек (гематома) бар. Сіздерді маған жіберген дәрігер өте дұрыс диагноз қойған. Сол кісіге барып ем алғаныңыз дұрыс», – деді.

Алып-ұшып «Жас-Айға» қайта келдім. Жиырма күндей ине алып, шөппен қыздыру емі (терапия), нүктелік және «зывишин» уқалауын жасатып, тибеттік шөп дәрілер қабылдаған соң қан айналысым, барлық жағдайым жақсарып, жүрек соғысым қалпына келді. Үш айдан кейін толық жазылдым.

Мен өмірге екінші рет осылай келдім. «Жас-Ай» медицина орталығынан үш сеанс, яғни арасында екі аптадан үзіліс жасай отырып, отыз күн ем алып, дертімнен толықтай сауықтым. Аллаһтың маған жіберген періштесіндей көрінген Жасан Зекейұлына айтар алғысым шексіз. Халықтың қамқоршысы, Шығыс-тибет медицинасының майталманы Жасанға Жаратқан Ием мәңгілік жар болып, шипалы қолына қуат берсін!

*Рәзига Елтаева,
Алматы қаласы*



*Денсаулық – бұл адамдардың мейлінше көп
сақтап қалуға тырысатын және мейлінше өзі
қорғайтын нәрсесі.*



Жан де Лабрюйер

БЕЛ ОМЫРТҚА АУРУЫНАН ЖАЗЫЛДЫМ

Мен жылдар бойы омыртқааралық дискі жарығынан зардап шектім. Жалпы, омыртқааралық жарық жарақаттанған омыртқааралық дискілердің өз шеңберінен шығып кетуінен пайда болып, соның салдарынан жүйке талшықтары мен жұлын қабығы қысылып қалады екен. Уақыт өте келе осы ауру мені омақа астырды. Оңтүстік астанадағы №7 қалалық ауруханада бір жарым ай, ал №12 қалалық ауруханада бір ай жатып емделдім. Бірақ ем қонбады. Содан бұқаралық ақпарат құралдарынан Шығыс-тибет медицинасы, Жасан Зекейұлы жайлы естіп, осы орталыққа бас сұқтым. Мұнда мені Алланың өзі сәтін салып алып келгендей болды. Орталық босағасын аттаған сәттен-ақ шуағынан нұр төгілген ақ халатты абзал жандар күлімдеп қарсы алды. «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығында мен 3 курс ем алдым. Ине терапиясы маған ерекше әсер етті. Бұдан бөлек омыртқалар арасын ашу мен бел созудың түрлі тәсілдері қолданылды. Сондай-ақ бұлшық еттерді шынықтыруға, омыртқа жотасы, буындар қозғалысын арттыруға бағытталған және патологиялық өзгеріске ұшыраған тіндерді зат алмасу процесін жақсартуға мүмкіндік беретін емдік шаралар жасалды. Нәтижесінде

орталыққа еңбектеп келіп, емдеудің алғашқы курсында-ақ еңсемді көтеріп қайттым. Жасан Зекейұлы негізін қалаған орталықтың бір ерекшелігі – бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналған тірек-қимыл қозғалысының бұзылуы, омыртқааралық жарықты, омыртқааралық дискілердің қажалуын операциясыз емдейтіндігінде. Омыртқааралық жарықтан зардап шегушілердің көбі бұл сырқаттың операциясыз емдеу жолы бар екенін біле бермейді. Емдеу мекемесінде адам ағзасы өзін-өзі «жөндеуге» үйренеді. Бірегей құралдардың көмегімен омыртқалардың серпімділік күші артады. Осылайша ем-домнан кейін омыртқадағы шеміршектер жұмсарып, «жарық» өздігінен бітеліп кетеді. Омыртқа қайта жылжымас үшін және зақымданған бөлік белсенді жұмыс істеу үшін жаңа әдіс пайдаланылады. Адам жанын сөз мәйегімен және шипалы емімен емдейтін Жасан Зекейұлы мен оның шәкірттерінің арқасында омыртқам түзеліп, бойыма қан жүгірді. Мекеме ұжымына шын жүректен алғысымды білдіре отырып, барлық қызметкерлердің отбасына бақ-береке, бастарына амандық, еңбектеріне табыс тілеймін.

*Ескендір Ахметжанов,
Алматы қаласы*



ШИПАСЫМЕН ШУАҚ ШАШҚАН

Мен Алматы облысының Сарқант қаласынан келдім. Аты-жөнім – Ақжан Лебаева. Жасым 20-да. Диагнозым – ревматиздік полиартрит. Мамандардың айтуынша, ревматизм – байқалмайтын және жүре дамиды ауру. Ең алдымен ол жүрек-қан тамырларының қызметін бұзады. Содан кейін өзге ағза мүшелеріне, бауырға, өкпеге, бүйрекке әсер етеді. Демек, ревматизм адам ағзасымен қоса тіндік жасушаларына да бойлап еніп, мүгедектікке дейін алып барады. Дәрігерлердің пайымдауынша, ревматизм суық тигізуден, зорығудан, жүрекке күш түсуден, дұрыс тамақтанбаудан, ағзаға қажетті дәрумендер, минералдар мен ақуыздардың жетіспеушілігінен, өзге де келеңсіз әрекеттердің салдарынан пайда болады.

3 жастан бастап менің қол-аяғым ісінді. Соңғы кездері қимыл-қозғалыстан мүлдем шектеліп қалдым. Ай сайын ауруханаға жатып шығамын. Талдықорғанның аты әйгілі дәрігерлерінің барлығына тексерілдім, кеңес алдым... Денсаулығым оңала қоймағаннан кейін Алматыдағы ауруханаларда да жатып емделдім. Мұнда 4 түрлі дәрі берді, оны алты ай іштім. Бірақ ісінген буындарым одан әрі кеулемесе, басылмады. Жалындаған жастықтың қызығын асыр салып, ойнап жүріп көрер кезімде қолым икемге, аяғым басуға келмей қатты

қиналдым. Түн ұйқымды төрт бөліп, жылаумен өткіздім. Бірақ ол күндер бүгін елес болып қалды...

Менің өмірімді, денсаулығымды түбегейлі өзгертуге «Жас-Ай» журналы ықпал етті. Баспасөз бетін айқара ашсам, маңдайы жазық, мұздай жүрекке күн нұрындай жылылық ұялататын кісіні көрдім. Сол сәттен менің «дертіме дауа табылар» деген үмітім үкіленіп, болашаққа деген арманыма қанат бітті. Жасан ағаға жолықсам, жазылып кетермін деген ой туды. Ол күн де алыс емес екен. Көзді ашып-жұмғанша журналда көрсетілген мекен-жай бойынша Шығыс-тибет медицина орталығына жеттім. Жасан аға суретке әдейілеп түскен шығар деп ойласам, шынында да, жүзі жайдарлы екен. Ол кісі ағалық пейілмен қарсы алды. Жасан аға менен дәрігерлік көмегін аямады. Тіпті мені тегін емдеді десем де болады. 40-қа жуық қызметкерге жалақы беріп отырған басшы үшін бұл – үлкен жомарттық. Мен «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының Қаскелең қаласындағы бөлімшесінде емделдім. Ем нәтижелі болды.

Сүйіспеншілік – адам баласының жүрегін қаяусыз сезімге бөлеп, рухына қанат бітіретін, жан дүниесін нұрлы қуанышқа бөлейтін, ең асқақ, ең пәк сезім. Осындай тазалық Жасан ағаның бойында бар. Ол – оның Отанына, еліне, ата-ана мен бауырларына, жоқ-жітік пен кемтарларға, науқастарға деген мол мейірімі.

Құрметті Жасан Зекейұлы!

Бойыңызға ананың ақ сүтімен, әкенің ақ жолымен, жамағаттың ақ батасымен біткен жүрек пен көңіл тазалығыңыз еш уақытта жоғалмасын! Жаздай жаймашуақ шырайыңызға қыстың қырауы мен қылауы түспесін! Күздей мол пейіліңізге көктемнің көкөзегі кірмесін! Өсіріп отырған ұл-қыздарыңыздың қызығын көріп, аман болыңыз!

*Ақжан Лебаева,
Сарқант қаласы*

*Өмір үшін тамақ қажет болса, денсаулық үшін
еңбек те соншалықты қажет. Ал дырдүмен күн кешу
түбінде адамға ауру болып жабысады.
Еңбек өмірдің шырағына май құяды, ал қиял оны
тұтандырады.*



Дж.Беллерс

ҚАРТАЙМАҒАН КӨҢІЛГЕ КӨРІК СЫЙЛАҒАН

Пайғамбар жасынан асқанға дейін мен жора-жолдас, тума-туыс, бала-шағамның арасында «Баян сұлу» атанып келген едім. Алайда өткен жылғы қоңыр күздің келуімен бірге менің көрікті келбетімнің де көркі кетті. 64 жыл бойы арнасынан қалыпты ағып келген қан тарауларым қас-қағым сәтте шырмауықтай шиырылып, ұйып қалды. Дәлірек айтсам, 2008 жылы 29 қыркүйек күні мен ұйқыдан оң жақ бетім салданып, жансызданып тұрдым. Бетім бір жаққа қарай қисайып қалыпты. Дәл сол сәтте менің жұдырықтай жүрегім мұңға толды. Өйткені бейнеттің зейнетін көремін бе деген шағымда бұндай дертке тап болам деп кім ойлаған? Осыдан кейін-ақ бір жақ бетім жиырылып, жағым жөнді ашылмай қалды. Көз, қабақ бұлшық еттерім ағаштай болып қатып, иіс сезу қабілетім жоғалды. Құлағым шаншып ауырып, есту қабілетім де төмендеді. Тіпті тамақ іше алмайтындай күй кештім. Бетім жансызданған сол күні ұлым және келінім мені «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына алып келді. Мұнда кезек те күткен жоқпыз. Бәрі рет-ретімен атқарылып жатқан жұмыстар. Дәрігерлер мен медбикелердің пейілдері мен ыстық ықыластарын көріп, еріксіз еміреніп, іштей разы бол-

дым. Бас дәрігердің өзі Жасан Зекейұлы кішіпейілділікті, ізеттілікті, мәдениеттілікті мықты меңгерген ұлық кісі екен, ілтипат танытып, дереу тамырымды ұстап, қан қысымының көтерілуінен болған «оң жақ беттің неврологиясы» деп диагноз қойды. Дәрігердің айтуынша, мидың әрекет ету бөлігінде қан ұйыған. Шығыс-тибет медицинасы танымы бойынша бұл ауру көбіне шаршағаннан, иммундық жүйенің әлсіреуінен, өзге аурулармен күресуге дене қуаты азайғанынан, сондай-ақ жел-құздың әсерінен де пайда болады екен. Мен осы медицина орталығында бес курс ем қабылдап, Тибеттің табиғи емдік шөптерін іштім. Дәрігер балам менің көп балалы ана және зейнеткер екендігімді ескеріп, маған жеңілдетілген ем алуға мүмкіндік жасады. Ең алдымен Алланың, одан кейін Жасан баламның арқасында ауруымнан айығып, келбетім қалпына келіп, бетіме жан кірді. Кейде өзімді бұрынғыдан да ажарлана түскендей сезінемін. Аллам, осы сезімнен ешқашан айырмасын! Көзіме күлкі кіргізген, жанарыма нұр, жүрегіме гүл сыйлаған Жасан балама және оған қамқоршы болып жүрген абзал жандарға аналық ақ пейіліммен алғыс білдіремін. Әрқашан аға буынның ақ батасын алып, көгеріп-көктеп, өсіп-өне беріңдер!

*Баян Аппасова – зейнеткер,
Алматы облысы, Жамбыл ауданы,
Шиен ауылы*



Дене жаттыгуларымен қалыпты және өз уақытында шұғылданып отырған адам ауруды құртуға бағытталған ешқандай емдеуді қажет етпейді.

Ибн-Сина

БҮЙРЕКТЕГІ ТАСТАН АРЫЛДЫМ

Оң жақ бүйрегімнен бүктеліп, қозғала алмай талай қиналдым. Бүйрек – адамның ең нәзік, бірақ ең бір маңызды мүшесі. Бүйректің басты қызметі – қанды улы заттардан тазарту және ағзадан артылған суды сыртқа шығару. Бүйрек күніне, орта есеппен, 200 литр қанды сүзгіден өткізеді екен. Сонымен қатар ол қан қысымын реттеп, эритроциттерді өндіреді. Ең маңызды мүшенің де аурулары көп екенін өзім дертті болған соң барып білдім. Тамаққа тәбет тартпайды, кішкене артық ас ішсем болды, бүйрегім бүлкілдеп, жүрегім қысады. Ақыры ультра-дыбыстық зерттеуге тексерілуге (УЗИ) барып едім, «оң жақ бүйрегіңізде тас бар» деп көрсетіп берді. Сол диагнозбен талай мекеменің табалдырығын аттадым, бірақ алған емдерім нәтиже бере қоймады.

Соңғы үмітімді үкілеп, 2006 жылдың қараша айында «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицинасы орталығынан ем қабылдауға шешім қабылдадым. Бірінші курс ем қабылдағаннан кейін мен тамақ жей бастадым, сусындарды да көбірек іше алдым. Бүйрегімнің ауырып, шаншығаны басылды. Ал екінші курс емнен кейін бүйрегімді УЗИ-ға түсірдім. Ол жерде маған «бүйрегіңіз

таза» деп анықтама берді. Өз көзіме өзім сенбей, қатты қуандым. Осы медицина орталығында бөленген тағы бір үлкен қуанышым – «қан қысымы» ауруынан айығуым. Сондықтан алдымен Аллаға, одан кейін осы медицина орталығы қызметкерлеріне шексіз алғыс білдіремін.

*Күлбагира Әлімқызы
Алматы қаласы*





*Көп жасау – деннің саулығы,
бақытты болу – адамның өз қолындағы ісі.*

А.М.Кирхенштейн

ЖАСАН ЖАНЫМДЫ ЖАДЫРАТТЫ

Мен Ресейде туып-өстім. Бірақ атажұртым – Қазақстан. Өмірдің шымылдығын ашқан сәттен осы күнге дейін мен тағдырдың тауқыметін аз тартпадым. Денсаулығым да қалыпты болмады. Талай рет пышаққа түсіп, ота жасаттым. Операциядан кейін жағдайым жақсармады, керісінше, ауруыма ауру қосылды. Қуық асты безі қабынып, несеп жүйелерінің қызметі бұзылды, созылмалы простатит қайта өршіп, буындарым ісініп кетті. Мен Ресейдің алдыңғы қатарлы медицинасына да барып қаралдым. Бірақ «басымның амандығы» деп жиғаным желге ұшты. Ақыры Алматыда Шығыс-тибет медицинасының орталығы бар дегенін естіп, оңтүстік шаһарға келдім. Ат арылтып келген сапарым сәтті болды. Шығыс-тибеттік тәсілмен қабылдаған алғашқы он күндік емім өте пайдалы, жаныма жайлы болды. Сырқатымнан да ақырындап айықтым, серги бастадым. Мұндай сауығу мен қуаттануға жетем деп ойлаған емеспін, менің бүгінгідей жақсы халге жетуім орталықтағы барлық дәрігерлер мен мейірбикелердің арқасы деп білемін. Жаратушымыз Жасан Зекейұлын көпшілікке қиналғанда қамқор, сүрінгенге сүйеніш болу үшін жаратқандай! Ел үшін жасап жатқан еңбектерің жанып, шипаларыңыз халыққа дари берсін!

Алмат



*Дертке шалдыққанша, денсаулықтың қадірін
ешкім де білмейді.*

Томас Фуллер

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ, БІР СЫРЛЫ

Қиын-қыстау кезеңде жүрекке нұр болып құйылған мейір-шапағат ешуақытта ұмытылмасы анық. Адамның шынайы байлығы оның жасаған жақсылықтарымен өлшенеді. Адамзатты адамдықтың асқар шыңына алып шығатын да – осы мейірімділік, ізгілік, игілік сынды асыл қасиеттер. Асыл қасиеттерді бойына сіңірген Жасан Зекейұлы маған да шын жанашырлықпен, адал ниетпен, риясыз көңілмен жақсылық жасады.

Мен «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығы барын 2009 жылы Ақтау қаласының тұрғынынан естіп білдім. Ол кісі маған «Жас-Ай» республикалық Шығыс-тибет медициналық ақпараттық журналының №1 санын берді. Сонда академик Жасан Зекейұлының инемен емдеу туралы жазған мақаласын оқып, осы медицина орталығына барып емделуге құштарлық пайда болды. Жолдасым екеуміз мамыр айында келіп емделдік. Бірінші он күндік ем-домның әсерін сезіне бастадым. Менің буындарым ауыратын еді. Емнен кейін малдас құрып отыруға дейін шамам келді. Жолдасыма да ем жақсы әсер етті. Жасан Зекейұлының шын көңілімен «Мен өзімнің қазақтарымды емдеу үшін келдім» деген сөзі мені қатты толғандырды. «Шіркін, осындай ұлт-жанды азаматтар мемлекетіміздің барлық саласында болса, еліміз өркениетті мемлекет болып, 50 елдің қатарына тез жетер едік!» деген ой келді. Расында, солай емес пе?!

Екінші рет келгенімде де Жасан Зекейұлы өзінің көрегенділігін танытты. Құшақ жая қарсы алып, көңіл-күйімді сұрап, жанымды жайбарақат етті. Емшінің жақсы сөзі, емдеу тәсілі адамды ем алмастан бұрын сергітіп тастайды екен. «Менің өзімнен, болмаса шәкірттерімнен ем аламын десеңіз де өз еркіңізде» деді. Содан Қаскелеңде бөлімшесі бар екен, сонда жатып, шәкірттерінен ем алдым. «Сенің кім екеніңді, қандай адам екеніңді айтайың, ұстазыңды айт» дейді ғой. Жәкеңнің білім мектебінен Тибет емінің қыр-сырын меңгеріп, білім нәрімен сусындап шыққан шәкірттері де ұстазының ұлағатты екенін танытты.

Қыркүйек айында үшінші рет ем алуға келдім. Бәрі керемет. Денсаулығым түзелді. Амандық болса, осы медицина орталығымен қарым-қатынасымды үзбей емделіп тұрамын. «Өмір – теңіз, жүзем онда демеңіз, ізгіліктен жасалмаса кемеңіз» депті шығыс ақыны Рудаки. Жаны жомарт жандарға сапарларыңыз әрқашан да сәтті болсын демекпін! Бір-бірімізге қолдан келген көмекті аямай, алғысқа бөлене берейік! Кісілік пен адамдық, әл-Фараби айтқандай, даналық пен қайырымдылықтан, ізгілік пен танымнан тұрады. Батырға тән қаһармандығымызды, азаматқа тән адамгершілігімізді, ер жігітке тән сегіз қырлы, бір сырлылығымызды жоғалтпайық, ағайын!

*Амангелді Ахабаұлы – зейнеткер,
Ақтау қаласының құрметті азаматы,
Маңғыстау облысы әкімі жанындағы
«Парыз» қоғамдық қорының директоры*

*Ең басты дәрі-дәрмек – таза ауа, суық су,
ара мен балта.*



Василий Поленов

«ЖАС-АЙФА» КЕЛІП ЖАСАРДЫМ

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!». Қазақтың осы бір әдемі сөзі көптің қамын ойлайтын, аз уақыт ішінде елдің елеулі, халықтың қалаулы азаматтарына айналған, «Жас-Ай» емдеу орталығының мамандары, Сіздерге арналғандай. Осы орталықтың білікті бас дәрігері Жасан Зекейұлы медицина саласының қыр-сырын жатқа білетін, өзінің жан дүниесінің кеңпейілдігімен дүйім халықтың құрметіне бөленіп жүрген абзал жан десек, артық айтпағандық болар! Адамның жанын түсіну жаны жайсаң адамдарда ғана болады. Мен бұған Сіздердің емдеу мекемелеріңізге келіп, тағы бір рет көз жеткіздім. Мен көпті көрген кісімін. Жасым 66-да. Көрілікке бой алдырмаймын десем де, жас келген сайын денсаулығыңа да қатпар-қатпар әжім түсе береді екен. Осы орталыққа келгенге дейін менің қан қысымым бірде жоғарылап, бірде төмендеп, тұрақсыз болды. Соның салдарынан болса керек, үнемі басым ауырып, тамағым кеуіп, құрғай берді. Оң жақ көзім жиі жасаурап, катаракта пайда болды. Есту қабілетім де шектеле бастады. Созылмалы пиелонефрит пен созылмалы өт қабының қабынуынан (холецистит), қалқанша бездің қабынуынан зардап шектім. Қысқасы, ауруым көбеймесе, азайған жоқ. Ақыры «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына келіп, 3 курс ем алғаннан кейін ауруым ауыздықталды. Бойыма қуат кіріп, жігерлене түстім. Мұнда мен қызым

Аида Нұрманованы да алып келдім. Қызым да артрит (буындары, оң жақ тобық буыны), остеохондроз сынды бірнеше аурулармен ауырған болатын. Бүгінде ол екі курс ем алды. Енді үшінші курс ем алуға дайындалып жүр. Осы ретте менің және қызымның денсаулығын түзеуге септік еткен «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығы ұжымына шексіз алғысымды білдіремін. Халықтың денсаулығын жақсарту мақсатында жасап жатқан істеріңіз жемісті болсын!

*Файша Байгазина,
Аида Нұрманова,
Алматы қаласы*





БІР-АҚ КҮНДЕ АУРУЫМ САП ТЫЙЫЛДЫ

Бәріміз де – Алланың жазуымен өмір сүріп жатқан пендеміз. Ақ пен қара қатар жүретін мына бір дүниенің адам баласына берер қайғысына төтеп берудің өзі ерлік екен. Мен де талай қиындықтарды бастан өткердім. Сәбиім туылғаннан кейін мен аяғымнан тұра алмай, төсекке таңылып қалдым. Өз аяғыммен жүруге зар болдым. Тағдырдың жіберген сыны болар деп Алланың мейірімі мен ақ халатты абзал жандардың көмегінен күдер үзбедім. Біраз уақыт аралығында ауруханада ем алып, бұрынғы қалпыма келу үшін барлық шараларды жасадым. Бірақ ауруымның беті бері қарамады. Сәбиімді қолыма алуға шамам келмей, жанымды қоярға жер таппадым. Содан енемнің кеңесімен жұбайым мені «Жас-Ай» медициналық орталығына көтеріп алып келді. Жасан ағаның емінің арқасында сол күні-ақ аяғымнан тік тұрып, өзім жүре алатындай күйге жеттім. Қуанышымда шек болмады. Ол кісі менің ауруыма «бел омыртқа жарығы, бел-құйымшақ омыртқасының остеохондрозы» деп диагноз қойып, он күндік ем жазып берді. Жасан Зекейұлының айтуынша, менің омыртқамның арасындағы дәнекер болып тұрған сіңірім созылмалы түрде ішкі ағзаның әлсіреуінен, қабынуынан желіне бастапты. Бұл негізінен сүйек майы мен сүйектің өзіндегі кальцийлік өзгеріс пен тарамыстарының серпінділігінің азаюына байланысты туындайды екен. Ұзақ уақыт бойы желінуге ұшыраған сіңір созылып, жұлынға тікелей әсер

етіпті. Міне, соның салдарынан бел омыртқа жарығы пайда болыпты. Білікті дәрігердің айтқанынан тағы бір түйгенім, бел омыртқа жарығы қалыпты тұрмыс әрекетінде немесе жұмыста үнемі белдің бір қысымдық өзгеріске ұшырауынан немесе шектен тыс қимыл жасаудан пайда болатын көрінеді. Бірқалыпты әрекет барысында кенеттен ауыр салмақтағы заттарды көтерсе, омыртқа арасындағы сіңірлер қысымға ұшырап, сіңір тарамшалары ауыр салмаққа шыдай алмай, жарылады немесе таяды.

Кейіннен ойлап қарасам, расында да, солай екен. Қанша дегенмен отбасы құрып, шаңырақ көтергеннен кейін қарап отыра алмайсың. Әркез қимыл-қозғалыста жүреміз. Заман ағысымен бірге жүзіп отыру оңай емес. Кейде ауыр көтеріп қойған шығармың, соның салдарынан да пайда болған болар бұл ауру.

Шығыс-тибет медицинасы бойынша бел омыртқаларындағы жарық болған сіңірдің арнаулы нүктелеріне ине қойылады. Инеге қосылатын жүйкенің тартылуын қуаттандыратын қосымша құрылғы пайдаланылды. Қазіргі заманға сай физиоюм жүргізілді. Соның әсерінен бойыма қан жүріп, өзгеріс басталғанын, ауру да тынышталғанын сездім. Содан кейін магнитті банкілер қойылды. Осы банкілердің пайдасымен тартылып қалған сіңір немесе омыртқа жарығы қалпына келе бастады. Он күндей ем алдым. Сол он күн барысында менің бел әрекетімнің жеңілдеуі бақыланды. Қысқасы, инемен ем, шөппен қыздыру арқылы қабылдаған ем нәтижелі болды. Керемет көңіл-күй кешудемін. Айтар алғысым шексіз. Жасан аға сынды адам жанын сауықтыратын мамандарымыз көбейе берсін дегім келеді!

Анар Балдаш



БАЛДАҚТЫҢ ДА, БАСҚАНЫҢ ДА КӨМЕГІНСІЗ ӨЗ АЯҒЫММЕН ЖҮРЕ АЛАМЫН

Мен 2008 жылдың 11 қарашасында қан қысымым көтеріліп, ес-түссіз құлап қалдым. Дәрігерлер маған «оң миына қан құйылған» деген диагноз қойды. Денемнің сол бөлігі қимылсыз қалып, бірнеше ауруханаға бас сұқтым. Аудандық, облыстық ауруханаларда емделдім. Бірақ ешқандай көмегі болмады. Кейін «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығында инсульттан қимылсыз қалғандарды емдейтіндігі туралы естідім. 2009 жылдың басында осы орталыққа келдім. Алғашында денемнің сол бөлігі мүлде жансыз қалып еді. 3 курс ем қабылдағаннан кейін орнымнан тұрдым. Қазір, Аллаға шүкір, балдақтың да басқаның да көмегінсіз өз аяғыммен жүре аламын..

2008 жылдың өзінде «Жас-Ай» орталығында инсульттан аяқ-қолы жансызданып қалған 600-ге жуық науқас емделіпті. Олардың 95 пайызы ине терапиясының көмегімен сауыққан екен. Біздің тілек – ауруға арашашы бола білген орталықтың шаңырағы биік, керегесі кең болсын!

Қайратбек Бектілеуов

*Қалжыраған тән мен қасірет шеккен жан
үшін үміттен асқан даруды
ешбір дәрігер таба алмас.*



Стефан Цвейг

ЕРЕКШЕ РИЗАМЫН

Мен қол-аяқ қақсау, бас ауру, мағдырсыздық сияқты түрлі аурулармен «Жас-Ай» медицина орталығындағы академик, профессор Жасан Зекейұлының киелі емдерін қабылдадым. Нағыз маман дәрігердің қолына түссең, ауруың ат-тонын ала қашады екен. Ауылыма сауығып, қуанып қайттым. Айналайың, Жасан інішегім, саған ерекше ризамын. Елге сіңіріп жатқан ерен еңбегің жана берсін, толағай табыстарға жете бер. Өзіңдей еңіреген ерлеріміз көбейе берсін!

*К. Сахиев,
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы*

*Мөлшерден тыс тоқтық та,
аштық та және басқа да
ауытқушылықтың бәрі де
денсаулыққа қолайсыз.*



Гиппократ

ШӘКІРТТЕРІ КӨП БОЛСЫН

«Жас-Ай» медицина орталығындағы дәрігерлер мен медбикелердің барлығын жұрт мақтап жүр. Әсіресе академик Жасанның шәкірті Лесбек Өтенді бір ауыздан: «Мейірімді, кішіпейіл, өз ісінің шебері, ұқыпты, жауапкерлігі күшті, адал, иманды» десіп, айрықша алқасады. Ол алдына барған науқастарға өзі қойған иненің, мойын, арқа, омыртқаларды, белдемелерді созудың, уқалаудың қан айналысын жақсартудағы рөлін ерінбей-жалықпай түсіндіреді екен. Одан ем алған кезімде бәріне куа болдым. Алла осы абзал азаматқа мықты денсаулық, бақыт, байлық, абырой берсін, Жасан Зекейұлының жанында осындай шәкірттері көп болсын деп тілеймін!

***Әлімқожаева Гүлжанат,
Алматы қаласы***



АЛТЫН ИНЕНІҢ АРҚАСЫНДА АНА АТАНДЫМ

«Бала – бауыр етің», «Балалы үй базар» дейді қазақ. Бұл дүниеден бір перзентке зар болып өткен адамдар қаншама?! Еліміздегі әйелдер арасындағы бедеулік, ерлер арасындағы белсіздік көбейген сайын ұрпақ сүюдің өзі өзекті мәселеге айналып жатқаны да шындық. Дегенмен де заманауи медицинаның жетістіктері мен білікті мамандардың, басқа да қайырымды жандардың арқасында өмірге сәби әкеліп, жас иіске мейірлері қанған отбасыларды естігенде, көргенде қатты қызығып, сол бақыттың маған да бір күн бұйыратынына үмітімді үзбедім.

Осыдан 6 жыл бұрын омырау безім қабынып, жатырымда жабысқақ пен ет өспесі пайда болды. Алғашында омырауымда түйін бар екенін сездім. Өзіміздің учаскелік дәрігерге барып едім, емшектің созылмалы ауруы (мастопатия) деген диагноз қойды. Сонымен емделіп жүрдім. Гормонды дәрілерді берді. Одан жағдайым өзгермеді. Әлгі түйін үлкейе берді. Кейіннен ұзындығы 5 сантиметр, тереңдігі 3 сантиметрге дейін жетті. Дәрігерлер онкология институтына жіберді. Ол жерде операция жасауға шешім шығарды.

Алайда жанашыр адамдарым отадан бас тартып, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына барып,

алтын иненің көмегімен емделуге кеңес береді. Солардың кеңесі бар, оның үстіне кім ота жасатқысы келеді дейсіз «Жас-Ай» орталығының есігін бір күдік, бір үмітпен аштым. Бірінші курстан кейін-ақ ол өзін жеңіл сезіне бастадым. Күдігім сейіліп, үмітім ақталды. Екінші курс қабылдағанда дәрігерлер өз көзіне өздері сенбеді, өйткені, тексерілуге барып едім, омырау безімнің ісігі түгелімен қайтқаны анықталды. Ал үшінші курста әлгі ауру түп-тамырымен жойылды.

Басында шыбын жаныма сая іздеп барып едім, бұл орталық мамандары ауруымнан құлан-таза айықтырып, құшағыма бала сыйлады. 16 жылдан кейін шырылдаған сәби үнін естідім. Жасмин атты қызым қазір өмірімнің мағынасына айналды. Шексіз ризашылықтан басқа айтарым жоқ. Әрдайым алдарыңыздан ақ алғысын айтқан жандар шыға берсін!

Назгул Айдабосынова

*Ауру – денеге зарарлы нәрселерден болатын
бүлінішілік. Құдіреттің ісінің бәрі орынды,
бәрі жөнді. Жөнді істі жөнсізге
айналдыратын кінә өзімізден.*



Ахмет Байтұрсынұлы

МЫҢНАН БІР АДАМҒА ҚОНАТЫН ҚАСИЕТ

**Аса құрметті, қазақ халқының асыл азаматы
Жасан Зекейұлы!**

Заман талабына сай емделушілерге зор жауапкершілікпен қарайтын қызметкерлерді қалыптастырып, бір-біріне туыстай, бауырдай қарайтын ұжым тәрбиелегеніңізге, қазақтың текті халық екенін, тәрбиесі бесіктен басталатынын үйретіп, елім деп келген азаматтығыңызға рахмет!

Адам баласы үшін шынайы өмір ғылым-білім игеру болғандықтан, үйрену мен үйретуден қол үзбей, мамандықтарына сай қызмет етуді мақсат тұтқан ұжым екенін сырттай қарап, емделуге келген біздер көріп отырмыз. Неге десеңіз, адамның жаратылыс мақсаты – көру, білу, үйренгенін басқаларға үйрету. Осы ретте өзіңіздің көптеген қытай тілінде жазылған еңбектеріңіз өз тілімізде жарық көруіне тілектеспін!

Мен Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданының тұрғынымын. Т.Шонаұлы атындағы мектепте 38 жыл ұстаздық қызметте болдым. Мамандығым – математика пәнінің мұғалімі. Ем алғаным 10 күн болды. Өзімді жақсы

сезінемін, ұйықтай алмай келгенмін, денсаулығым жақсара бастады.

Алланың берген қасиетімен тамыр ұстап ауруыңды дәл анықтау – екiнiң бiрiнде бола бермейтiн, мыңнан бiр адамға қонатын қасиет.

Қоғам өмiрiнiң үлкен бөлiгiн жастар құрайды. Сiз сондай жастарды көптеп тәрбиелеп жатырсыз. Еңбегiңiздi халқыңыз бағалап, емделушiлердiң шынайы алғысын ала берiңiз! Алла қуат берсiн!

Р.Шайқажова



*Кімде-кім аурудан жазыламын деп бекінсе,
мұның өзі – аурудан жазылғандық.*



Д.Боккачо

АУРУМЕН АРПАЛЫСҚАН КҮНДЕР АРТТА ҚАЛДЫ

Алғаш «Жас-Ай» орталығына екі адамның сүйемелдеуімен, сүйемелдеу дегенім де артық болар, туыстарым көтеріп алып келді. Маған «Омыртқааралық диск жарығы, бел-құйымшақ омыртқалар остеохондрозы» деген диагноз қойылды.

Өмірімде алғаш рет, онда да өздігімнен тұра алмай қалатындай деңгейге науқастанып қалғаным өзімнен бетер алаңдаған туыстарым бірнеше медициналық мекеменің есігін ашты. Алайда барған жеріміздің бәрі «бұл дерттің бір ғана емі – операция жасау» дегеннен аса алмады. Пышаққа түсуге бірден шешім қабылдай алмай, таныс жолдас-жарандарымнан сұрастыра келе, туыстарымнан «Жас-Ай» медициналық орталығына апаруларын сұрадым.

Әуелде ауруым жаныма батқаны соншалықты, «Мені операция күтіп тұр. Сізге келіп, уақытымды текке өткізіп алмаймын ба?» – деген күмәнімді де жасырмай айттым. «Бұл емнің қаншалықты кепілдігі бар?» деп те қазбаладым.

«Адам өміріне, әсіресе, денсаулыққа кепілдікті тек Алладан өзге ешкім бермейді. Ал ақ халаттылар Алладан асып ешнәрсе жасай алмайтынымыз хақ. Сізді

алдымен Алла қолдасын! Алланың көмектескені сол – Сізді бізге жіберіп отыр, айығып кететініңізге көзім жетеді», – деген орталық басшысының сөзі маған қуат беріп, ем қабылдауды бірден бастап кеттім.

Сөйтіп, Тибет медицинасы негізіндегі ине емін қабылдаған үш күннен соң түнімен ұйықтай алмайтын әдетімнен арылдым. Бес күннен соң ешкімнің сүйемелінсіз ақырын жүріп, курстың аяғына дейін біржола дертімнен айықтым. Дертіме шипа тапқандықтан, Жасан Зекейұлының дәрігерлік, дәругерлік қасиетін әлі күнге жыр қылып айтып жүремін..

«Естіген – жалған, көрген – ақиқат» деген осы екен.

Мақтағали Бектемесов
ҚазҰПУ-нің проректоры





*Тәттің саулығына ең жақсы шипалы дәрі –
сергек жайлар мен көңіл-күй.*

Х.Бострем

ШАҢЫРАҒЫМА ШАТТЫҚ ҰЯЛАДЫ

«Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар» дейді дана қазақ. Басына шаңырақ көтеріп, қазан асқанды кім жек көрсін?! Дегенмен төрт түлігің сай болса да, алты қанат ақ ордаңнан сәбидің үні естілмесе, өмірдің сәні қайсы? Мәні қайсы? Одан қара домалағы қаптаған қара күрке мың артық емес пе? Алдың жарық нұр болғанымен, артың түнек із қалмаса, шырағыңның сөнгені болар. Аллаға шүкір! Аурудың азабын тартқаныммен арашашыға жолығып, шаңырағым шаттыққа бөленді...

Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде бір бай болыпты. Төрт түлігі сай болыпты. Байлығының көптігі соншалық, санауға сан жетпейді екен. Бірақ еміреніп сүйер баласы болмапты. Бір күні бай биік төбеге шығып, жалғыз өзі зар еңіреп, Алладан рақым сұрапты: «Ей, шапағаты мол Алла! Бір күнге болса да бір нәрестелі қыла көр. Ол туылғанда бар байлығымды шашып той жасайын, маңдайынан иіскеп, бауырыма басайын! Ертеңінде алып кетсең де дән ризамын! Мейірімі шексіз Алла Тағала, тілегімді қабыл ете гөр...» деп жалбарыныпты.

Алла байдың тілегін қабыл етіп, көп өтпей байдың кемпірі жүкті болыпты. Тоғыз ай, тоғыз күнде дүниеге келген баласына бай сөзінде тұрып, ұлан-асыр той жасапты. Жиған байлығынан түк қалдырмай, жоқ-жітікке таратыпты. Ешнәрсесін аямапты. Тек «Бір күнге ғана

берген Алла ертең алып кетеді-ау баламды!» деген қорқыныш көңіліне маза бермеген екен. Бір күн өтіпті, екі күн өтіпті... бес жыл өтіпті, он жыл өтіпті... баласы жиырмаға келіпті. Бір күні бай бір ғұламадан мұның мәнісін сұраса керек. Сонда ғұлама: «Бір күнге сұрағаның – сенің тілегің, ал тойыңа жиналған халықтың бәрі балаңның амандығын тілеп, өмір жасы ұзақ болсын деді, берген дүниеңе ризалық етті. Алла Тағала жұрттың ықыласын қабыл етіпті. Құдай қаласа, балаң елі сүйген ер азамат болады» депті.

Бұл аңызды айтып отырған себебім, өмірдің бар қызығы, расында да, бауыр ет балаңның болуы екен. Балалы болуды мен де неше жыл армандағанмын. 4 жыл өтті, 5 жыл өтті. Талай таңды ұйқысыз атырып, талай кешті күлкісіз батырдым... Жатыр ауруы болғандықтан, барған дәрігерлерімнің бәрі жатырымды алдырып тастауға кеңес берді. Қайтіп олай істерсің! Ананың бақыты бала сүю емес пе? Шарқ ұрып шипа іздеп жүргенде «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығын естіп, «себеп болар» деп сонда бардым. Бас дәрігер Жасан Зекейұлы екен. Сол кісіден «бала көтеруге әлі де мүмкіндігің бар» деген сөзді естіп, өшкен отым қайта жанғандай болды. Бірақ ол кісінің айтуынша, медицина тілімен айтқанда, жүкті болуға жатырдың бірақ пайыз мүмкіндігі бар болып шықты. Бұл дегеніңіз, меніңше, мүмкін емес нәрсе еді... Шығыс-тибет медицинасының көмегімен Жасан Зекейұлының ерекше емімен мүмкін болды. Көп өтпей жүкті болдым. Балпанақтай ұл тауып, «Әл-Фараби» деп ат қойдық... Жұлдызым жанды, аспаным ашылды...

Ауруды берген Алла емін Жасан дәрігерге бұйырған екен. Лайым, шаңырағыма шаттық ұялатқан жанның алдынан тек Алла жарылқасын!

*Әлия Пшаинова,
Алматы қаласы*



*Ауру батпандап кіріп,
Мысқалдап шығады.*

АДАМНЫҢ БІР ҚЫЗЫҒЫ БАЛА ДЕГЕН

«Арман деген – көп белес. Біріне шықсаң, бірі бар». Иә, адамның арманы шексіз. Біреулерге мансап, енді біріне дәулетті тұрмыс – арман. Бәлкім, адамның пейілін қара бақыр тиынмен өлшейтін түлкі бұлаң мына заманның өзі соны талап етіп отырған шығар. Бірақ мен пендешілік ойдан адамын. Әлдебіреулер секілді мансап кумадым, бақ-дәулет сұрап, Аллаға алақан жаймадым. Менің жалғыз тілеуім – тек ұлымның амандығы.

Біздің отбасымыз үшін сиыр жылы өте ауыр болды. Олай дейтінім, асыр салып ойнап жүрген төрт жасар Даниялым кенеттен есінен танып, қол-аяғы тартылып қалды. Мұндайды бұрын көрмеген біз не істерімізді білмей әбден састық. Дереу «Жедел жәрдем» шақырттық. Дәрігерлер күні кеше ғана жайраңдап жүрген балапаныма «қояншық» деген диагноз қойды. Мамандардың айтуынша, эпилепсия – табиғаты түсініксіз, созылмалы психоневрологиялық ауруға жатады екен. Негізгі сипаты кенеттен және қайталанып отыратын талмалы ұстама болып, мидағы нерв жасушаларының өте жоғары электрлік белсенділігі мен ауытқуы салдарынан осылай болатын болса керек.

Міне, содан бері бірнеше ай өтті. Баламды көтеріп, біраз медициналық орындардың табалдырығын аттап,

мүйізі қарағайдай нейрохирургтердің барлығына дерлік қаралдық. Әйтсе де дертке шипа іздеген әрекеттен еш нәтиже болмады. Ол түсінікті де. Медицина бұл дерттің алдында әзірге дәрменсіз. Халық емінен жәрдем болар деген үміт те ақталмады. Талай бақытты күндеріміз артта қалып, алдымызда келе жатқан әр күн сондай ауыр, қасіретті сезілетін болды. «Ақсай» республикалық клиникалық балалар ауруханасында жатып ем қабылдаған құлынымның талмасы сирей бастағандай көрінгенімен, кейінірек қайта жиілеп, ауру барған сайын асқынды. Соңғы кездері басын ұстай алмайтын болды. Қолы да жөнді икемге келмей, ұстап отырған затын түсіріп ала береді. «Алла» ауруымен қоса шипасын да жібереді» деген рас екен. Аурудың емі де табылды. Оны «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының бас дәрігері Жасан Зекейұлы тапты. Орталықта біз небары бір курс ем алдық. Ине емінің алғашқы күнінен-ақ баламның қолы икемге келді. Басын ұстай алатын халге жетті. Талмасы тоқтады. Бұрынғысынша шаттанады, күледі. Енді келесі курс емге келуге асығып жүрміз. Өне-міне дегенше он күн де өте шығар. Аллаһ амандықпен жүздестіруге жазсын!

Орыс жазушысы Глеб Успенский: *«Менің арманым – өмір үнемі алға қарыштай берсе екен, сейсенбі дүйсенбіден жақсырақ, зұлымдық кешегіден бүгін азырақ болса екен, адам бүгінгіден ертең ақылдырақ, бір-біріне мейірімдірек болса екен деп тілеймін»,* – деген екен. Біздің де жүрегімізде осы тілек. Әр күн халқымыз үшін жақсылықпен атып, қуанышпен батсын демекпіз!

*Даниял Әуесбектің анасы,
Жамбыл облысы,
Мойынқұм ауданы, Қызылту ауылы*



*Көтеріп тұрып құлатады өмір.
Күлдіріп тұрып, жылатады өмір.
Етегің толып еңіреген кезде
Қайтадан өзі жұбатады өмір.
Үмітіңді үзіп, түңіж көрме.
Құлап барып та гүл атады өмір.
Үн еткен желге дірілдей берме
Шыдамдылықты ұнатады өмір.*

ЖАСАЙ БЕРСІН «ЖАС-АЙ!»

Соңғы кездері Қазақстанда Шығыс-тибет медицинасына сұраныс артып келеді. Оның бірден-бір себебі, бұл – нағыз таза, ешбір химиялық қоспасыз, табиғаттан алынған дәрі-дәрмектер арқылы емдейтін медицинаның бір түрі. Осы саланы дамытушылардың басы болып жүрген Жасан Зекейұлы десем, қателеспейтін шығармын. Ол кісіні Қазақстанға келгеннен бері білемін. Атамекенге келіп, Шығыс-тибет медицинасының халыққа шын мәнісінде керек екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп жүрген ағамызға келіп емделгендердің «ауруымнан айықпадым» дегенін естіген емеспін. Ал бұл медицинаның барлық мүмкіншіліктерін аша отырып ағзаны емдеу кез келгеннің қолынан келе бермейді. Өзім көптен бері «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына келіп, ем алып жүрмін. Осыдан бір жарым жылдай бұрын әкей дүниеден өткенде менің бір аяғым бастырмай қалды. Он күн қатарынан осы мекемеден ем алып, аттай шауып кеткен жайым бар. Адам болғаннан соң, жүйкең шаршайды, кейде денсаулығыңа қосымша күтім жасағың келеді, сондай сәттерде осы кісіге келіп ине салдырып,

уқалау жасатып тұрамын. Жұбайым да аяғынан жарақат алып, «Жас-Ай» медицина орталығында емделіп шықты. Қазір тек инемен емделіп қана қоймай, Шығыс-тибет медицинасының емдік шөптерден дайындалған дәрілерін де пайдаланады. Жасан Зекейұлы бастаған мекеме ұжымына еңбектеріңіз жансын деймін! Дертіне шипа іздегендерге әрдайым себепші болып жүре беріңіздер. Жасай берсін «Жас-Ай!»

*Рамазан Стамгазиев,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі*





ДАРА ТҰЛҒА – ДӘРІГЕР

Менің аты-жөнім – Хайруллин Серік Хояшұлы. 1999 жылдың 7 ақпанында әкем қайтыс болды. Содан бір айдан кейін менің басым ауыра бастады. Оның үстіне жүрегім айнып, денем дел-сал болып, мойным, арқа жақ, жауырындарым түгел ұйып ауыратын. Атырау қаласында ауруханаға да жаттым, жеке невропатолог дәрігерге де қаралдым. Дәрінің түр-түрін іштім. Мен жазылған жоқпын, тіпті тренталды қантамырға жібергенде кері әсер беріп, бір ажалдан аман қалдым. Маған «вегето-сосудистая дистония» деген диагноз қойылды.

Бір жолдас жігіттің айтуы бойынша Жасан Зекейұлымен 2000 жылы мамыр айында таныстым. Мен ауруымның белгілерін айтқан соң «миыңа қан бармай тұр, мен оны емдеп жазамын» деді Жасан Зекейұлы. Жалпы, менің бір жыл бойы басым айналып жүрді. Таңертеңгісін сағат 9:00-дің шамасында бас айналу басталады. Қаладағы көп қабатты үйлердің төбесіне шығып қараймын. Төмендегі үйлер теңселіп, тал-теректер қисайып, машиналар аударылып тұрғандай болады. Бір күні рөлде отырып көшеде тұрған машинаны барып соқтым. Ол маған кетіп бара жатқандай болып көрінді. Мұндай оқиға менде көп болды. Тағы бір күні немере ініммен сөйлесіп тұрып, «сен құлап бара жатырсың ғой» деп оны ұстай қалыппын, сөйтсем, басым айналып, өзім құлап бара жатыр екенмін.

Мен «Жас-Ай» орталығында 10 күн емделдім. Ине терапиясымен бірге тибеттік табиғи шөптерден жасалған дәрілер берді. Емнің соңғы күні «енді жиырма күннен кейін жазыласың» деді. Бір жыл бойы аурудан әбден көз аспаған адам бұған сене ме? Әрине, сенбейді. Мен күн санадым. Тура жиырма күн өткеннен кейін мен күндегі әдет бойынша көшеге шықтым. Үйлердің төбесі, өсіп тұрған тал-терек барлығы орнында. Өз көзіме өзім сенбей қайта-қайта қарадым. Дәл солай. Бастың ауруы сап тыйылды. Тамаққа төбет ашылды. Алматыдағы жолдас жігітке «кафеге барып тамақ ішейікші» деп телефон шалдым. Бұрын менің сөмкемде дәрінің түр-түрі жүретін, тіпті ампуладағы баралгинді шприцпен қосып, жанымнан тастамайтынмын. Себебі аяқ асты басым қысып ауырғанда өзіме-өзім укол сала беретінмін. Қазір, Құдайға шүкір, барлығы қалды.

Жасан Зекейұлына айтарым, Қазақстан халқына жасаған еңбегің жемісті болсын! Жанұя, бала-шағаң, туған-туыстарың, ұжымың аман болып, гүлдене бер!

*Серік Хояшұлы,
Атырау қаласы*

*Дәрі-дәрмек атаулысының таңдаулысы –
жақсы демалыс пен нәпсіні тежеу.*



Бенджамин Франклин

ҚАЙТА ЖАНҒАН ҮМІТ ОТЫ

Жас келіп, қартайған шақта адам баласының бір тілегі ауру-сырқаудан аман болу ғой. Менің де денім сау, күнделікті күйбең тірліктің қамымен жүрген жан едім. Ақпан айы болатын. Кешкі уақытта саусағымның ұштары жансызданып, өзімді біртүрлі сезіне бастадым. 5-10 минут өтер-өтпесте ернім кезеріп, тілім күрмеліп, сөйлеуге де шамам келмей қалды. Бара-бара бүкіл денем жансызданып, ештеңені сезбей, есімнен танып қалдым. Он күннен аса ауруханада жатып емделгенімнен түк шықпады. «Бұл ауруыңызды емдей алмаймыз...» деп аурухана дәрігерлері шығарып салды. Дертіме шипа таппай жаным қиналғанда «Жас-Ай» медицина орталығы жайлы балаларым естіп, мені осы жерге арбаға отырғызып алып келді. Орталықтағы бас маман Жасан Зекейұлы тамырымды ұстап, бірден ине еміне жатқызды. «Он күнде өз қалпыңызға келіп, жүгіріп жүретін боласыз» деген дәрігердің жылы сөзі көкірегіме қуаныш сыйлады. Ол сөзі шындыққа сайды. Он күннің ішінде баз-баяғы қалпыма келдім. Сөнген үмітімді қайта жағып, жан азабынан айықтырған жігіт ағасы Жасан Зекейұлына, осы орталық қызметкерлеріне айтар алғысым шексіз.

Құндызай Сағындыққызы

*Сау адам біреудің жарасы ауырып
отырғанын білмейді.*



Сайф Саран

ПСОРИАЗ ДЕРТІНЕН АЙЫҚТЫМ

Терімнің 90 пайызы псориазға шалдыққандықтан ұзақ жылдар бойы ауру азабын тарттым. Аурудың салдарынан қонаққа барудан қалдым. Баратын жерлерге мүмкіндік болса, қонбай, қайтуға тырысатынмын. Мұның бәрі – сол құрғыр аурудың кесірі еді. Ел аумағындағы емделмеген жерім, көрінбеген медициналық мекемем қалмады. Арғысы Германия, бергісі Беларусь еліне дейін шарлап қайттым. Ондағылардың бәрі дерлік жазылмайтын ауру деген диагнозбен шығарып салған еді. Сөйтіп, соңғы үмітімді арқалап, «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығына келдім.

Алдымен Алланың ризашылығы, содан кейін осы медициналық мекеменің басшысы Жасан Зекейұлының алтын қолының емінің арқасында, екі курстан соңақ құлан-таза жазылдым. Еш жерден ем қонбаған ауруымды аластаған сіздің инелеріңізде бір тылсымдық бардай. Бастысы, сіздердің дендеріңіз сау болсыншы!

*Әбусағит Молдахметов
58 жаста*



*Дана көптен шығады,
дәрі шөптен шығады.*

Халық даналығы

ОТБАСЫМА «ПЕРІШТЕ» СЫЙЛАДЫ

Сегіз жыл перзент көтере алмағандықтан, ақырында бедеулік диагнозы қойылды. Әбден сартап болған ауруымның емін «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығынан таптым. Мұндағы дәрігерлердің басты ұстанатын медициналық тәсілі – кез келген ауру түріне диагноз қоймастан бұрын, ең алдымен, ол дерттің себебін анықтайды екен. Осындай әдіспен бедеулік ауруының себебі ішегімнің қабысуынан (спайка) болғанын анықтады.

Бедеулік ауруын емдетемін деп бармаған жерім қалмаған. Соңғы кездері қаптап кеткен ақылы медициналық мекемелердің табалдырығын қалтамдағы соңғы ақшамды түгескенше тоздырдым. Бәрінен жақсы нәтиже болмағандықтан, бір құрбымнан инемен емдейтін «Жас-Ай» орталығы туралы естіп, осында келдім.

Аллаға, одан кейін «Жас-Ай» орталығына мың алғыс! 2 курс емнен кейін құрсақ көтердім. Көптен күткен арманым орындалды. Тіл-көзім тасқа, әрбір науқасқа үлкен қуаныш сыйлап отырған «Жас-Ай» Шығыс-тибет медициналық орталығы дәрігерлерінің еңбегі орасан деп білемін. Отбасымызға періште сыйлап жатқан ақ халаттыларға деген шексіз алғысымды қалай жеткізерімді де білмей отырмын.

Гауһар Кәрімова



*Ауру-сырқаудан сау дене дұрыс рухтың
жемісі болып табылады.*

Бернард Шоу

АУЫР ДЕРТІМЕ ТЕГІН ЕМ ЖАСАЛДЫ

«Ине терапиясымен емдеу орталығы бар» дегенді естіп Талдықорған қаласынан Алматыға арнайы келдім. Артериялық гипертонияның 2-ші дәрежесі, оның үстіне, қауіпті үшінші топ невроз ауруын артынып жүрген маған мұнда «мойын омыртқалар остеохондрозы мен глаукоманың басталуы» деген диагноз қойылды. 49 жасымда түрлі ауруды жамап келген мені орталық медбикелері жылы қабылдады. Медициналық мекеме басшылығы біздің отбасылық жағдайымызды ескеріп, тегін ем қабылдауға рұқсат етті. «Ауруымнан айығамын, оның үстіне, ем тегін болады-ау» деген үш ұйықтасам түсіме кірмеген еді. Ауру жанымды бір қысып, оны емдеуге қаржының жоқтығы қоса қинап жүргенде, бұл – мен күтпеген тосын сый еді... Осы орталық туралы теледидардан ести сала, бар жиған-тергенімізді жинақтап, Алматыға алып ұштық. Алғысым шексіз. Ауруымнан айықтым.

*Гүлжан Әлпейісова,
Талдықорған қаласы*



*Көкірегі ояу, көзі ашық керемет жан,
Өн бойына құдірет ұялаған.
Шытамыз өз еліме дарысын деп,
Жасан келді елі үшін асып қырдан.*

СӨНГЕН ҮМІТІМІЗДІ МАЗДАТТЫ

Мен бұл орталықты көп уақыт іздедім. Таныстарымнан «инемемен емдейтін медициналық мекеме бар екен» дегеннен өзге ақпарат ала алмай жүргенмін.

Біреу себепші болып, бұл орталықты әйтеуір таптым-ау... Лариса Королева деген жүзі таныс келіншек бар еді. Сол Лариса дәрігерлер қойған диагнозға сеніп, осыдан жеті жыл бұрын бұл тірліктен үмітін үзіпті. Яғни ақ халаттылар оның науқасының ауырлығына қарап, «қолымыздан келер шара жоқ» деп шығарып салған. Осы халдегі науқасқа сол жылдары Жасан Зекейұлы қайтадан өмір сыйлады. Сол себепті Лариса Королеваның бұл медициналық орталыққа деген алғысы шексіз. Мен мұндай орталықтың бар екенін сол кісіден естіп білдім. Ұлым Михаил Марининнің белі ауырып, аяғы қозғалудан қала бастаған. Оның түні бойы «ауырдым» деп дөңбекшігенін көргенде жанымды қоярға жер таппайтынмын. Ана үшін баласының қиналғанын көруден асқан азап жоқ шығар... Енді, міне, «Жас-Ай» орталығына келіп, ем алуды бастағалы бері ол күндер ұмытыла бастады. Ем алған алғашқы курстан кейін ұлымның белі қақсап ауыратынын қойды. Бұл біздің сөнген үмітімізді

маздатты. Жасан Зекейұлының басшылығындағы жылы жүзді орталық қызметкерлерінің арқасында ұлымның аяғынан тік тұратынына сенімім мол. Балам қайтадан өзінің шаңғы тебетін сүйікті ісіне оралады. Барлық мекеме ұжымына үлкен рахмет! Сіздер науқас жандарға қайтадан өмір сыйлап, олардың сөнген үмітін жақтыңыздар. Сондықтан Сіздердің еңбектеріңіз өлшеусіз. Осындай орталықтар көп болса екен деп тілеймін!»

*Михаил Марининнің анасы –
Галина Дмитриевна Маринина*





*Ақшаға дәрі сатып ала аласың, бірақ
денсаулық сатып ала алмайсың...*

Юрий Зарожный

АНАЛЫҚ АҚ БАТА

Жасан балама ризашылығымды білдіремін. Басым ауырып, қан қысымым көтеріліп, бетімнің жүйкесіне суық тиіп, бірнеше жылдан бері азаптанған едім. Диагнозым – гайморит. Жасанға келіп, 4 курс ем қабылдап, барлық дертімнен айығып шықтым. Дәрігерлердің, медбикелердің ілтипаты ауруымның жеңілдеуіне көмектесті, олардың қабақ шытқанын байқамадым. Үлкен кісілерді ата-анасындай көріп сыйлап, асқан қонақжайлылықпен қабылдап, ақ көңілімен шығарып салды. Барлық ауруың сол жылы сөздерден кейін жазылып кеткендей күй кешесің. Бірнеше күннің ішінде өз сіңлілерімдей жақын тартып кеткен медбикелерге, дәрігер балаларыма амандық тілеймін. Адамгершіліктеріңізді Құдай қолдап, Алланың нұры жаусын! Бір-біріңмен ағайындай сыйласқан ұжымдарыңның береке-бірлігі берік болсын!

*66 жастағы апаларың – Аянкул,
Тараз қаласы.*



*Егер тән ауырса көңілдің күрт түсуі –
табиғи құбылыс.*

Әл-Фараби

ӨЗ АЯҒЫММЕН ЖҮРУДІ СЫЙЛАДЫ...

*Құрметті «Жас-Ай», ризамыз саған,
Халықты шипалы емдеуге даяр болған.
Ұл-қыздарың мерейі үстем болсын,
Аман жүр қазақ үшін Жасан балам!*

*Қазақтың рухын жоғары бағалаған,
Биязы, иман жүзді көп екен адам.
Жасаң, Серік ағалардан өнеге алған,
Медбике қыздарыма табыс тілейді Фапура апаң.*

Мен, Фапура Сейдоллақызы, сол жақ денем сал болып, «Жас-Айға» жүре алмай келген едім. 10 күннің ішінде өзім жүріп тұратын, халге жеттім. Жасан Зекейұлының «Жас-Ай» медицина орталығына алғысымды білдіремін.

Фапура Сейдоллақызы



*Оташы болсаң батыл бол,
емші болсаң етті бол*

СЫЙ ДОМБЫРА

*Домбыраның тыңдасаңыз ғажап үнін,
Алатаудай көрерсіз саз алабын.
Күйлері тасқындаған буырқанып,
Мерейіндей асқақтаған Жасанның!*

*Сүйсінерсіз жасаған затымызға,
Татиды-ау ұсынатын тартуымызға,
Дүйім жұртқа белгілі іскер басшы
Тарап кетті талай жерге атыңыз да!*

Жасан мырза, отбасыңызға амандық тілей отырып, өзіңізге киелі домбыра сыйлап отырмыз. Бұл домбыра ұрпақтарыңызға мұра болып, шаңырағыңызға құт әкелсін, ісіңіз оң болсын, жұлдызыңыз жарқырасын!

*«Жеті Муза» өнер бірлестігінің
жетекшісі, этнограф, дизайнер,
ерлі-зайыпты шебер Талғат-Жарқынай*



*Ойыңның тазалығына жұмыс істе,
сонда ісің де таза болмақ.*

Конфуций

ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ЧЕЛОВЕК

С огромным удовольствием хочу выразить благодарность всему коллективу «Жас-Ай»! Особенно меня поразили и приятно порадовали профессионализм и деликатность врача Жасана Зекейулы! Надеюсь, что его умение и, главное, достигнутый результат, будут радовать меня многие годы. Очень благодарна всем тем, кто принимал участие в моей сложной и трудоемкой ситуации! По состоянию здоровья, это целый букет, я попала в этот центр.

Приступив порог центра я почувствовала благоприятную энергию. Я благодарно судьбе, что я попала на лечение именно сюда. Медперсоналы центра очень вежливы с пониманием, со знанием относятся к своей работе. Огромную благодарность хочу выразить отдельно директору центра Жасан Зекейулы за высокий профессионализм. Огромное спасибо за сплоченность коллектива, за хороший подбор кадров, что является гарантом хорошего, качественного лечения. Жасан Зекейулы – как врач от Бога не жалеет сил в его нелегком труде. Благодаря его и медперсоналу я чувствую себя превосходно. Спасибо Вам большое. Искренне желаю всем сотрудникам клиники здоровья, и, главное – не терять умение дарить людям радость, ведь здоровье – это главное, что нужно человеку!

*Мадышева Тынышкуль Руаевна
20.06.2008 г.*



ЗАМЕЧАТЕЛЬНЫЙ И ТАЛАНТЛИВЫЙ ВРАЧ!

Я, Маринина Галина Дмитриевна, очень долго искала этот центр, именно эту клинику, мне рекомендовали ее мои знакомые. Одну из которых женщина Лариса Королева была уже как говорится приговорена всеми врачами и 7 лет назад Жасан Зекейулы вернул ее к жизни, за что она безмерно благодарна врачу. Сейчас когда с моим сыном Марининым Михаилом случилось беда, сильные боли в пояснице, отказали почти совсем ноги, когда мы прошли курс лечения стало гораздо лучше. Надеюсь и верю, что вся клиника и медперсонал во главе с таким врачом как Жасан Зекейулы поставят моего сына на ноги и он еще вернется к своим горным лыжам. Особенно хочу выразить свою благодарность и благодарность сына за внимательное отношение Жасан Зекейулы и пожелать всему медперсоналу личного счастья, здоровья и процветания Вашей клиники, ведь Вы возвращаете людей к жизни. Побольше таких талантливых, замечательных врачей и таких хороших клиник.

*С уважением, Г.Д.Маринина
11.08.2008 г.*



*Емделудің үш түрі бар:
әселмен (бал), қан алдыру, отпен күйдіру.*

Мұхаммед (с.а.с.)

БЛАГОДАРСТВЕННОЕ ПИСЬМО

«...Общаясь с медперсоналом центра и его пациентами я слышал о профессора Жасан Зекейулы только хорошие и даже восторженные отзывы, как о большом специалисте в своем деле, влюбленном в свою профессию. О нём говорят как о хирурге «золотые руки», человеке больших знаний и в то же время скромном и доступном. Я с удовольствием присоединяюсь к такому общему мнению. Не сомневаюсь, если бы в нашей Родине было побольше таких людей, как Жасан Зекейулы – всё было бы по-другому, – как надо... Большой и несомненной заслугой Ж.Зекейулы является создание в основном молодого квалифицированного персонала медцентра. В нём каждый хорошо знает свои обязанности, чётко их выполняет и от этого весь коллектив работает ритмично, как хорошо отлаженный механизм...

Я, Саматова Жанар Мендигереевна, родилась в 1980 году Теректинском районе. В прошлом году, т.е. 2008 г. я тяжело заболела, мне поставили диагноз межпозвоночная грыжа. В этом году я приехала на лечение в «Жас-Ай». После 10-дневного курса лечения я вновь прошла МРТ и мне сказали, что грыжа рассосалась. Хотелось бы выразить огромную благодарность коллективу этого центра. Подобной чистоты и санитарно-гигиенической обстановки я ранее не встречал нигде. СПАСИБО Вам за теплое отношение и хорошее лечение!

Жанар Саматова

*Қандай аурумен сырқаттансаң да
жан-дүниеңді, рухыңды дұрыс ұстап,
тамақтан қалмасаң – жақсылықтың белгісі.*



Гиппократ

ДАЙ ВАМ БОГ ВСЕХ ЗЕМНЫХ БЛАГ

Я, Чистобаева Раушан Нурахметовна, 1954 года рождения, приехала из далекого Петропавловска к доктору Жасан Зекейулы в Центр Восточно-тибетской медицины в надежде на стабилизацию артериальной гипертензии, снятие головных болей (церебральный арахнаидит), болей в позвоночнике (дискогенный радикулит), а также приступов ЖКБ (камень 2,6см в желчном пузыре). Прошла один сеанс иглотокотерапии в «Жас-Ай» и давление, годами державшееся на отметке 170/120, 190/120 нормализовалось до 120/80. Спасибо умелым рукам, знаниям и отношению профессионалов центра. Из-за нормализации давления, проведенного курса лечения на позвоночник легко встаю с постели, свободно, самостоятельно могу обуться-разуться, нет тяжелого кома в голове. Еще раз спасибо и дай Вам Бог всех земных благ и долголетия. Дарите и дальше людям добро и веру в жизнь.

*С уважением, Раушан Нурахметовна
20.11.2006 год*



*Жазылмайтын ауру жоқ,
Жазылмайтын адам бар*

Тибет даналығы

ХАЛЫҚҚА ҚАМҚОР АЗАМАТ

«Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының мамандары менің сөне бастаған үмітімді қайта тұтатты. Мен Оңтүстік Қазақстан облысы, Мақтаарал ауданы, «Ильич» ауылында туып өстім. Құдайға шүкір, төрт қыз, екі ұл тәрбиелеп отырған әкемін.

Бірақ, ауылдың жағдайы белгілі. Кейде екі қолға бір күрек табылмайды. Тұрмысымызды түзеу мақсатында алты жыл бұрын Алматы облысы, Талғар ауданы, Талдыбұлақ ауылына көшіп келдік. Осы ауылдан ескі үй сатып алып, жанынан еңселі жаңа үй салмақ болдым. Ескі үйімді банкке кепілдікке қойып, 30 мың АҚШ доллары көлемінде 15 жылға несие алдым. Қаржының бір бөлігіне автобус сатып алып, ал қалғанын мектеп бітірген үш балама бөліп бердім. Үшеуі де ақылы оқу орындарына оқуға түсті. Өзім қала бағыттарының бірінде автобус жүргізушісі, жұбайым кондуктор болып бірлесе еңбек еттік. Осылайша бақытты, тату-тәтті күн кешіп жатқанымызда өткен жылдың ақпан айында сол жағымнан инсульт алып, ес-түссіз құладым. Содан бері талай уақыт өтті.

Жасан Зекейұлына жолыққанша қозғалыссыз жатқан едім. Аяғым жайлап басуға келгенімен, қолым қимылға келмеді. Несиенің уақыты өтіп бара жатыр. Бар жағдайымызды бүкпесіз айтқан соң банк басшылығы

да жағдайымызды түсініп, уақыт берді. Несиені төлей алмасақ, үйімізден айырылатын едік. Жоғары оқу орнына түскен екінші балам да оқу ақшасын төлей алмай, академиялық демалыс алды. Отбасының жағдайы тым нашарлады, ішерге тамақ, киерге киім таппай қиналды.

Отбасымның жалғыз асыраушысы өзім болғандықтан, аяқ астынан келген дерт бәрін тұралатып тастады. «Жыртық үйдің Құдайы бар» демекші, тарыққанға тарыдай болса да мейір-шапағат көрсететін қайырымды жандар да кезігіп тұрды. Соның бірі – маңайына мейірім шашып, қамкөңіл жандардың жанына шуақ құйып, демеушілік жасап жүретін жомарттардың қатарындағы – Жасан Зекейұлы өзі басқаратын «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына шақырып, жағдайыммен жақынырақ танысты. Кәнігі шипагер «ә» дегеннен-ақ, тамырымды ұстап, диагнозымды дөп басып, дәл айтып берді.

«Адам бойындағы бірнеше литр қан жүректің қуатты күшімен денеде айналып отырады. Ағза мүшелерінің дұрыс жұмыс істеуі қан айналымы жүйесімен байланысты», – деді Жасан Зекейұлы. Жүрегіме салмақ түскендіктен менде осы жағы кемшін болып шықты. Ол кісі ең алдымен он екі мүшеменің ішінде алдымен аяқтың сезіну қасиетін байқап көрді. Алып барған рентген суреттерімді қарап, мидың қай бөлігінде қан ұйығанын анықтады. Нәтижесінде мидың әрекет жүйесі мен қозғалыс жүйесінің орта қуысына көп қан кеткені яғни, оң жақ ми бөлігіндегі қанның тоқтауынан сол жақ аяқтарым ұйып, істен шыққаны мәлім болды. Бұл бөлік алтын иненің күшімен ғана іске қосылады екен.

Жасан Зекейұлы ине салып қана қоймай, ми ішіндегі қан ұйындысын сұйылтып, ұйыған қанды тарататын, қан қысымын қалпына келтіретін шөп дәрілерді және жүрекке қуат беретін дәрумендерді қоса тағайындау керектігін

терапевт-дәрігерге түсіндірді. Осылайша мидың ішіндегі істемей қалған арналарға ине қондыру арқылы жан бітірудің алғашқы қадамы жасалды. Жалпы, маған он күннен үш курс ем тағайындалды. Одан бөлек Тибеттен алынған емдік дәрілер бар яғни, 250 мың теңге Жасан Зекейұлының жеке қалтасынан төленді. Алған емдомның арқасында аяқ-қолыма жан кірді.

«Берген жомарт емес, алған – жомарт» дейді қазақ. Сөз төркініне үңілсек, біреуден жақсылық көрген адам өзі біреуге қайырымдылық көрсетіп, жақсылық жасаушылардың санын молайтып, дүниеде жомарт жандардың қатарын көбейтеді екен. Мүгедектіктен құтқарып, өзімді өмірге жаңа келген сәбидей сезіндірген, азаматтық көмегін аямаған жанға тек алғыс айтып қоюдың өзі аз. Лайым жақсы істер жалғасты болсын! Алла, денсаулық сыйлаушы жанның денін сау қылсын!

Балтабай Жақсыбайұлы



*Жаратушым жар болсын,
Жасай бер, Жасан, «Жас-Ай»!
Қасиетіңе сүйіндім,
Еміңнің ерек шипасы-ай!
Дарындысың, данасың,
Жұлдыз болып жанасың!*



Талғат Белгібайұлы

БОЛАШАҒЫ ЗОР ҰЖЫМ

Жасымның ұлғайғанына қарамастан, бір күн болса да жарық дүниеде сергек, ауру-сырқаусыз жүргім келді. Денем зіл батпан, белім қақсап ауырғанда аяғымнан жүре алмайтынмын. Құлағым үнемі гуілдеп тұратын. Көп қиналдым. Алматы, Атыраудың емханаларынан бірнеше жыл қатарынан ем алдым. Көмектеспеді. Содан бір күні Алматыдағы ұлымның үйіне келгенде «Жас-Ай» журналы қолыма тиіп, оқып шықтым да, барып көрейін деп шештім. Бір реттік ем-домын алып, сырқатымнан айықтым.

Менің айтайын дегенім. Жасан ұйымдастырған ұжымның болашағы бар. Жасан тілімізді қатты қадірлейтін азамат. Журналдарды оқығанымда «Аллаһ, біссіміллә» сөздері бар. Осыған қарағанда Жасан – киелі, арқасы бар адам. «100 қытайды емдегенше, бір қазағымды емдейін деген арманым жеттім» дейді. Қаны таза нағыз қазақ осы. Ұлтымызға жанашырлығы, бауырмалдығы ашық-жарқын бет-жүзінен, келбетінен көрініп тұр емес пе?

Ауруларды емдеуге құштарлығы, адамгершілігі мол адам. Білімі терең, дегенмен үнемі ізденуден талмайтын жан екен. Барлық жерде баяндаманы қазақ тілінде оқиды. Міне нағыз қазақ. Ал бізде 1-2 орыс ұлты болса болды, орыс тілінде сайраймыз.

Бірде жаңалықтар қарап отыр едім, мәслихат жүріп жатыр. Ол кезде премьер министр Даниял Ахметов болатын. Бәрі баяндаманы орысша зуылдатып жатыр еді. Бір мезетте залдан бір орыс ұлтының өкілі тұрды да, «а кто вам мешаает на своем языке говорить» демесі бар ма? Осы тұрғыдан келгенде Жасан Зекейұлы өз тілін құрметтейтін азамат деп айта аламын. Бізде басылымдардың көбі орыс тілінде. 50 пайыз қазақ, 50 пайыз орыс тілінде. Бұл не пәле?! Міне, дәкейлердің қылығы. Ұрпақтарын қалай тәрбиелеп отыр, бір Құдай білсін. Осы орайда Жасанға ризамын. Тіліміздің дамуына өзіндік үлесін қосып жүр. Бүгінгі таңда емханалар бәсекелес жағдайда. Жасан бастаған емхананың озып шығарына мен куәмін. Себеп, тынымсыз еңбек әрқашан алға басады.

Бір өтінішім: Осы Шығыс-тибет медицина орталығы Атыраудан ашылса деймін. Қазіргі жастардың көбі аурушаң, еліміздің болашағы сол жастардың денсаулығын қолға алу керек. Менің баламның үшеуі Атыраудан арнайы келіп, ем алды. «Жас-Ай» ұжымына, Жасан балама, қолдарың шипалы, еңбектерің жемісті, денсаулықтарың мықты болсын, отбасыларыңа бақыт тілеймін!

Құрмашева Роза Хамитқызы



*Ауру кісі күлкі сүймес,
Ауыр жүкті жылық сүймес.*

ТАУЫП ҚОНҒАН БАҚ ИЕСІ

Мен, Нұман Рысбай Зәкірұлы, Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы станциясының тумасымын. «Бірінші Алла, екінші білік дәрігер өлмеске себепші» деген екен бұрынғылар. Жасан Зекейұлы тамыр ұстап емдейді дегенді естіп келіншегім Шынар екеуіміз келдік. Бойымыздағы салқыннан болған сырқаттарымызды дөп басып айтқанында төбем көкке жетті, біраз жасарып та қалдым. Қазір жағдайымыз Құдайға шүкір жақсы деуге әбден болады. «Құдайдан сұрағанның екі бүйірі шығады, кісіден сұрағанның көзі шығады» деген, Жасан мырзаның алдына кіріп барғанымда «Алла шипа берсін сәтін салсын!» деген сөзіне риза болдым. Бұрын соңды ешқандай дәрігерден ондай жылы сөздер естіп көрмеппін. Жасан мырза, нағыз Құдайдан сұраған жан екеніне көзім жетті. «Біреуге бақ тауып қонады, біреуге ауып қонады» дегендей, «тауып қонған бақ – адамды есейтеді, ауып қонған бақ адамды есіртеді» дегендей Жасан мырзаға бақ тауып қонған. Емдеріңіз шипалы болып, қолыңыз қуатты болсын! Алланың нұры жаусын!

Нұман Рысбай



*Ең берік Ат, ең биік Ат,
ең баянды Ат – ол Азамат!*

Әбіш Кекілбаев

ҚАДІРЛІ ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫ!

Мен сіздің Шығыс-тибет орталығы туралы естігеннен кейін, өзімнің денсаулығымның дауасын сіздің шипалы қолыңыздан табатыныма сендім. Алла қуат берсін ойым алдамапты. 2013 жылдың тамыз, қазан айларында келіп екі курстық ем алдым. 2010 жылдың қыркүйек айында инсульт алғам, бұған дейін сол жақ бүйрегімде киста бар деген деген диагноз қойылған болатын. Соның нәтижесінде қан қысымым көтеріліп түспейтін. Осы орталықтан екі курс ем алған соң бүйректегі киста дертінен айықтым. Қазір сауығу мақсатында 3 курс ем қабылдаудамын. Орталықтың ұжымына: ақ халатты медбикелермен қатар, тазалықшы қыздар, аспаздарына дейін шеттерінен мейірімді барлығына шексіз алғысымды білдіремін.

ҚҰРМЕТТІ ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫ!

Ел үшін оның негізін қалайтын адамдар денсаулығы үшін жасап жатқан игілікті еңбегіңізге табыс, отбасыңызға береке, бақыт тілеймін.

*Душаев Болат Қалиұлы,
Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы, Тайпақ ауылы*



*Өмірдің парқын білмеген,
өлімнің төркінін түсінбейді.*

Конфуций

КӨЗӘЙНЕК КИМЕЙТІН БОЛДЫМ...

Мен, екінші топтағы мүгедек, зейнеткермін. Осы емдеу орталығына әпкем алып келді. 1 курс ем-домын алдым, өзімді жақсы сезініп, жақсы нәтижеге жеттім. Өт жолдары жұмыс жасауы дұрыс болмай, тамақ буыны, көз ауруы (глаукома) деген диагноз қойылған болатын. Содан енді 2 - ші рет келіп отырмын. Келгенде көзәйнек кимейтін дәрежеге жеттім. Қан айналымы жақсарып, бүйректегі тұз-құм жүріп тазарып жатыр. Осы емдеу орталығындағы ақ халатты, ақ пейілді, жарқын жүзді «Жас-Айдың» жайсаң қыздарына дән ризамын. Жасан Зекейұлына көп рахметімді айтып, еңбегіне жеміс, жанұясына бақыт тілеймін.

***Байдаулетова Оңай,
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы***



*... Адамның ірілігі бір сипат емес,
ішкі-сыртқы сан сипат қасиетімен құралады.*

М. Әуезов

КҮДІКПЕН КЕЛІП, ҚУАНЫП ҚАЙТТЫҚ

Мен, Мұхатаев Аманбай, Жұбайым – Мұхатаева Несібелі «Алтын-Алқа» орденінің иегері. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы Құмөзек ауылы №15 Абай көшесінің тұрғындарымыз.

Бес ай бұрын Тараз қаласындағы «Мейірім» орталығына барып, күндігіне 12 000 теңге төлеп, ем алдым. 3-4 күннен кейін жағдайым нашарлап, оң жақ омырауымның үстінен ісік пайда болып, мазам қашып, ұйқы көрмедім. Содан мені облыстық хирургияға жіберді. Ол жер 434-ге түсіріп, жараны тесіп, травматология бөліміне жіберді. Травматология көріп, бұрын буыны шыққан деп, жақпа май (мазь) берді. Одан «Мейірім» мед орталығына келіп, он күн дегенде тіпті жүре алмай қалдым. Сол жерден мені көтеріп ауылға әкетті. «Жас-Ай» медициналық орталығын газеттен оқып, хабарласып, келдік. Әйелім жолшыбай қатты ауырып келді. Алматыға кіре сала кептеліске тап болдық. Содан қабылдау бөліміне хабарласып едім. Жасан Зекейұлымен байланыстырды. «Біз кешігеміз» деп едім. Профессор «Мен сіздерді күтемін» деді. Сағат 18.⁴⁰-та келдік. Жасан Зекейұлы мен көмекшісі Бибігүл екеуі қабылдап, жіті қарап, ем қабылдатты. Сол емнен кейін әйелім түнде шамалы тынышталып, ұйықтады. 5 күндік емнен кейін сырқаты бәсеңдеп, ұйықтайтын болды. Ісігі де ептеп қайтты. 10 күндік емнен кейін әйелім Несібелі ауылға

ешкімнің көмегінсіз, өзі жүріп барды. 1 айдан кейін 2 реттік ем қабылдауға келдік. 3 реттік емді толық алғаннан кейін толықтай сауықты.

«Жас-Ай» орталығының бүкіл ұжымына, жұмысшыларына, аспаздарға зор аналық алғысымды айтамын. Ақ халатты дәрігерлерге, медбикелерге зор денсаулық, отбасыларына бақыт, еңбекте озат болуларына тілектеспін.

Жасан Зекейұлы, біз күдік арқалап келіп, зор қуаныш сезіммен, әйелім сауығып, үйге қайтып барамыз. 8 бала, 3 немеремнің атынан зор денсаулық, бақыт тілеуге рұхсат етіп, тілегімізді қабыл ал.

Қолдаушы халқың болсын! Әр кезде де Құдай жарылқап отырсын. Жасаған жақсылығың Алладан қайтсын. Әумин!

*Ізгі тілекпен: Мұхатаев Аманбай,
Мұхатаева Несібелі*





*Сенің денеңнің қуаты –
өсімдіктің шырынында.*

Қытай елінің дәрігері Шин Жон

АҚТАЛҒАН ҮМІТ

Мен, Баймаханова Сейсеп, 68 жастамын. Дене ауруына ұшырағаным 20 жылдан астам уақыт болған. Бармаған жерім қалмады, емі табылмады. Кей уақытта «Неге мұндаймын?» деп сенбейтін едім. Тек қана өлім мені құтқаратын шығар деп жүргенде, осы “Жас-Айдың” емін бір курс алғаннан кейін-ақ денеме жылу бітіп, көзім ашылды.

«Жас-Ай» ұжымының қызметтеріне үлкен-үлкен алғысымды айтамын. Ұжым басшысы – Жасан Зекейұлы, сізге мың алғыс. Бейнетің жанып, биіктен көріне бер. Халқыңның денсаулығын сақтап, өркендей бер!

Алланың нұры жаусын!

Алла бұйыртса үшінші курсқа келемін.

*Баймаханова Сейсеп,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Қазығұрт ауданы*



Ең бастысы – рухты болу! Жігерлі болу!

Альбер Камю

БАЛАМ ӨЗІ ЖҮРЕ АЛАТЫН БОЛДЫ

Мен, Исакова Айнұр Өмірбайқызы, Қызылорда облысы Жалағаш ауданының тұрғынымын. Балам Зікрия Мұса 2007 жылы туылған. Баламның диагнозы: балалар церебралды салдануы. Атонино-астатиналық түрі, орташа-ауыр дәреже. Бір сөзбен айтқанда ақыл-есінің кеш дамуы.

“Жас-Ай” медицина орталығына 2011 жылдың шілде айында баламды ем қабылдауға алып келдім. Ол кезде балам өз еркімен жүре алмайтын. Қыркүйек айында екі курс ем қабылдағаннан кейін, балам өзі жүре алатын дәрежеге жетті. Қабылдаған емдерден кейін балам өте жақсы болды.

2012 жылы үшінші курс емін алуға келдім. Жасан ағай бұрынғыдан көп өзгеріс бар екендігін айтты. Біріншіден Алланың, екіншіден Жасан ағайдың шипалы емінен болып отыр.

Жасан ағайдың өміріне шаттық, ұзақ ғұмыр және отбасына бақыт тілеймін. Ақ халатты абзал жандардың қолдарына дерт бермесін. Жасаған емдері шипалы болып, халыққа абыройлы қызмет көрсете берулеріне тілектеспін. “Жас-Ай” медицина орталығының қызметкерлеріне Алланың нұры жаусын!

Исакова Айнұр



*Қозғалыс дегенің өмір, ал қимылдың
азайғаны өмір өрлеуінің құлдырауы.*

Валентин Гариневский

БІРДЕН БІР ДЕНСАУЛЫҚ ЖУРНАЛЫ...

Жуықта Алматы қаласында шығатын “Жас-Ай” медициналық журналын қадағалап отырып қызыға оқыдым. Журналдың мазмұны бай екен. Өйткені, біздің өміріміз сау денелі болғанда ғана мағыналы болмақ. Адам қартая бастағанда-ақ денсаулықтың қадіріне жететін көрінеді. Содан болар медицина саласына да назар аударады екенсің. Қолыма түскен журналда әр түрлі аурулар және оларды емдеу жолдары егжей-тегжейлі жазылған. Емделу туралы толық сауаттануға болады. Оның үстіне қазақ болмысы мен денсаулықтың байланысы, кәдімгі құрт, қымыз сияқты астарымыздың және ат спорты ойындарының денсаулықтың таптырмас кепілі болатындығы көңілден шығады. Сондықтан бұл журнал халықтың денсаулығына өзіндік үлесін қосып жатыр деуге болады. Журналға шынайы алғыс айтқым келеді.

*Сейіл Мырзабайұлы Епенбетов,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Жетісай ауданы*



ЖАҒДАЙЫМ ӨТЕ НАШАР ЕДІ...

Мен, Рабатова Нұргүл «Жас-ай» медициналық орталығына қаңтар айында келдім. Келген кездегі жағдайым өте нашар еді, тамаққа тәбеттім тартпай, көзім бұлдырап дұрыс көре алмадым, өздігімнен жүріп тұра алмайтын халде болдым. Медициналық орталықта ең алдымен дәрі-дәрмектерін үш күн ішіп, ине қабылдауға кірістім. 1-2 күндері ине салғанда ауырмады, яғни ештеме сезбедім. Бірақ күннен күнге ине салғанда банка қойғанда ауырғаны сезіліп жағымды әсер бере бастады. Жеті күн ем қабылдадым. Қазір толық жазылмасам да, асқа деген тәбетім артып, өздігімнен жүре бастадым.

Рабатова Нұргүл

*Денсаулықсыз бақытты болу да
– мүмкін емес.*



Виссориан Белинский

ЕКІ ЖЫЛ ТӨСЕК ТАРТУ АЗАБЫ

2007 жылдың мамыр айында отбасыммен, яғни жарым – Тұрсынай мен бес айлық құндақтағы қызым Анеляны алып мектеп бітіргенімізге орай ұйымдас-тырылған кездесуге баруға жолға шықтық. Жолда көлік жүргізуші ұйықтап кетіп, жол ауыр апатына ұшырадық. Жарым төрт күннен соң мәңгілікке көз жұмыпты. Қызым періштесі қағып тірі қалған екен. Өзім жол апатынан жүре алмай төсек тартып жатып қалдым. Алматыда үш ауруханаға, Талдықорғанда екі ауруханаға апарды. Арада екі жыл жеті ай өтсе де еш нәтиже болмады. Қол аяғым жұмыс істемей жансызданып төсек тартып жатып қалдым. Алматыда «Жас-Ай» медициналық орталығы бар дегенді естіп 2009 жылы сол Шығыс-Тибет орталығының директоры Жасан Зекейұлына келдім. Жасан ағаның өз қолынан 8 күн ине алып емдерін қабылдай бастадым. Бір айдың ішінде қол аяғыма жан кіріп бас көтеріп жүре бастадым. Алты-жеті ай өткен соң Жасан ағаға алғыс айтуға келген едім, тамырымды ұстап көрді де, әлі біраз ем алу керектігін айтты. Жағдайымның төмен екенің, кейінірек келетінімді айтып едім, Жасан аға жомарттық танытып 2-3 курс емдерінің қызметін тегін көрсетті. 4-5 курс емдерін 50 пайыздық жеңілдік жасап үлкен көмек көрсетті.

Осындай жүзі жылы, иманды, кішіпейіл, ақ ниетті, ақ

жарқын, алтын алақанымен алтын инені ұстаған ағамды
жаратқан Алла Тағалаға алғысым шексіз. Жасыңыз
жүзге, құшағыңыз гүлге, үйіңіз немере шөбереге толсын.
Ұлыңызды ұяға, қызыңызды қияға қондырып, жеңгей
екеуіңіз бақытты болыңыздар.

Жексембиев Ұлан Жомартұлы
Алматы облысы, Панфилов ауданы
Әулиеағаш ауылы





ҚИСАЙҒАН БЕТІМ ОРНЫНА КЕЛДІ

Мен 2005 жылы құлап қалып бел омыртқаға зақым келгеннен өздігімнен жүріп-тұра алмай қалдым. Ауруханаға барып алған емдерімнен ешқандай нәтиже бола қоймады. 2008 жылы «Жас-ай» медициналық орталығының бар екенін естіп келдім. Мен «Жас-Ай» орталығына балаларым көтеріп келген. Емдерін алып бастадым. Үш күннің ішінде оң нәтиже бере бастағанын байқадым. Қабылдаған массаждан кейін аяғыма жан келіп, икемге келе бастады. 3 курстық емін алып нәтижесінде ауруымнан құлан таза айығып, өздігіммен жүріп тұратын болдым.

Қазір 4-ші мәрте келіп отырмын. Бір жақ бетімнің еттері жиырылып жағым қисайып барады. «Хак» медициналық орталығында болдым. Олар маған паралич, яғни суық тиген деген диагноз қойды. Олардан ешқандай нәтиже болмағандықтан, осы «Жас-Айға» қайтып келдім. Бүгін 3 күн массаж, ине қыздыру арқылы ем алып жүрмін. Бастапқы қалпымнан едәуір жақсарып, қисайған бетім орнына келе бастады.

Жасан бауырымызға айтар алғысым шексіз. Алтын қолы шипалы болсын, жасаған жақсылықтарын Алла екі еселендірсін. Деніне саулық тілеп, отбасына береке бақыт тілеп отырамыз. Осындай «алтын ұлды» дүниеге әкелген ата-анасына ризашылығымызды білдіріп, Алладан саулық тілейміз.

*Кашаганова Сәния,
Жаркент қаласынан*



ҰЗАҚ ЖЫЛҒЫ АЗАП ПЕН КҮЙЗЕЛІСТЕН ҚҰТҚАРДЫ

Мен 2000 жылдан бері псориаз дертімен ауыраммын. Осы кезге дейін емделмеген емханам қалмады. Тіпті Қытай Халық Республикасына да барып қайттым. Емшілерге де бардым. Бәрібір нәтиже болмады. Ал «Жас-Ай» медициналық орталығы жайлы, осы орталықта ем қабылдаған бір жақын досымнан естідім де, 2012 жылдың қараша айында келдім. Жасан ағаның қабылдауында болдым. Ол кісі, Құдай сәтін салса, емдеп жаза алатындығын айтты. Қазірге дейін 4 курс ем қабылдадым. Аллаға шүкір, денемдегі барлық жара тап-таза кетті.

Осы дерт маған жабысқалы бері жүйкем әбден тозып бітті. Кейбір түндері қатты қыштитындықтан ұйқым да қанбайтын. Ақыры мінезім өзгеріп, ашуланшақ болып кеттім. Еш нәрсеге ынтам жоқ, құлықсыз күй кештім. Бара-бара өмірге деген көзқарасым өзгерді. Халқымыз «ауырғаның – әлек болғаның» деп бекер айтпайды екен. Оның үстіне менің дертім елден бөлек. Сол себепті де жүйкеме айтарлықтай салмақ түсті. Қазір, Құдайға шүкір бәрі жақсарды, көңіл күйім де көтеріңкі. Алла жол берсе, бүгін өз жеріме қайтамын. Қайтар алдында осы орталықтағы барлық дәрігерлерге

рахметімді айтқым келеді. Әсіресе бас дәрігер Жасан Зекейұлына алғысым шексіз. Ол кісіге Алла қуат берсін. Сондай-ақ, ол кісінің көмекшілері Гүлнұр Нұрәліқызына, Мая, Гүлсім, Майра сынды қарындастарыма рахмет айтамын. Істеріңіз ілгері басып, дерт-дербез жуымасын дегім келеді.

*Сұлтанов Аян,
Қызылорда облысы, Арал қаласы,
Дош尼亚зов көшесі*





ЖАН ДАУАСЫН ІЗДЕГЕНМІН...

Жасы келген адамның ауру-сырқауы да көбейеді екен. Жастайымнан тынымсыз шаруамен айналысып, аттан да жығылып бірнеше қабырғамды сындырып, жарақат алғанмын. Осы себептерге жасымның жетпістен асқандығы қосылғандықтан ба, әйтеуір денем қызып, басым тоқтамай ауырып, буындарым әлсіреп, кіші дәрет жолым тосылыңқырап, ұйқым қашып, мазам кете бастады. Ауылдық, қалалық емханаларға көрінгенімде, аттан жығылғандығыңыздан омыртқа сүйектеріңіз қисайып нерв жүйелеріңізді басқан, қатты суық өткен деген диагноз қойып, бірнеше рет емдеді. Алайда, оң нәтиже бермеді. Жаным қиналып жүргенде, теледидардан “Жас-Ай” медицина орталығының емдеу ерекшеліктері мен өнімділігін көріп, шипа болатын дауа іздеп келгем. Бас дәрігер Жасан жылы шырай танытып, ауруыма анық диагноз қойып, емдей бастады. Шөптермен қыздырып, ине қойды, табанымды аспаппен қыздырды. Бір курс ем қабылдағанымда-ақ денем жеңілдеп, қызғаны, басымның ауырғаны, кіші дәрет жолымның қалыпсыздығы оңала бастады. Өзімді өмірге жаңа келгендей сезіне бастадым. Доктор, академик, профессор Жасан Зекейұлы, Алла жолыңызды оңғара берсін!

*Нұрғалиев Асай Нұрғалиұлы,
Алматы облысы, Шонжы ауданы, Діірмен ауылы*



ҚҰНДАҚТАУЛЫ БАЛАДАЙ ЕДІМ...

Жасым 65-ке келген кейуанамын. Уытын шашып, отжалын бүркіп ұшатын зымыран айлағы бар, кезінде әлемді тамсандырып, айдыны толқын атса, балығы тайдай тулайтын алып теңізі тартылып, апат аймаққа айналған Аралданмын. Ауруым асқынып, жүріп-тұрудан қалып, мойным да ұстамай салақтап, құдды құндақтағы баладай болдым. Сол жердегі емханаға көрінгеніммен олардың біліктілігі жетпеді. Өйткені, онда арнаулы мамандар жоқ еді. Еріксіз Қалқамандағы №1 емханаға келіп табаны күректей 2 ай төсекке таңылдым. Бірақ, ешқандай өнімі көрілмеді.

Атағы Алатаудай академик Жасан бауырымыздың мен сияқты ауырған адамдарды мұқият емдеп, түбегейлі жазып жатқандығын радиодан, телеарналарынан естіп, көріп, елдің жақсы аңысына сүйіндім.

Сонымен балаларым “Жас-Ай” Шығыс-Тибет медицина орталығына алып барды. Түсі жылы, ақ халатты бас дәрігер Жасан тамырымды ұстады да: “Апа, күйзелмеңіз, орныңыздан тік тұрасыз”, – деді нық сеніммен. Төбем көкке жеткендей қуандым. Емін бастап кетті. Дәрігерлері 17 түрлі дәрілік шөппен қойған инелерін қыздырып отырды, берген дәрілерін іштім. Жасан не істе десе, соны орындадым. Күйеу балам Айдар ерінбей көтеріп жүрді. 3 күнде басымды көтердім. Екі курс ем алған соң айтқанындай орнымнан тұрып, жүре алатын халге жеттім. Қазақстан телеарнасының “Айтуға оңай”

деген бағдарламасына шығып, халықпен жүрек жарды қуанышымды бөлістім. Доктор, академик, профессор Жасан Зекейұлына аналық алғысым шексіз!

*Нұржамал Сүттібаева,
Қызылорда облысы, Арал ауданы*





*Егер денеде ыстық көтерілсе,
қан алдырыңдар.
Сонда ыстықтарың басылады.*

Мұхаммед (с.а.с.)

АУРУ АЗАБЫНАН АЙЫҚТЫМ!

Мен Қызылорда қаласының тұрғынымын. «Жас-Ай» медицина орталығында 2013 жылдың қаңтар айынан бастап емделе бастадым. Бетімнің нерв тамырларына салқын тиген. 2005 жылдан 2012 жылға дейін 7 жыл бойы осы аурумен арпалысып бармаған дәрігерім қалмады. Елімізде мұндай ауруларға ота жасалынып көрмеген екен. Тек 2006 жылы Астана қаласына ота жасайтын орталық ашылыпты. Мені дәрігерлер квотамен ота жасатуға Астанаға жібермек болды. Бірақ, жағдайы менен де ауыр бір келіншек бірінші баратын болды. Мен келесі кезекке қалдым. Кейін, естісем, әлгі ота жасатқан адамның жағдайы жақсармапты. Сонымен, ота жасату ойымнан қайттым. Дәстүрлі медицинадан бөлек, көптеген шығыс медициналық орталықтарының да есігін тоздырдым. Қытайдан келген дәрігерлерден де ине қабылдадым. Бірақ, бұлардың ешқайсысы ауруымды жазуға көмектеспеді. Жағдайым күн сайын қиындай түсті. Сөйлеуден, тіпті тамақ жеуден қалдым. Жақ сүйегімнің тұсы тоқтаусыз дірілдеп жаныма маза бермеді. Сөйтіп, аурудың әлегіне түсіп қиналып жүргенде, «Қазақстан» ұлттық арнасының «Айтуға оңай» бағдарламасынан профессор Жасан Зекейұлын көріп, біліктілігіне көзімді жеткіздім. Бірден «Жас-Ай» медициналық орталығына келдім.

Мені қабылдаған профессор Жасан Зекейұлынан «Бұл ауру жазыла ма?» деп сұрадым. Бас дәрігер маған сенімді жүзімен қарап «Бәрі Алланың қолында. Құдай қаласа бұл ауруыңнан түбегейлі айығасың» деп ауру меңдеткен жаныма медет берді. Сол күннен бастан он күн бойы бір курс ем қабылдадым. Одан кейін араға уақыт салып тағы екі курс ем қабылдадым. Бірінші кезеңнен-ақ, өзімді жақсы сезіне бастадым. Аузым сөйлеуге келе бастады. Ептеп тамақ ішетін болдым. Толық үш курстан кейін ауруымның барлық белгілерінен айығып, сау күніме қайта оралдым. «Жас-Ай» медицина орталығына алғаш келгенде жағдайымның ауырлығы соншалық, жалғыз жүре алмай, жұбайым жетектеп алып келген. Ал, қазір барлығы қалпына келіп, өмір өз арнасына түсті. Осы жерге келгенім үшін, Жасан Зекейұлынан ем алғаным үшін Жаратушыға мың шүкірлік еттім. Ауру азабынан айықтым!

*Жақсыбек Мырзабеков,
Қызылорда қаласының тұрғыны*





ҚОЛЫМА ҚУАТ БЕРДІ

Медицина саласында қызмет етіп, зейнетке шыққанмын. Зейнетке қалай шықтым, солай оң қолым қарадай талаурап ауыра бастады. Бара-бара көтертуден қалды. Сосын өз ауданымыз Сарқанттағы, облыс орталығы Талдықорғандағы емханаларға қаралып, екі ай ем қабылдадым. Бірақ ондағы емдерден шипа болмады. Ауруымды уайымдап жүргенімде, Алматыда жұмыс істейтін Күлшат деген қызым: «Апа, біздің қалада “Жас-Ай” медицина орталығы бар екен. Сіз сияқты науқас адамдардың талайы соған емделіп жазылыпты. Осыған келіп бағыңызды бір сынап көрсенізіші» деді. Рас екен. Академик Жасан Зекейұлының өзі тексеріп, оң жақ иықтың буыны қабынған, созылмалы өт толу, созылмалы іш қату деген диагноз қойды. Бір курс ем алғанымда, салдырап қалған қолым иыққа дейін көтерілетін болды. Қойылған иненің, ішкен шөп дәрілердің, уқалаудың рөлі ерекше екен. Қазір екінші курс емімді қабылдап жатырмын. Түбегейлі жазылам деген үмітім зор. Қолы шипалы Жасан дәрігерге Алла риза болсын дегім келеді. Бар жағдайымды жасап, асты-үстіме түскен дәрігер Бибігүлге, мейірбике Жанарға, уқалаушы Мираға да мың да бір алғыс!

*Нұржан Ахетқызы Орынбекова,
Алматы облысы, Сарқант ауданы*



*Біздің еңбексүйгіштігіміз біздің екінші
құнды жеңісіміз болып табылады.*

Н.Ә.Назарбаев

ҮМІТІМДІ ҚАЙТА ЖАЛҒАДЫ

Ауылымыздың он бір жылдық мектебінде әдебиет пәнінен сабақ беретін мұғалім едім. Өткен жылдың 17-ші қыркүйегі күні ауруымның асқынғандығынан жығылып қалдым. Жолдасым Алматыдағы «Сұңқар» медицина орталығына алып келіп томографияға түсірді. «Бел омыртқа жарығы ұлғайып, жұлынды басқан» деген қорытынды шығарылды. Дәрігерлер қайда барсам да ота жасаудан өзге амал жоқ екендігін айтты. Басқа емханалар да осы уәжді қайталады. Оның үстіне операцияға кепілдік етілмейді екен. Шақшадай басымыз шарадай болды. Еш ақыл таппай дағдардық. Осы кезде Талғарда тұратын үлкен ағам мен әпкем: «Біз ауыра қалсақ «Жас-Ай» орталығында емделіп жазыламыз. Сен сияқты талай адам осы аурудан сауықты» десті сенім ұялатып. 19 қыркүйекте академик Жасан Зекейұлы ағамыздың тексеруінен өттім. Диагнозым – бел сегіз көз омыртқалар остеохондрозы, бел сегіз көз S5-S1-дің омыртқа жарығы, мойын, кеуде омыртқалар остеохондрозы деді. Ол: «қарындас, операция жасатуға асықпа, жассың, ем қабылдап көр, мұқият жұмыс жасайық, сауығасың» деп үмітімді қайта жалғағандай болды. Желтоқсанға дейін 3 курс ем алдым. Ине қою, белді созу, табаннан магнитті ыстық өткізу, уқалау, емдік шөп дәрілер беру сияқты емдік тәсілдерін қолда-

нып отырды. Алланың бұйрығы мен Жасан ағаның шипалы емінің себебінен сауыға бастадым. Ол кісінің өзі және еңбектері жайлы жазылған кітаптар мен шығарып жатқан “Жас-Ай” журналынан біліктілігіне толық көз жеткіздім. Үстіміздегі жылдың 20-маусымында 4 курс ем алуға тағы келдім. Ем алуды жалғастыра бастадым. Өте қуаныштымын. Білгір де кішіпейіл Жасан ағаға және оның орынбасар дәрігері Бибігүл Нұртазаеваға, мейірбике Маяға, Лесбекке, сондай-ақ алғысымды суретіммен қоса журналға шығарғалы жатқан Болат аға мен Қазірет інімізге де алғысым шексіз. Барлықтарыңа мықты денсаулық, отбасыларына бақыт тілеймін!

*Жазира Қыдырқанқызы Шерғалиева,
Алматы облысы, Ұйғыр ауданы*





*Ағаштың қурауы тамырынан,
Адамның қартаюы табанынан.*

Шығыс нақылы

ХАЛЫҚ САУЛЫҒЫН ОЙЛАЙТЫН ОРТАЛЫҚ

Мен 1981 жылы қараша айында белім ауырып, сол аяғымнан жартылай жүріп-тұра алмай 20 күн ауруханада емделдім. Жамбас отырар нервтің таралып ауруы деген диагноз қойды. Содан бері Жаңақорған, Пятигорск, Мерке санаторияларында емделіп жүрдім. 2011 жылы да сол қалпында белім ұстап, биыл қыркүйекте қайталады. Арал қаласынан келіп осы орталықта емделгендерден естіп, қазаннан бастап 2 курс ем алдым. Аяқ киімімді кие алмай, төсектен де түсе алмай қалғам. Қазір соның бәрінен құтылдым. Енді 3 айдан соң 3-і курсқа келіп емделемін. Академик Жасанның жауапкершілігі, тамырдан айыратын білікті мамандығы ауыз толтырып айтарлықтай екен. Алла қолына дерт бермесін! Орталықтағы Тұрангүлге, Гүлнұрға, Гүлсімге алғысым шексіз. Еңбектерің жемісті болып, халықтың ақ батасын алыңдар. Абыройының арта беруін шын жүрегімнен тілеймін! Орталықтарыңның өркендеп, халық денсаулығына белсене үлес қосып, атақ-даңқтарың әлемге жайыла берсін!

*Арапхан Сұлтанов,
Арал қаласы, Қызылорда облысы*



*Асыл қасиет – адалдық,
асыл міндет – адалдық.*

М. Горький

АЛЛАНЫҢ БІР АТЫ – ХАЛЫҚ

Басым ауырып, денем ауырлап көп емханаларға қаралдым. Бірінің диагнозына бірінікі ұқсамады. Қымбат дәрі-дәрмектерді де көп іштім. Бара-бара сауыққанды қойып, науқасым асқына түсіп, басым айналып, көзім шұбартып, жүріп-тұруым да қиындай бастады. Сосын “Жас-Ай” медицина орталығын естіп келіп ем алдым. Орталықтың директоры, медицина ғылымдарының докторы, көптеген халықаралық академиялардың академигі, халықаралық “Сократ” атындағы сыйлықтың иегері Жасан Зекейұлы жылы қарсы алды. Ол мұқият тексеріп, тамырымды ұстап: “Қан қысымының 3-сатысы, сиыр теміреткісі, оң жақ тізе буынының құрғақ қабынуы” деген мүлде тыңнан диагноз қойды. Қойды да емін бастады. Көп өтпей сауыға бастадым. Қуанышым қойныма симады. Шығыс-Тибет емінің адам таңқаларлық құдіретіне еріксіз мойын ұсынады екенсің. Орталықтың тағы бір ерекшелігі, мүгедектерге, студенттерге, ардагерлерге, жағдайлары төмен адамдарға жеңілдік қарастырады немесе тегін емдейді екен. Айналайын Жасан, Алланың бір аты – халық дейді, қашан да халқыңның қалаулысы бола бер!

*Есжанұлы Сергей,
зейнеткер, Алматы қаласы,
Дубок-2 ықшам ауданы*



*Алғыс болсын алғаның,
Мәртебең асып самғағын.
Еселенсін еңбегің,
Өмірдің алып бар бағын.*

Құрметті Жәке!

*Алланың құдіреті қандай күшті,
Сізге пейілін салып тұр түсінікті.
Қолыңыздың шипасы жанға жайлы,
Сондықтан да өзіңді ел қолдайды.*

Жасым сексенге таяғандағы ауру жанымға қатты батушы еді. Көп ем алдым, бірақ дерліктей сауыға алмағам. Сосын осы “Жас-Ай” Шығыс-Тибет медицина орталығына келіп көріндім. Омыртқа сегізкөз остеохондрозы, омыртқа жарығы, оң жақ жамбас отырар нервтің таралып ауруы, екі тізенің бастырмауы, омыртқаларға тұз жиналған тектес диагноздар шығарылды. Тәуекелге бел байлап емделе бастадым. Сүйектерім қақсап, екі бүктеліп бауырым жаздырмайтын. 1-ші онкүндік ем алғанымда, сүйектің қақсауы баяулап, бауырым аздап жазылды. 2-ші онкүндікті алғанымда, сүйектің қақсағаны басылып, бауырым жазылып, таяқсыз жүре бастаған едім. Бірақ, бұлшық еттерім төсекке тиді болды ауыратынды шығарды. Арада 2 ай өткізіп, 3-ші он күндікке тағы келдім. Осыдан соң бұлшық еттерімнің ауруы басылды. Бір кемшілігі, екі аяғымның ұшы ұйып, әлім құрып тұратын болды. Сондықтан, 4-ші онкүндікке де келіп емделдім.

Ем өнімін беріп сауыға бастадым. Көңіл-күйім де жақсарып, өмірге деген құштарлығым қайта оянғандай күй кештім. Шеттен елім, жерім, тарихи отаным деп келген академик Жасан баламның ершімді емі бағын жандырып, абыройын асқақтата берсін! Мен емделгенде өз апаларындай күйіне қарасып, асты-үстіме түсе зыр жүгіріп емдеген дәрігер Бибісараға, мейірбике Жазираға айтар алғысым да шексіз!

*Жұмабекова Орынкүл,
Еңбек ардагері, күміс алқа иегері,
Жамбыл облысы, Т.Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы*





АЛҒЫС – РУХАНИ АЗЫҚ!

Ол адам баласының рухын серпілтіп, халқына мейірім төгуге жебейді. Үнемі алғысқа бөленетіндер құдды маңдайы шын ниетімен сәждеге тигізетін иманды адам сияқты басқаларды қорламайтын, өзгенің артықшылығын қызғанбайтын дарқан көңілді болады.

Басым қатты ауырып маза бермеген соң, емханалардың біріне барып ТМРГ-ға түскен едім, “Миыңа қан ұйыған” деген диагноз қойды. Шығыс-Тибет емдерін негіз ететін “Жас-Ай” медицина орталығын естіп бардым. Ақжарқын академик Жасан Зекейұлы деген білікті дәрігер мұқият тексеріп көріп, жүйелі емдей бастады және өзі қадағалады. Осы орталықтағы дәрігерлер мен мейірбикелердің де қабілеттері, кішіпейілдіктері мақтауға тұрарлық екен. Бір курс толық ем алған едім сауыға бастадым. Алтын иненің арқасында ми-қан тамырларымның қызметі жақсарып, басымның ауырғаны жазылып, ұйқымның қашқаны басылып, қуанышқа бөлендім. Жасанға, ол басқарып отырған орталыққа алғысым шексіз.

*Байбұғанова Алтыншаш Метербайқызы,
Алматы қаласы*



*Бақыт деген – досыңның табағында,
домбыра шанағында, жсарыңның жанарында,
халықтың қабағында.*

Қадыр Мырза Әлі

АТЫМТАЙДАЙ ЖОМАРТ ЖАН!

Адамның байлығы денсаулығы, бала-шағасының, отбасының амандығы ғой. Сол аяғым ұйып, белім ауыра беретін. Бір жеңгемізден «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығының емі өте шипалы екен» деген хабарын ести сала, алыссынбай бардым. Академик, профессор, халықаралық «Сократ» атындағы орденнің иегері, орталықтың директоры, бас дәрігер Жасан Зекейұлы өзі тексеріп, диагноз қойып, емдеді, шөпдәрілер берді. Ине қою арқылы қан айналысымды жөнге салды. 2 курс ем алып, айтарлықтай сауықтым. “Ел жерінде сұлтан болғанша, өз жерінде ұлтан бол” демекші, атажұртқа ат басын бұра сала, оқыған-тоқыған дарынын өз еліне сарқа жұмсап, неше мыңдаған науқас адамдарды тегін емдеп, Атымтайдай жомарттық танытқан бұл бауырымызға халық дән риза болса, Алла Тағала жар болуда. Иллахи солай болғай деп тілеймін! Мен жазылып елге оралған соң, Жасанға деген алғысымды, ол жасап жатқан жағымды емдердің шынайы әрі аурудың қыруар түрлеріне шипа екенін, орталықтарының халық жүрегінен мықтап орын ала бастағанын «Маңғыстау» газетіне жарияладым. Осынау 362 әулие-пірім өткен киелі топырақ – Маңғыстау жеріндегі мен сияқты Адай ұрпақтары да алғыс жаудырады.

*Жүсіпұлы Тауман Оразбеков,
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы*



ҚАДАМДАРЫНА НҰР ЖАУСЫН!

Буындарым ауырып, жүріп-тұру қабілетім төмендеген, екі бүйрегім нашарлап, көзімнің көру қуаты әлсіреген, глаукомам бар еді. Ауру көбейген сайын, уайым да басады екен. Рухани көңіл күйім кірбеңдей берді. Басқа медициналық орталықтарға қаралып, дәрі-дәрмек ішкеніммен әсері аздау болды. Сосын “Жас-Ай” медицина орталығының бас дәрігері, профессор Жасан Зекейұлына барып көріндім.

Жақсы адам туса көптің ырысы,

Жазғы жаңбыр жауса көктің ырысы – демекші білгірлігін ауру адамдарға арнаған азамат ине қойғызып, шөп - дәрілерін бергізіп 3 курс емдеді. 3-курсқа келерімде медициналық сараптаудан өткен едім, ауруларым түгелімен сауығыпты. Жасан Зекейұлына мың жасаңыз дегім келеді! Бибігүл, Бибісара, Айгүл, Жанар сынды дәрігер сіңлілеріме де қол-аяқтарыңа дерт бермесін, қашан да алғысқа бөленіп, қадамдарыңа нұр жауа берсін деп тілеймін!

*Далдабаева Амина Тулеухановна,
Алматы қаласы*



*Жақсы алдында жазыларсың,
Жаман алдыңда тарыларсың.*

ЖҮЙЕЛІ ЕМНЕН САУЫҚТЫМ

Құрметті Жасан аға, мен сізге үлкен алғыс айтқым келеді. Жолдасым Оразалиев Нұрмұханбетті емханалар «ем қондыра алмадық» деп шығарып салған соң, сіздің орталығыңызды естіп, өзіңізге көрсеттім. Шығыс-Тибет дәстүріндегі ине қою сияқты жүйелі жүргізген емдеріңізден кейін, біртіндеп сауыға бастады. Жұмысқа қайта жарап, өз қолымен үйін салып жатыр. Жұмысыңызға ұшан-теңіз табыс, өзіңізге мықты денсаулық, отбасыңызға бақыт тілеймін!

Сәбира Мәлікқызы

* * *

Мен қол-аяқ қақсау, бас ауру, мағдырсыздық сияқты түрлі-түсті аурулармен “Жас-Ай” медицина орталығындағы академик, профессор Жасан Зекейұлының киелі емдерін қабылдадым. Нағыз маман дәрігердің қолына түссең, ауруың ат-тонын ала қашады екен. Ауылыма сауығып, қуанып қайттым. Айналайын, Жасан інішегім, саған ерекше ризамын. Елге сіңіріп жатқан ерен еңбегің жана берсін, толағай табыстарға жете бер. Өзіңдей еңіреген ерлеріміз көбейе берсін!

*К.Сахиев,
Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы*

*Денсаулықты сақтау үшін, ал одан да абзалы
жси ауыра берудің алдын алу үшін дене
жаттығуларын жасаған немесе
қозғалыста болған жөн.*



Матвей Мудров

ДҰРЫС – ДИАГНОЗ, ШИПАЛЫ – ЕМ

Арқа сүйектерім, белім ауырып, қиналған соң, қалалық №12 және №7 клиникалық емдеу орталықтарына емделдім. Бірақ, көмегі жақсы болмады. Телеарналардың бірінен «Жас-Ай» медициналық орталығының шығысша ерекшелікке ие емдеу тәсілдері мен медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик Жасан Зекейұлының мол тәжірибесімен таныстым да, арнайы барып қаралдым. Ол жан-жақты тексеріп протрузия бар екен деп дәл диагноз қойып емдеді. Бір мезгіл ине қойғызып, шөпдерілерін ішкен едім, жазыла бастадым. Бойыма қуат, ойыма шуақ бітті. Мың жасағыр Жасан бауырымызға өркенің өсіп, мерейің асқақтай берсін демекпін!

*А.Баймұханова,
Алматы қаласы*

*Адамға жүз жасамай өлу
ұят болатындай – заман ақыры
келетініне біз толық сенеміз.*



Иван Тарханов

САУАТТЫ ОРТАЛЫҚ

Өзім әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің журналистика факультетін бітіргендігім себепті, жеке кәсіптермен айналысып кетсем де, газет-журналдарды қалт жібермей оқимын. «Жас-Ай» медициналық-ақпараттық журналын оқып, қатты қызықтым. Қазақстанда денсаулыққа қатысты бұндай бай мазмұнды журнал өкінішке қарай тым аз. Мен аталған журналдағы алуан түрлі аурулардың пайда болуы және оны емдеу жолдары, үй жағдайында қолданатын емдер, қазақтың дәстүрлі тағамдары және болмысы сияқты тартымды тақырыптардан мейлінше ләззат алдым. Мақалалардың тілі шұрайлы, түсінікті, ойлары сараланған. Осы орталыққа және журналға үлкен табыс тілеймін!

*Айгүл Мақанова,
Алматы облысы,
Талғар ауданы,
Тұздыбастау ауылы,
“Арман” мөлтек ауданы*



*Нәр алып жылы сөзіңнен,
Жақсарып келем жалындай.
Шипалы сөзің, еміңмен,
Көктемгі жасыл жайлаудай.*

ЖҮРЕ АЛМАЙ КЕЛІП ЕДІМ, ЖАЯУ ҚАЙТТЫМ

2011 жылдың күзінен бастап қимылым ауырлай бастады. Аяқ-қолдарымды көтеруім қиындай берді. Сол кезден бастап Жаңаөзен қаласының дәрігерлеріне көріне бастадым. Анализ тапсырсам, барлығы қалыпты болып шығады. Ондағы дәрігерлер қан аздық деген диагноз қойды. Содан 6 ай бойы қан аздық ауруына қарсы амалдар қолданумен болдым. Ақыры жағдайым оңалмай, ауырлай берген соң Ақтау қаласына барып МРТ-ға түскеннен кейін ғана ауруым анықталып «төртінші және бесінші омыртқамда жарық (грыжа) пайда болған» деген диагноз қойылды. Осы кезден бастап төсек тартып жатып қалдым. Содан бастап 6 ай бойы өзіміз жақтағы ауруханаларға емшілерге қаралдым, массаж алдым. Ешқайсысы көмектеспеді. Ол емдердің бір-екі күн ауруды қойдыруға ғана шамасы жетті. Ауруымның асқынғанын, және жан азабының қинауынан, елдің мүсіркей қараған көздерінен, бұрынғы белсенді ғұмыр кешкен күндерім есіме оралып, өз-өзімді жей бастадым. Түнімен ұйықтай алмаймын. Рухани жақтан әлсіреп, күн санап тоқырай бастадым. Тіпті, тән азабы мен жан азабына шыдай алмай өз-өзіме қол жұмсауға да оқталып көрдім. Сөйтіп, отбасымның тыныштығы кете бастады. Барлығы маған алаңдап жүретін болды. Мен жайлы түрлі жәйттерді ойлайтын балаларымның да еңселері түсіп кетті.

Осындай қиын кездерді өткізіп жүргенде 13 жасар

Самат деген ұлым ғаламтордан «Жас-Ай» медициналық орталығымен танысыпты. Содан «Жас-Ай» журналы мен басқа да кітаптарды алдырып оқдық. Осы аралықта күйеуім Алматыдан тағы бірнеше орталықтарды тауыпты. Сөйтіп, Алматыға келіп барлық медициналық орталықтарды аралап, ең соңында «Жас-Ай» медициналық орталығын таңдадым.

Алғаш 2012 жылдың қыркүйегінде келгенде 1 метр жүрсем, сіңірлерім тартылып, аяғым ұйып, жүре алмай қалатынымын. Қатарынан 3 рет ем алғаннан кейін Көкбазардан шығып қаланың ортасына дейін жаяу жүріп, өз-өзімді сынап көрдім. Денсаулығым баяғы сау күнімдегідей болғанына көз жеткізіп, шексіз қуандым. Аяғымның ұйығандары кетіп, жеңіл отырып-тұратын болдым. Жасан Зекейұлы «бір жарым айдан кейін қайтып кел, ауруыңнан әлі толық айыққан жоқсың» деп ескертті. Ауылға барған соң пенделігіміз ұстап, күнделікті күйбеңмен жүре бердік. Сөйтіп жүрген күндердің бірінде тағы ауырып қалдым. Бас жуып тұрған жерімнен, белімді көтере алмай қалдым. Сол күннің ертесі қайтадан «Жас-ай» орталығына келіп 2-ші курс ем ала бастадым. Міне, 3-ші курсқа келіп тұрмын. Жағдайым өте жақсы. Аурудан айықтым. Бірінші Алланың қуатымен, екіншіден, Жасан Зекейұлының себепші болуымен сау күніме қайтып оралдым.

*Ләззат Тәжіқұлова,
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласынан*



НЕМЕРЕМЕ ЖАҢА ӨМІР, ӨЗІМЕ ҮЛКЕН ҮМІТ СЫЙЛАДЫ

Осыдан бірнеше жыл бұрын жолкөлік апаты болып келінім қайтыс болып, екі немерем ауыр жараланды. Сол қайғылы апаттан немеремнің бірі Алтай тіпті ауыр жарақаттарды басынан өткерді. Оның жүйке (нерв) жүйесіне зақым келіп, қабырғасы майысып өкпесіне кіріп, одан ішкі ағзалары да мыжылып, қысылып өте ауыр халде қалған еді. Орал қаласының және Ақсай қаласының ауруханаларында қараттым. Бас сүйектен алған соққының кесірінен көзінің көру қуаты өте төмен болды, оң жақ көзі +5, сол жақ көзі +4 болатын лупа көзілдірік тағуға тура келді. Денсаулығы нашарлаған сайын баламның сабақ үлгерімі мүлде нашарлап кетті.

Оның жүйке жүйесіне түскен зақымға байланысты өте сирек кездесетін «энкопрез» деген диагноз қойылды. Ол дерттің жазылу-жазылмауы неғайбыл, тек ота жасау арқылы үлкен тік ішекті баланың бүйірінен тесіп шығарып, үлкен дәретті тікелей қабылдап отыратын ауру екен. Мұндай ота жасауға баламды бермедім. Өйткені ота жасататын болсақ, немерем бірінші топтағы мүгедек болып, өмір бақи үлкен дәретке біреудің көмегімен отыруға мәжбүр болады екен. Ота жасатпайын десек, күніне 15 рет үлкен дәреті шығып

кете береді. Осындай жағдайда не істерімізді білмей қиналды. «Ертең азамат болғанда не болады» деп немеремді қатты уайымдадым.

Алла сәтін салды ма, телеарнадан «Жас-Ай» орталығын көріп, Жасан Зекейұлын іздеп таптым. 2011 жылдың қараша айынан бастап 14 жастағы немеремді әкеліп емдете бастадым. Алғаш келіп Жасан Зекейұлының қабылдауында болдым. Ол кісі «Ота жасатудың қажеті жоқ. Өзіміз емдеп жазамыз. Тек Алла шипасын беріп, уақытылы ем қабылдап тұрсаңыздар болды» деп бізге үлкен үміт силады. Сол күннен бастап осы арада емделе бастадым. Міне, 2 жыл ішінде 7 рет келіп емделдік.

Мен «Жас-Ай» орталығына алғаш келіп жүргенде Алматы қаласындағы «Сұңқар» клиникасына апарып баламды тексерттім. Мақсатым, баламның ауру деңгейін нақты анықтап алу болды. Ан Ольга Алиевна деген невропатолог дәрігерге баламды бастан-аяқ қараттым. Аппаратқа түсірілген нәтиже бойынша «жүйке жүйесі әлсіреген, бас сүйекте қан қысымы жоғары» деген диагноз қойды. Сонымен қатар, Қобданов атындағы көз аурулар орталығына апарып, баламның көру деңгейін анықтаттым. Тексеріп көрген дәрігерлер көру деңгейі небары 0,2% деп айтты.

«Жас-Ай» орталығында бір жыл емделгеннен кейін жаңағы «Сұңқар» клиникасы мен Қобданов атындағы көз аурулар орталығына қайта барып тексерілдік. Нерв жүйесі әлсіреген деп диагноз қойған дәрігерім баламды қайта тексеріп көріп, бұл аурудан баламның үлкен дәрежеде айыққанын айтты. Көзінің көру деңгейі 50%-ға көтерілгенін айтып, дәрігерлердің өзі де таң қалды. Бір жыл үшін бұл үлкен нәтиже екенін түсіндірді.

Екі жыл толғанда жаңағы орталықтарға тағы барып тексеруден өттім. Баламның көру қабілеті түгелдей қалпына келген, әскерге баратын азаматтарға қойы-

латын денсаулық талабына сәйкес дәрежеде екенін түсіндірді. Менің қуанышымда шек жоқ. Енді жарты жылдан кейін көзілдіріктен мүлде құтылады екенбіз!

Міне, биыл балам 4 сыныпты 5 деген үздік бағамен бітірді. Тәртібі де өте жақсы, қоғамдық іс-шараларға да белсене араласады. Мектепте өлең айтып, оқушылардың жұлдызы болып жүр. Денсаулығы ешкімнен кем емес. Қазір баламның алғаш ауырған күнін көзіме елестете де алмаймын.

Балама жаңа өмір, өзіме үлкен үміт, қуаныш силап, азаптан құтқарған Жасан Зекейұлына және орталықтағы барша ақ халатты жандарға алғыстан басқа айтарым жоқ!

*Алтын Құрманбекова,
Орал облысы, Ақсай қаласы*





*Адамды сүй, Алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!*

Абай

ТҮНІМ ҰЙҚЫМЕН, КҮНІМ КҮЛКІМЕН ӨТІП ЖАТЫР

Бұл орталыққа алғаш 2009 жылы келдім. Келерден бұрын ұйқысыздық ауруымен алысып, ауруханалардың есігін әбден тоздырған болатынмын. Ақтөбе облыстық неврологияда тіркеуде тұрдым. Сөйтіп ауру азабымен арпалысып жүргенде облыстық газеттен Жасан Зекейұлының сұхбатын оқып, «Жас-Ай» орталығына келуге бел байладым. Құдайға шүкір, дұрыс шешім қабылдаппын. Осында келгеннен кейін бас дәрігердің жеке қабылдауында болып, қатарынан 4 курс ем қабылдадым да, ұйқысыздықпен біржолата қоштастым. Қазір түнім ұйқымен, күнім күлкімен өтіп жатыр.

Бұл жолы балалар салдығы (ДЦП) дертімен ауыратын немерем Қуандық Ерасылды алып келіп отырмын. Міне, 3 курс ем қабылдап, оң қолы мен оң аяғын қозғалта алмайтын немеремді толығымен айықтырып, төрт мүшесі түгел сау қалпында алып барамын.

Айтар алғысым: медицинаның озық тәсілдерін меңгерген, жаныңа дауа, дертіңе шипа беріп, ауруыңды асқындармай ем дарыта білетін Жасан Зекейұлындай ақ халатты, абзал жанды кездестіргеніме қуаныштымын. Жақсы дәрігер, білікті маман, өз халқын сүйетін дәрігер жаныңызды да, тәніңізді де сауықтырып, рухани

күш тарту етеді екен. Білімі мен білігін ұштастырып, ықылым заманнан келе жатқан қазақ халқының емшілік дәстүрін, 5 мың жылдық тарихы бар шығыс медицинасының сырларын меңгерген Жасан Зекейұлының бойында ата-баба қанымен дарыған тамыр ұстау арқылы сырқатты анықтау әдісінің нәтижесі замануи медициналық аппараттармен дәлме-дәл келгенде таңқалмасқа шараң жоқ. Алдына келген сан мыңдаған науқас жандарға үміт отын силаған осындай абзал жанға алғысым да, құрметім де шексіз.

***Ырысты Шайқақ Тұрмағамбетқызы,
Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы,
Қүтикөл ауылынан***





*Қарсы алып жылы сөзіңмен,
Ем жасадың аянбай.
Бауыр боп кеттік өзіңмен,
Жақсы бір көріп жанымдай.*

КӨП ЖЕРГЕ БАРЫП, БІР ЖЕРДЕН ЕМ ТАПТЫМ

Менің белім ауырып, сол аяғым тартылып қалатын. Біреудің көмегі арқылы жүріп-тұратын жағдайда едім. Бармаған жерім жоқ. №12 және №7 емдеу орталықтарының есігін сан рет қақтым. Бірақ олардан ешқандай нәтиже болмады. 2012 жылы қаңтарда теледидардан «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығы жайлы хабарды көрдім. Сонымен, осы орталыққа барып емделуді жөн санадым. Жасан Зекейұлы мені күлімсіреп қарсы алды. Ол кісіні осындай кішіпейіл, қарапайым деп ойламаппын. Мен көп жерге барып жүрмін. Осындай ашық-жарқын адамды бірінші рет кездестіруім екен. Профессор Жасан Зекейұлы маған дұрыс диагноз қойды. Белімде протрузия бар екенін дәл тауып айтты. Бір курс ине емін алғаннан кейін жақсы болып кеттім. Сол жақ аяғымды басып жүре алатын болдым. Белімнің ауырғаны да азайды. Атажұртына келіп, жанына шипа іздеген жандардың көңіліндегі күдікті сөйілтіп жүрген Жасан Зекейұлына және «Жас-Ай» орталығының барлық қызметкерлеріне үлкен рақметімді айтамын.

Баймұханова Әспет



ҚЫЗЫМ ТАЛМА АУРУЫНАН ЖАЗЫЛДЫ

Қызым Соловьева Оксана талма ауруымен ауырып келе жатқанына 20 жылдай болды. Алғашында айтқан сөзін түсінбейтінбіз. Кейін келе үйрене бастадық. Оның үстіне осы қыста қатты суық тиіп, құлағы естімей қалған. Бұрынғы қараған дәрігерлері «қызыңның құлағы қалпына келуі екіталай», дегенде есімнен тана жаздағанмын. «Жас-Ай» емдеу орталығын естіп, осында келдік. Қызымды бұл жерге қолтығынан сүйеп келген едім. Ине емін қабылдап, массаж жасаттық. Содан бірінші курстан бастап жүрісі дұрысталып, сөзі анықтала бастады. Ойлау қабілеті де жөнге келді. Төрт курс ем алғаннан кейін құлантаза жазылып кетті. Басы да ауырмайтын болды. Ұйқысы жақсарды. Менің қызымды емдеп-жазған профессор Жасан Зекейұлына, дәрігер Айгүл Оңдасқызына, Массажист Гүлнұр Нұрәліқызына, мейірбике Көпесбаева Гүлсімге үлкен алғысымды айтамын. Жалпы, «Жас-Ай» ұжымының қызметкерлерінің дендеріне саулық, бастарына бақыт тілеймін.

*Соловьева Любовь Алексеевна,
Шымкент қаласы*



*Ел дегенде – езіліп,
жұрт дегенде – жұмылып істе.*

Б.Момышұлы

АНА БОЛУ БАҚЫТЫН СЫЙЛАДЫ

Мен Алматы қаласы «Ақбұлақ» ықшамауданының тұрғынымын. «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығына алғысым шексіз. Өйткені менің отбасы құрғаным 16 жылдан соң кейін профессор Жасан Зекейұлының ине емін қабылдағаннан кейін жүкті болып, бала сүйдім. Көрінбеген дәрігерім де қалған жоқ-ау, шамасы. Репродукциялық орталыққа үш жылдай тіркеліп емделдім. Неге екенін білмеймін, екі рет түсік тастадым. Онан кейін жатыр түтікшесіне операция да жасаттым. Токпен массаж да істеттім. Қойшы, жасатпаған емім жоқ, ең соңында «Жас-Ай» деген медициналық журналдан ине емі арқылы жүкті болуға болатындығын оқыдым. Көрсетілген мекен-жай бойынша тауып келіп, 2011 жылы қаңтардың 3-4-інен 14-іне дейін бір курс ине емін қабылдадым. Біраз уақыт өткеннен кейін жүкті болғанымды сезіп, қатты қуандым. Міне, бес ай болды, Айша деген сүйкімді қызды болдым. Бұл жайды өзіммен бірге жұмыс істейтін Ләйла Кадинова деген досыма айттым. Ол да көп жыл болды, бір шаранаға зар болып жүрген еді. Сондықтан ойланбастан Жасан ағаға барып, тамыр ұстатып, ине емін қабылдады. Көп өтпей, ол да жүкті болды. Сонымен, құрбым да, мен де бақытты күндерді бастан өткізіп жатырмыз. Біріншіден, құдіреті күшті Аллаға, екіншіден, Жасан Зекейұлына алғысымды білдіремін.

***Марфуға Мырзағалиева,
Алматы қаласы***



*Жақсы күлкі – рухани денсаулықтың
сенімді белгісі.*

Максим Горький

ТОЛЫҚ ЖАЗЫЛАТЫНЫМЫЗҒА СЕНЕМІЗ

Немерем Омар туылғанынан жарымжан. Сол жақ денесі салданыңқы болатын. 2011 жылы академик Жасан Зекейұлын естіп келіп соған емдеттім. Құдай оңдағанда емі үшінші күні-ақ өнім бере бастады. Бірінші келгенде отыра алды, екінші келгенде орнынан тұра алатын болды, үшінші көрінгенде бұрынғысынан да тәуірленді. 2012 жылдың мамыр айында төртінші рет емдеттім. Жасанның және осы орталықтағы барлық дәрігерлердің құлшына емдеуінде түбегейлі сауығып кетуінен үміттендірді. Сондықтан “Жас-Ай” орталығына айтар алғысым шексіз.

*Қайыпбай Ұбегенұлы,
Үшқоңыр ауылы,
Қарасай ауданы*



Ашығу – шығыстың өте күшті әрі мықты стратегиясы. Ол сананы тұнық, денсаулықты мықты қылады.

ОТБАСЫЛЫҚ АЛҒЫС

Мен 25 жылдан бері қант диабеті ауруымен ауырамын. Осы аурудың себебінен аяғым ісіп, көру қабілетім төмендеген еді. Ал, жұбайым жүрек қан тамырлары ауруымен ауыратын. Ауруымның асқынуына байланысты операцияға дайындалған болатынмын. «Жас-Ай» орталығы туралы жақсы жаңалық естіп келіп 3 курс емделдік. Қазір аяғымдағы ісік қайтып, еркін жүре алатын болдым. Жұбайымның басының шыңылдап ауыратыны да басылды. Осының бәрі орталықтың кәсіптік деңгейінің жоғарылығын көрсетті. Орталықтың директоры, доктор, профессор, академик Жасан Зекейұлының қарапайымдылығы мен біліктілігі, жауапкерлігі жан сүйіндіреді. Бізді арнаулы емдеген жаны жайсаң, жоғары дәрежелі иглотерапевт Нұртазаева Бибігүл мен мейірбике Нейман Екатеринаға алғысымыз шексіз.

*Дериглазов Владимир,
Муравицкая Людмила,
Зыряновск қаласы, ШҚО*



МЫҢ КҮНГІ ЖҰМАҚТАН БІР КҮНГІ ТІРЛІК АРТЫҚ

Соңғы кезде бір қолым көтертпей, асқазаным АД 90-170, 100-180 болып, қант диабеті бар делінді. «Мың күнгі жұмақтан бір күнгі тірлік артық» қой. «Жақсыдан шарапат» дегендей «Жас-Ай» орталығының бас директоры, академик Жасан Зекейұлы науқастарды алаламай кезектері бойынша кішіпейілдікпен көріп жатты. Мені де мұқият тексеріп емдетуге бұйырды. Әрмен қарай Айгүл Оңдасқызы, Гүлсім, Гүлнұрлар іліп әкетті. Олардың қолдары қандай шипалы! Өздері әдепті, ибалы, жайдары екен. Оның өзі де басшының іскерлігі мен тәрбиесіне байланысты. Емдері жаға бастады. Жасанға және орталықтағы адам жанына арашашы барлық ақ халатты абзал жандарға Алланың нұры жаусын!

*Мусиева Айша,
Атырау қаласы*



*Адамның асқан сұлулығы оның сезгіштігі,
қарапайымдылығы, тілектестігі, ниеттестігі...*

Василий Сухомлинский

АНАЛЫҚ АЛҒЫС

Басым қатты ауырып маза бермеген соң МРТ-ға түстім. Миға қан ұйыған деген қорытынды шығарды. Сосын “Жас-Ай” орталығындағы Жасан Зекейұлына қаралып толық бір курс емделдім. Жаным терезе тапқандай басымның ауырғаны тынышталып, ұйқым қалпына келді. Орталықтың қызмет көрсетуі әр қандай науқастың көңілінен шығады екен. Аналық жүрегімнен ақтарыла алғыс айтпақпын!

Байбұғанова Алтыниаш Метербайқызы

*Жеттім, толдым деген адамның
дамуы тоқтайды да, міндетті түрде
кері кетуі басталады.*



Махатма Ганди

БАҒАЛЫ ОҚУЛЫҚ

Жасым жетпістен асса да жаңалыққа құштармын. Көршілерім алып тұратын «Жас-Ай» медициналық журналын да сұрап алып оқимын. Көзім талса ұлым мен келініме оқытып тыңдаймын. Мазмұны өте бай екен. Қазақстанның батысша емдеу жүйесінен өзгеше Шығыс-Тибет медицинасының операциясыз ем жүргізу тәсілін дәріптеу – журналдың өзекті тақырыбы көрінеді. «Жас-Ай» орталығына емделіп жазылған адамдар да көп екен. 80 пайызы алтын, 20 пайызы күміс қоспаларынан жасалған «алтын инемен» алуан түрлі ауруларды емдеу әдісі таң қалдырды. Журналдың ұлт болмысындағы денсаулыққа қатысты мазмұндары – толыққанды ұлт болудың өзі де денсаулықтың кепілі екендігі жайлы үлкен ой салады. Медицина ғылымдарының докторы, профессор, академик Жасан Зекейұлының адам өмірі жолындағы көкейге қонымды ізденістері мен сұхбаттарына дән риза болдым. Журнал науқастар мен барлық оқырмандар үшін бостықты толтырар бағалы оқулық десе де болады.

*Молдаш Нұранбаев,
зейнеткер,
Талғар ауданы, Тұздыбастау ауылы.*

*Атадан жақсы ұл туса,
Елінің туы болады.*



Қазыбек би

ҚЫЗЫМДЫ ӨЗ АЯҒЫНА ТҰРҒЫЗДЫ

Сау дене, азат ақыл, адам көңіл,

Үшеуімен бақытты болады өмір – демекші қызым Назеркені осы орталыққа 2011 жылы қыркүйек айында «ДЦП» диагнозымен алғаш алып келдім. Ең бірінші келгенде қызым өздігінен жүре алмайтын. Тіпті, орнынан тұра алмайтын. Профессор Жасан Зекейұлы тамырын ұстап, «Егер, емді уақытында алатын болса, қызың аяғын нық басып тұрып кетеді», – деді. Содан бері 4 курс ем қабылдадық. Қазір қызым өздігінен жүріп, орнынан тұра алады. Осының бәрі «Жас-Ай» орталығындағы мейірімі мол дәрігерлер мен мейірбикелердің шипалы емдерінің арқасы деп білемін. Алғысым шексіз. Еңбектеріңізге тек табыс тілеймін, аялы алақандарыңызбен ауруларды емдей беріңіздер. Сіздердің қолдарыңыздағы алтын инелеріңіз, дәруменге толы дәрілік шөптеріңіз талай жаралы жүректерге жылу шапағатын шашатына сенемін. Соның бірі – менің қызым Назерке.

*Ізгі тілекпен, шын жүрекпен:
Назеркенің анасы Майра*



*Абзал жан деген ат алған,
Ем беріп көптен бата алған.
Дәрігер ізгі жүректі,
Сап құрған сыйлы қатардан.*

АЛЛА РАЗЫ БОЛСЫН!

Мен 2010 жылдың 24 наурызынан бастап ем алып келемін. Қызым кекештенудің ауыр түрімен және мидың органикалық жетіспеушілігі, травмадан кейінгі энцефалопатиямен, өзім жалғыз бүйректің пиелонефриті, бүйрекке тас жиналу, қан қысымының көтерілуі, жүрек сияқты көптеген аурулардың түрімен емделдім. Нәтижесі өте тамаша. Адам басынан өткеріп өзі сезінбесе тілмен жеткізу мүмкін емес. Жасан Зекейұлы бір төбе.

Ең бірінші қабылдаған Бибігүл Нұртазаева, емдеген дәрігер Айгүл Рахметова, Бибісара Кеңесқызы, Гүлсім сынды аяжан қыздарымның әдептілігі, нәзіктігі, инабаттылығы, жылы лебізі, құрметі ерекше әсер қалдырды. Күзетші, тазалықшыларынан бастап өте мәдениеттілігін көрсетті.

«Жұмылғанда жұдырық бол

Көтергенде ық бол,

Халық алдында аласа бол

Ар алдында биік бол!» – деген бата тек осы ұжымға арналып айтылғандай. «Жақсылық көрген жеріңе еңбекте де жет» деген ғой. Бас ауырып балтыр сыздаса тек осы «Жас-Ай» Шығыс-Тибет орталығына келемін. Сіздерге мың алғыс! 11-ші рет келудемін. Қаншама жеңілдіктермен емделдім. Алла разы болсын!

*212 палатада жатып емделуші
Әлиева Ұлдар Әбденқызы
Қызылорда облысы, Шиелі ауданы*



*Ақшасы жоқ адам кедей емес, арманы
жоқ адам кедей.*

Сократ

НЕМЕРЕМ ЖҮГІРІП КЕТТІ

Жамбыл облысы Жуалы ауданы Алатау ауылының тұрғынымын. «Жас-Ай» медициналық орталығына немерем Кәусар Нұрбосынқызын емдетіп жатырмын. Бұл орталыққа алғаш Кәусардың 3 жасында, яғни 2011 жылды қараша айында келгенбіз. Одан кейін 2012 жылдың басында екі курс ем қабылдадық. Басында денсаулығы әлсіз, әлжуаз, жүре алмай келген немерем екі курс ем қабылдағаннан кейін аяғына тұрып, жағдайы жақсарып қалды. Біраз жерді жаяу жүретін дәрежеге келді. Қазір үшінші курс ем қабылдауға келдік. Қызымыздың жүріс-тұрысы негізінен жақсарды. Сонда да тағы келуге ниеттеніп тұрмыз. Қыз баласы болғаннан соң мінсіз өсіп бойжетсін деген арманымыз бар. Сол арманымызға қол жеткізіп, немереме жаңа өмір сыйлап, аяғымен толық жер басып жүру бақытын сыйлаған «Жас-Ай» медициналық орталығына, бас дәрігер Жасан Зекейұлына және барлық қызметкерлеріне шексіз алғыс білдіремін. Халыққа өлшеусіз қызмет етіп жатқан осы азаматтарымызға алғыстан басқа айтарымыз жоқ!

Адамзаттың денсаулығы үшін күресіп, шығыс медицинасының шыңын бағындыруға талпынып, ел алдындағы парызын орындап жатқан осынау азаматтарға мемлекет тарапынан қолдау-қуат көрсетіледі деп ойлаймыз.

Бұл орталықтағы дәрігерлердің біліктілігіне куә болдық.

*Әр күніңіз жеңістерді құрасын,
Емделушің тек бақыттан жыласын.
Алғыс алып сан мыңдаған адамнан,
Ең соңында болсын орның шынар шың.*

*Жайлаубаева Сапараш,
Жамбыл облысы, Жуалы ауданы*



Салауатты өмір салты мен адамның өз денсаулығы үшін ынтымақты жауапкершілік қағидаты – денсаулық саласындағы және халықтың күнделікті тұрмысындағы мемлекеттік саясаттың ең басты мәселесі болуы тиіс.



Н.Ә.Назарбаев

ҚҰРМЕТТІ «ЖАС-АЙ» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ!

Менің және менің жанұямның сіздерге алғысы шексіз. Алғаш келген күннен бастап, дәрігер Бибігүл Тұрсынәлиеваның шипалы инесі, мейірбикелердің жылы жүздері және Жасан Зекейұлының басшылығы мен біліктілігінің арқасында дертімізге дауа тапқанымызды сезіндік.

Менің тәтем 2012 жылдың жазында ми инсульті дертіне шалдығып қалды. Ол «афазия» дертіне жол берді. Осылайша, ол сөйлеу қабілетінен айрылып, өз ойын тек қағаз бен қалам арқылы білдіре алды.

Дәстүрлі медицина қызметкерлерінің екі курсынан соң қыркүйекте (2012ж) Жасан мырзаның алдына келдік. Сөйтіп, алғашқы ине терапиясының курсы бастадық.

Ең алғашқы күннен бастап әртүрлі әріптерді, дыбыстарды айта бастады. Үйдегі емдеп жатқан логопед мамандар да оң өзгерістерді байқай бастады.

Осылайша, 2012 жылы инсульттан кейінгі 3 курсы желтоқсан айында бітіріп, 3 айға демалуға рұқсат етілді. Осынау үш курсынан кейін, менің тәтем сөйлей бастады.

Осы жылдың сәуір айында жақсы сөйлеп кетті. Иә, әлі де сөйлеу керек, оқу керек. Бірақ, алғашқы қадам осы орталықтағы ақ халатты абзал жандардың және Зекейұлы Жасан мырзаның шипасының арқасында жасалды.

Сіздерге мың алғыс! Осындай медицинаның озық амалдарын меңгеріп, қазақ елінің дертіне шипа тапқандарыңызға алғыс айтушы халық көп екеніне мол сенімдемін.

Сондай-ақ жеке алғысымды төмендегілерге білдіремін:

Жасан Зекейұлы – ұлы басшылығы үшін;

Бибігүл Нұртазаева – шипалы инесі үшін;

Гүлнұр Нұрәлі – шипалы массажы үшін;

Гүлсім, Майя – жылы шырайы мен көрсеткен жақсылықтары үшін.

*Айша Мусиева отбасының атынан,
Атырау қаласы*

*Есіміңіз әйгілі бүкіл елге,
Жан дауаға себепші еміңізге.
Сіз қараған пенделер жазылуға,
Жазылғандар риза еңбегіңе.*



Бірлікбай Балғынов

АЛҒАШҚЫ ЕМНЕН КЕЙІН-АҚ ЖАЗЫЛА БАСТАДЫМ

Мен Алматы қаласында тұрамын. Мұғалім болып қызмет атқарамын. Жақында белім шойырылып ауруханаға түстім. Белімді жақсылап емдеді. Бірақ, басқа жағыма өте қиын әсер берді. Дәрілер мен екпелердің кері әсері болды ма, қан қысымым көтеріліп жатып қалдым. Тіпті үйден шығалмай, әлсіреп қалдым. Сөйтіп жүргенде телеарнадан Жасан Зекейұлының қатысумен өткен бір бағдарламаны көрдім. Сол жерде «Жас-Ай» орталығына барып жазылған бірнеше адамның сөздерін естіп, мен де осы жерге келуге бел байладым. Мұндай алғаш келгенде жағдайым қиын еді. Дәрігердің қабылдауында отыра алмадым. Кезегім келгенше жатып күтуіме тура келді. Ол кісі қабылдап, қалай емделу керектігін айтып берді. Алғашқы ем қабылдағаннан-ақ, мен орнымнан тұрып, үйіме жаяу қайттым. Осылайша, күннен күнге жақсара бердім. Енді айтады ғой, ауру батпандап мысқылдап кіріп, батпандап шығады деп. Міне, ең бірінші Аллланың қуатымен, содан кейін бас дәрігер Жасан Зекейұлының керемет емдерінен

кейін, ақырындап ауруымнан айығып бара жатырмын. Қан қысымым қалпына келді, ұйқым жақсарды, белім де ауырғанын қойды. Меніңше, «Жас-Ай» орталығына емі, яғни шығыс емі тек бір ауруға ғана емес, адамның барлық организмін қуаттандыруға, барлық аурудың белгісін жоюға арналған.

Осы орайда Академик Жасан Зекейұлына ерекше алғыс айтамын. Ол кісі білікті маман ғана емес, өте сыпайы, мәдениетті, адамдармен қарым-қатынаста аса кішіпейіл адам. Ауырып келген адамдардың деніне шипа сыйлап қана қоймай, оларға рухани күш, тамаша көңіл-күй сыйлай біледі. Өзінің бір сұхбатында «Көздегенім қалтаның қалыңдығы емес, халықтың қамы» – деп айтып еді. Шындығында дәл айтылған сөз. Сондай-ақ, осы орталықтағы барлық дәрігер, мейірбикелер де ерекше мейірімді, әрі өз ісінің майталмандары екен. Елдің алғысын алып жатқан осы ақ халатты абзал жан-дарға тілейтінім – еңбектерінің жемісін көрсін.

Құдайбергеева Атыла Сымбатжанқызы



Тер шықпаған кісіден, дерт шықпайды.

ТАҢҒАЖАЙЫП ҚҰБЫЛЫС

Осыдан 7-8 ай бұрын мұрнымның оң жағына бір бөрткен шықты. Ол өсе берді. Біраз уақытта 1см-дей өсіп, ұшы жарылып қолға шығатын сүйелден айнамай қалды. Көзіме таса болып жайсыздық туғызды. Көрген адам «мынау не?» деп сұрайтынды шығарды. Ауырмаған соң оны докторға көрсеткен де жоқпын.

Бір күні Жасан баламның бұрын емделгенде берген жақпа майы ойыма түсті де тоңазытқыштан алып, «Бис-смилла Рахман Рахим ем бола гөр» деп, сол «сүйел» (расында не екенін білмеймін) тұрған жерге жақтым. Осылай қайтып 4-5 күн жағып едім, қалай түскенін байқамай қалдым, тек орны қалып жоқ болды. Қазір оның қолға білінетін ізі ғана қалды. Табиғаттың мұндай тылсым күшіне қалай таңғалмассың.

Алла өзі шипа етемін десе емделмейтін ауру жоқ тәрізді.

*Апаларың – Орынгүл Жұмабекова
Еңбек ардагері, Күміс алқа иегері
Жамбыл облысы, Рысқұлов ауданы,
Құлан ауылы.*



*Әрбір шаңырақ ұрпақты болсын, рысты
болсын, ырысы жұртқа жұғысты болсын!*

Н. Назарбаев

АЛТЫН ҚОЛДЫ ДӘРІГЕР АЗАМАТ ТАПҚАН АЛТЫН ҚҰРСАҚ АНАСЫ ҚАРТАЙМАСЫН!

Мені ұзақ жылдар бойы жүрек ауруы және қол-аяқ буындарының қақсауы мазалап келді. Осыған қарсы дәрі-дәрмекті көп тұтынудан болса керек, соңғы кездері асқазаным мен бауырым да сыр бере бастады. Түнде тыныш ұйықтау мұңға айналды. Салдарынан күннен-күнге әлсіреп, буыным құрып тұратын.

«Жас-Ай» Шығыс медициналық орталығына алғаш бір аяғым сүйретіліп жүре алмай келдім. Ем қабылдаған үшінші күннен бастап-ақ оң әсері болды. Асқа деген тәбетім де мүлдем жоғалып кетіп еді, Аллаға шүкір, қазір бәрі жақсы. Мұндағы мамандар қажетсіз дәрілерді көп ішуден ағзама кері әсер болғанын айтуда. Қазір алғашқы он күндік ем аяқталды. Енді Алла қаласа екінші курс емді қабылдауға ниеттеніп отырмын.

Жалпы, «Жас-Ай» медициналық орталығы туралы бұрын ешқандай хабарымыз жоқ еді. Сіздердің «Жас-Ай» атты журналдарыңызды алып оқығасын ғана осы орталық жайлы біле бастадық. Осы орталыққа келіп, Бас дәрігер Жасан Зекейұлы туралы кітапты оқыған соң тіпті көзіме жас алдым. Өзге елде оқып, сол елдің халқы сыртқа құпия ұстайтын тибет емінің білікті маманы атанып, жақсы шарт-жағдайда қызмет атқарса да, өз Отанына келіп, ондағы халықтың Шығыс еміне деген

сауатын ашып, халқын емдеп жүрген осындай азаматтардың бар екендігіне шексіз қуандым. Жасан ағаның алдында өзінді сенімді сезінеді екенсің, жылы қабағы мен дәрігерлік біліктілігін көргенде бойыңда қандай да бір дерт болса да, бірден сауығып аяғыңнан тік тұрып кетердей сезімде боласың.

Меніңше, «Жас-Ай» орталығынан сауығып ем алып қайтқан адамдар ең алдымен Жасандай асыл азаматты тапқан алтын құрсақты анасына алғыс айту керек деп есептеймін. Мұнда көрі де, жас та келіп емделіп, дертіне шипа тауып жатыр. Осындай алтын қолды шипагердің қолына Жаратқан дем берсе екен, бала-шағаларының рахатын көрсе екен деп тілеймін. Сіздерге алғысымыз шексіз!

*Игілікова Гүлсім Дәукенқызы,
Алматы облысы*



*Өмір үнемі алға қарыштай берсе екен,
сейсенбі дүйсенбіден жақсырақ,
зұлымдық кешегіден бүгін азырақ болса екен,
адам бүгінгіден ертең ақылдырақ,
бір-біріне мейірімдірек болса екен.*



Глеб Успенский

ҚУАНЫШПЕН ҚАЙТЫП БАРАМЫН

«Жас-Ай» медицина орталығына басым айналып, құсып, қан қысымым өте жоғары болып келген едім, Жасан Зекейұлының тамыр ұстау арқылы нақты диагноз қойып, өте ұқыпты, ем жүргізуінің арқасында денсаулығым жақсара бастады. Қазіргі таңда 4 курс емінен кейін өзімді жақсы сезініп еліме қуанышпен кетіп барамын.

Осы орталықтың дәрігері Бибігүлдің шипалы қолымен салынған инесінің және медбике Жанар қызымның өте биязы жанға жайлы, жұмсақ мінезінің арқасында, алған емім шипалы болды. Медицина орталығында қызмет жасап жатқан басқа да қызметкерлерге шын жүректен алғысымды білдіремін. Осындай керемет орталықтың бастығы профессор Жасан Зекейұлына ілтипатым ерекше зор.

Жанұяларыңызға ырыс, береке, байлық, бақыт тілеймін. Ашылып жатқан 5 қабатты жаңа орталықтарыңыз халыққа адал қызмет етсін!

*Бақытбек Нұрышев,
Шымкент қаласы*

*«Таза» адам деген сөз үсті-басының
тазалығымен бірге,
ар-ұятының тазалығында көрсетіп тұрады.*



Ғабит Мүсірепов

АДАМ ӨМІРІНІҢ АРАШАШЫСЫ

«Жарлының байлығы – денінің саулығы» деген ғой қазақ. Адам жанын ажалдан арашалап, дертіне дауа тауып, әрқашан көмек қолын созуға дайын тұратын жандар – дәрігерлер деген ұғым бұрыннан жаттанды боп кеткен. Бірақ өкінішке орай бұл цитатаның бұлыңғырлау боп бара жатқанына бәріміз де куәміз. Екі жыл бойы ауырып, шипа таба алмай бармаған жерім жоқ, көрінбеген дәрігерім де қалмады. Сондағы барлығының айтатыны – ота жасату. Бірақ қоятын диагноздары өртүрлі. Сол жылдар ішінде ауруым туралы кәдімгідей бір папка «коллекция» жиналды. Қойылған диагноздар бір жерден шықпаған соң көңілімде бір сенімсіздік ұялады. Бірақ, аурудың салдарынан түнде ұйқым бұзылып, мазам кетіп жүрген соң, амалсыздан ота жасатуға бел буып, міне ертең жолға шығамын деп отырғанда, құдіретті Алланың кездестіргені болды. Ләззат атты жолдас қызымның Саудаш деген анасы Шымкенттен келіп «Жас-Ай» орталығында емделіп жүр екен. Сол кісі жағдайымды естіп, қолымнан жетелеп орталыққа алып келді. Аққу деген өте байсалды да байыпты дәрігер мені қарап, профессор Жасан Зекейұлына көрсетті. Ол кісі тамыр ұстап-ақ ота жасатудың қажеті жоқтығын айтты. Сол кездегі менің үнсіз қуанышым өзіме ғана аян.

Пышаққа түскенді кім қаласын. Содан ем ала бастадым. «Тер шықпаған кісіден, дерт шықпайды» деген, бірінші күннен бастап-ақ терлей бердім, басым жастыққа тисе болды, ұйқыға кететін жағдайға жеттім. Үшінші курстан кейін едәуір жағдайым жақсарды. Зертханалық сараптамалар тексерілуінен өткен кезде, нәтижелер жақсы көрсеткіш берді.

«Жаманның жамандығын айт – құты қашсың, жақсының жақсылығын айт – нұры тассын» деген ғой. Біздің эрамызға дейінгі 384 ж. туылған Аристотель: «Өмір сүру – бірдеңе сатып алып, біреуден бірдеңе сұрау емес, қажет нәрсенді өз қолыңмен жасау» – деп айтқан екен. Осы қағида тікелей Академик Жасан Зекейұлына айтылғандай. Бойына Тәңір берген талантының шапағатын алдына келгендерге беріп жатыр. Бір орында тоқтап қалмай өз білімін де, ісін де дамытуда. Жақында 5 қабатты жаңа емдік ғимаратының ашылу тұсаукесерінің куәгері болдым, сондағы небір үлкен ұлағатты кісілердің профессорға деген шексіз алғыстарын, баталарын естігенде, «біздің қазақтың жігіттері қандай қайсарлы, жігерлі, жомарт» деген мақтаныш сезімі кернеді. Профессордың жанына топтанған қызметкерлері де өте білікті, мейірімді, кішіпейіл жандар. Аққу, Бибігүл, Бибісара, Жанар, Айнара, Шолпан, Қазірет сияқты ісіне берілген мамандарға дән ризашылығымды білдіремін.

Кез келген науқастың көңіл-күйіне, ем алуына аса ұқыптылықпен қарау да Жасан Зекейұлына тән қасиет. Өзі қарайтын науқастың денсаулығын бәрінен де маңызды санап, бар өнерін салып, адам жанына шипа беріп жатады. Ол кісіні адам өмірінің арашашысы, халық денсаулығының қамқоршысы деп айтар едім. Шеберлігіңіз асып-тассың, ісіңіз оңға бассың, Жасан Зекейұлы!

Зульфия Қалекеева
Алматы облысы

*Көп жасау – деннің саулығы, бақытты
болу – адамның өз қолындағы ісі*



А.М.Кирхенштейн

АЛҒЫСЫМ ШЕКСІЗ

Мен Шамұрат Айғанымның анасымын. Қызыма қойылған балалар салдануы (ДЦП) ауруымен дертімізге шипа іздеп «Жас-Ай» медициналық орталығының табалдырығынан аттадық. Қызым үлкен, кіші дәретке өздігінен сұранбайтын. Сөздік қоры аз. Тек екі-үш әріптен құралған сөздерді ғана айтатын. Жүргенде шалынып құлап қала беретін. Көп жүрсе шаршап әлсіреп қалатын. Осы орталықтың бірінші курстық емін алғаннан кейін-ақ оң нәтижелерін көрсете бастады. Қызым дәретке өзі сұранып, түбекке өзі отыра алатындай деңгейге жетті. Сөздік қоры көбейіп, шалынбай, құламай, аяғын нық басып жүретін болды. Бірінші Аллаға, екінші «Жас-Ай» медициналық орталығының дәрігерлеріне, профессор Жасан Зекейұлына үлкен алғысымды білдіремін. Дендеріңізге саулық, жұмыстарыңызға табыс тілеймін.

*Аханова Айгүл,
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Ордабасы ауданы*

*Жақсылық ойлап іс қылсаң, көпшілік те
саған жақсы көзқараспен қарайтын болады.*



Конфуций

БАЛАМДЫ ЖҮРГІЗГЕН ЖАН

Мен Сәтбаева Сандуғаш, балам Хансұлтан Даниярды «Жас-Ай» медицина орталығына бірінші рет 2013 жылдың ақпан айында алып келдім. Бірінші курстан кейін еңбектей бастады, ал үшінші курстан соң жүре бастады. «Жас-Ай» орталығының профессоры Жасан Зекейұлына және де осында ем жасайтын дәрігер, медбикелерге отбасылық алғасымыз шексіз. Деңдеріңізге саулық, отбасыларыңызға аманшылық тілейміз.

*Алғыс болсын алғаның,
Мәртебең асып самғағын.
Еселесін еңбегің,
Өмірдің алып бар бағын.*

***Сариев Нұрқанат,
Сәтбаева Сандуғаш***



*Қай істің болсын өнуіне үш шарт бар:
ең әуелі – ниет керек, одан соң – күш керек,
одан соң тәртіп керек.*

Мұхтар Әуезов

ЖЕҢІСКЕ ЖЕТЕМІЗ

Біз «Жас-Ай» орталығына 2013 жылдың сәуір айында келдік. Балам Жанқараев Нұрдәулет сал ауруымен (ДЦП), клиникаға келгенде өздігінен жүре, орнынан біреудің көмегінсіз тұра да алмай, түнде дұрыс ұйықтамайтын. Бірінші курс емнен кейін-ақ түнгі ұйқысы тұрақталды. Үшінші курстан кейін өзі орнынан ешкімнің сүйемелдеуінсіз тұра алатындай жағдайға жетті. Бұдан кейін де «Жас-Ай» орталығына келіп балам толық сауығып кеткенше емімізді жалғастырып тұрамыз.

Алдымен Аллаға, екінші осы орталықтың медбикелеріне айтар алғысымыз шексіз. Жасан Зекейұлына, дәрігер Айгүл, Жанна әпкелерге көп рахмет. Сіздерге зор денсаулық, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз.

*Жанқараев Нұрдәулет пен анасы Гүлнұр,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы*



*Жақсы дәрігер ауруды жазады,
жаман дәрігер ауруға ауру қосады.*

Гиппократ

* * *

«Жас-Ай» орталығына 2013 жылдың сәуір айынан бастап келіп ем алып жатырмыз. 2006 жылы туылған балам Әлімжан Айдарға 2008 жылы балалар сал ауруы (ДЦП) деген диагноз қойылды. Балам өздігінен жүріп, тұра алмайтын. Осында келіп 3 курс ем алғаннан кейін 3-4 қадам жасап, 4 курстан кейін өзі жүре бастады.

Біз осы «Жас-Ай» медициналық орталықтың қызметкерлеріне, дәрігер Айгүл және Айжан апайларға алғысымызды білдіреміз. Профессор Жасан Зекейұлына көп-көп рахметімізді айтамыз. Еңбектеріңізге табыс, дендеріңізге саулық тілейміз.

*Әлімжан Айдар және анасы –
Әбенова Ақмарал,
Алматы қаласы*



ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ – ҮЛКЕН НӘТИЖЕ

Ұлым Жұмабай Қанатұлын 2013 жылдың 11 қыркүйек айынан бастап, әркімдерден естіген осы «Жас-Ай» орталығына алып келген едім. Келгенімізге еш өкінбеймін, себебі ұлым дүниеге келген кезден бастап сол жақ бетінің нерві зақымданған (лицевой неврит) деген диагноз қойылған болатын. Қаншама уақыт өзіміздегі дәрігерлерге көрсетіп одан алған нәтижеден гөрі осы орталыққа келіп ем алғандағы қысқа мерзім ішіндегі нәтижелер өте жоғары болды. «Жас-Ай» медициналық орталығының ұжымына отбасымның атынан шексіз рахметімді айтқым келеді.

Профессор Жасан Зекейұлы басқарған орталықтың әр қызметкерлері мен дәрігерлерінің өте мейірімді, мәдениетті, адамға деген жанашырлық сезімдері әрбір науқастың еміне ем қосатынына көзім жетті. Айгүл, Бибісара, Гүлсім сынды жалпы ұжымның еңбектеріне табыс-береке, отбасыларына жақсылық тілеймін.

*Әшірова Әйкен Тұрғанбайқызы
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Шымкент қаласы,*



*Ән туады мұраттан,
Ой туады сұрақтан,
Небір үлкен өзендер басталады бұлақтан...*

М.Шаханов

АСА ҚАДІРЛІ ҚЫЗДАРЫМ ГҮЛНҰР, РАЯ!

Қазақ қыздарына тән ибалықтарыңыз, жылы жүзде-
ріңіз, жасаған емдеріңіз, көрсеткен қызметтеріңізге
аналық сезіммен шын жүректен алғысымды білдіремін.

Өзім Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданынан келіп екі
курс ем алдым. Аяғымның буындары ауыратын еді.
Қазір өзімді жақсы сеземін, жеңіл жүремін. Көп-көп
рахмет.

Қыздарым! Осы қалыптарыңнан айнымай істеген
қызметтеріңнің рахатын көріңіздер.

Денсаулықтарың мықты, отбасыларыңыз аман бо-
лып, шат-шадыман ғұмыр кешіңіздер, жасаған жақсы-
лықтарыңыз бен қызметтеріңіздің Алла берекетін
берсін.

Жасан ағаның қарындастары осындай игі жандар
болсын!

*Ырысты Шайқақ
Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы,
Құттыкөл селосы*



*Өз халқының қамын жеп,
Қайран қалмас кісіні,
Атамаңыз адам деп
Ұқсаса да мүсіні.*

Әлішер Науаи

ЖАНЫМ ЖАЙ ТАПТЫ

Мен, 2008 жылдан бастап инсульт ауруына шалдықтым. Содан бері тепе-теңдігімді ұстай алмай таяққа сүйеніп жүрдім. Алғаш инсульт алып құлаған кезде Аламатыдағы №7 ауруханаға түсіп сонда қаралдым. Одан кейін Өскемендегі ауруханаға да жатып шықтым. Ешқайсынан ешқандай да оңды нәтиже бола қоймады. Ауылда тұратын Оралғайша деген келіншек осы Алматы қаласындағы «Жас-Ай» орталығынан емделіп жазылғанын айтып, маған мекенжайын берді.

Осы «Жас-Ай» орталығына биылғы жылдың, яғни 2014 жылдың мамыр айында келдім. Жасан Зекейұлы тамырымды ұстап, қабылдайтын емдерді жазып беріп бірден емді бастап кеттім. Сол бірінші курстық емнен кейін-ақ таяғымды тастап, тепе-теңдігімді ұстайтын дәрежеге жеттім. Бұрын бет-аузым ісініп, қан қысымым да жоғарылап, басым ауырып адамдардың артық сөздерін көтере алмай, у-шуды жақтырмай мазам кететін. Қазір бәрі дерлік қалпына келіп, денсаулығым едәуір жақсарып қалды. Ұйқым да тынышталып жаным жай тапты. Ауырғаннан бастап 5 жыл жүйке тыныштандыратыны бар, қан қысымының дәрілері бар, бас ауырғанының дәрісі бар уыс-уыс дәрі ішетін едім, оның бәрін ішкеннен асқазаным ауыратын болды. Осында келіп

ем алғалы бері баяғы уыс-уыс дәрілерді ұмыттым, қарағым да келмейді. Қазір басым да ауырмайды өзімді жеңіл сезінем. Қазір әйелімнің денсаулығы да сыр беріп, сол кісіні әкеліп отырмын.

«Жас-Ай» орталығының дәрігерлері мен медбикелеріне ақ алғысымды айтамын. Ине қойған Бибігүл, Ризат, массаж жасаған Гүлнәрға ерекше алғысымды білдіремін. Алтын қолды азамат Жасан Зекейұлына рахметімді айтып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бастарыңызға бақ тілеймін! Қолдарыңыз қуатты, әрбір күндеріңіз шуақты болсын!

*Әкімбаев Оразбай,
Өскемен қаласы, Үржар ауданы,
Қарақол ауылы*



*Қоғамды біріктіріп ұстап тұрған нәрсе –
адамдардың бір-бірін ойлап, қамқор болуы.*

Конфуций

ҚЫЗЫМ «ЖАС-АЙҒА» КЕЛІП ЖҮРІП КЕТТІ

Мен Какетаева Балжан, қызым – Аиданы емханаларға сүйреп, табалдырықтарын тоздырып жүргеніме 3 айдан асты. Қызым биылғы жылдың сәуір айында денешынықтыру сабағында жүгіріп бара жатып тізесі бүгіліп, аяқтары ұстамай қалады. Оны ескермеген мұғалім жүгіртуді тоқтатпаған. Әбден ауруы асқынып, мүлдем аяқтары ұстамай қалған қызымды сыныптастары мектепке сүйеп кіргізген. Ешқандай алғашқы көмек көрсетілмеген қызым, аяқтары дірілдеп сал ауруына шалдыққан адамша мүлдем жүре алмай қалды. Тұрғылықты жердегі дәрігерлер нақты диагноз қоя алмай, Қордай аудандық ауруханасына жолдама берді. Аудандық ауруханадағылар рентгенге түсіріп, білікті дәрігерлерді жинап 3 мәрте конциллиум өткізіп нақты диагнозын анықтай алмады. Анализдер тапсыртып, 30 мыңға дәрі-дәрмектері мен ішетін сұйықтықтарын жазып берді. Ол дәрілерден ешқандай да пайда болмай, керісінше қызымның түнгі ұйқысы бұзылды. Ешбір нәтиже шықпаған соң, Алматы қаласына МРТ-ға түсуге жіберді. Алматы қаласына келіп толық тексеруден өттік, беломыртқаны түсіртіп, невропатологпен кеңестік. Ондағылар тексеру нәтижесінде нерв жүйелеріне ешқандай да зақым келмегенін, қауіп жоқ екенін айтты.

Бір туыстардың айтуымен Бішкек қаласына да барып тексеріліп келдік. Ол жақтағылар да бастан-аяқ тексеріп, рентгенге, томографияға түсіріп, оң жақ тізеге зақым келіп қисық біте бастағанын айтып шығарып салды. Барған ауруханаларға үмітпен барып, күдікпен қайтатын болдық. Ешқайсысынан ешбір оңды нәтиже көре алмадық. Естіген сынықшы, емшілердің де есігін қақтық. Олардың да қолдарынан келер көмек бола қоймады.

Үмітіміз үзіле бастағанда осы «Жас-Ай» медициналық орталығы туралы таныс адамдардан естіп келуге тәуекел еттік. Мұнда мамыр айының 26-да келдік. Профессор тамыр ұстап бірден нерв жүйелеріне зақым келіп қысылып қалған деп диагноз қойды. Он күндік ем алуға емханаға жатқызды. Бұл жердің емдік шөптерден жасаған дәрілерін қабылдап, ине қою, шөппен қыздыру, банка қою, фитобочкаға түсіріп, аяқ қыздыру сияқты емдердің түр-түрлерін қабылдай бастадық. Екінші күннен ақ қызымның аяқтарының дірілдегені басылып, бес күннен кейін таяқты тастап өзідігінен жүре алатын болды. Ұйқысы қалпына келіп өзін жеңіл сезіне бастады. Қазір екінші курстық емін қабылдап жатыр, нәтижелер алғашқы қалыппен салыстырғанда әлдеқайда жақсы деуге болады. Жасан аға екінші курстық емге келгенімізде 50 пайыздық жеңілдік жасап жомарттық танытты. Емханада науқастардың ем алуына барлық жағдай жасалған, ешқандай да кезек күтіп, анализ тапсырып нәтижелерін күтпейсің. Барлығын өздері жасап, жататын орынға дейін дайындап қойған, тек уайымсыз емделуің ғана керек. Барлық медбикелер мен дәрігерлерде өз жұмыстарын адал атқарып, жанашырлық танытып отырады.

«Жас-Ай» орталығының барлық ұжымына, профессор Жасан Зекейұлына ақ алғысымызды білдіріп, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық, қолдарыңызға қуат тілейміз. Осы қасиетті Рамазан айында Тәңір

тілеулеріңізді қабыл етіп, мерейлеріңіз үстем болсын.
Әрбір жасаған ізгі істеріңізге сауаптан жазсын, аман
болыңыздар!

*Сүлейменова Аида және анасы Какетаева Балжан,
Жамбыл облысы, Қордай ауданы,
Отар кенті*



*Адамның ең қымбаттысы – ол өмірі.
Ол адамға бірақ рет беріледі.
Сондықтан оны «Қайран босқа өткен
жылдарым-ай» деп өкінбейтіндей,
барлық күш-қуатын дүниедегі ең тамаша іске
өмір жолындағы күреске жұмсау керек.*



Н. Островский

ҚҰРМЕТТІ, ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫ!

Сізге деген алғысымызда шек жоқ. Мен, Сүлейменова Күләш Төлеубайқызы өзімнің және келінім Атагелдиева Ботагөздің атынан ерекше ризашылығымызды білдіреміз.

2007 жылы қыркүйектің 12-сі күні аяқ астынан менің мұрнымнан қан кетіп, тоқтата алмай жедел жәрдем шақырттым. Олар мұрнымнан кеткен қанды өздері тоқтатты. Сөйтсек, өмірімде болмаған қан қысымым көтеріліп кетіпті. Содан бері ауруханадан көз ашпадым. Бірақ, нәтижесіз. Сөйтіп алдымен Алланың, одан кейін Сіздің арқаңызда ауруымнан айығып кеттім. Сізге деген ризашылығымды айтып жеткізу мүмкін емес. Бұлай деуімнің тағы бір себебі – алты жыл бала көтермеген келінімнің қуанышқа бөленуі. Келінім Ботагөзге 1999 жылы «Оң жақ аналық безінің жылаулығы» деген диагноз қойылып, ота жасалды. Ал 2002 жылы «Сол жақ аналық безінің жылаулығы» деген диагнозбен операция жасалып, сол жақ аналық безі мен түтікшесі алынды. Осыдан алты жыл бұрын «Оң жақ аналық

безінің жылаулығы» деген диагнозбен үшінші рет жан сақтау бөліміне түсіп емделді. Сол кезде дәрігерлер оған «бала көтере алмайсың» деп шығарып салған болатын. Артында ұрпақ қалдыруды армандаған келінім жасанды жолмен де бала көтермек болып, «ЭКО» орталығының да табалдырығын аттады. Алайда одан да оң нәтиже шықпады. Ақырғы үмітіміз сізде болып, сіз басқарған «Жас-Ай» орталығына келіп үш курс ем алды. Алғашқы курстан кейін-ақ келінім өзін жақсы сезіне бастады. Ал екінші курста бала көтерді. Дәрігерлер тіркеуіне барғанда ақ халаттылардың өзі таңырқап, келінімнен қалай көтергенін сұрай бастады. Көп ұзамай-ақ ұлым бөркін «алақайлап» аспанға лақтырды. Артынан келінім екінші баласына жүкті болды. Құдайға шүкір қазіргі таңда қошқардай ұл мен алтындай қыздың әжесімін.

Дүйім халықтың «сүйікті дәрігеріне» айналған Жасан Зекейұлы!

Құдай қолыңызға қуат берсін. Шаңырағыңызға бақыт пен байлық қоса қонақтап, мұқтаж жандардың ризашылығына бөленіп жүре беріңіз!

*Күләш Сүлейменова,
Ботагөз Атагелдиева,
Алматы облысы,
Іле ауданы,
Жетіген ауылы*



*Өмір сүру дегеніміз – құлау, адасу, жән табу,
тагы адасу, тагы жән табу.*

Л.Толстой

БАЛАЛЫ БОЛДЫМ

Мен де балалы болуды неше жыл армандағанмын. 4 жыл өтті, 5 жыл өтті. Талай таңды ұйқысыз атырып, талай кешті күлкісіз батырдым. Жатыр ауруы болғандықтан, барған дәрігерлерімнің барлығы жатырымды алдырып тастауға кеңес берді. Қайтып олай істерсің! Ананың бақыты бала сүю емес пе?

Шарқ ұрып шипа іздеп жүргенде «Жас-Ай» медициналық орталығы туралы естіп, «себепке себеп болар» деп осында келдім. Бас дәрігер Жасан Зекейұлының аузынан «бала көтеруге әлі де мүмкіндігің бар» деген сөздерін естігенде өшкен отым қайта жанғандай болды. Бірақ, ол кісінің айтуынша, медицина тілімен айтқанда жүкті болуға жатырымның 1% ғана мүмкіндігі бар болып шықты. Бұл дегеніңіз меніңше мүмкін емес нәрсе еді... Шығыс-Тибет медицинасының көмегімен, Жасан Зекейұлының ерекше емінен мүмкін болды. Көп күтпей жүкті болдым. Балпанақтай ұл туып, Әл-Фараби деп ат қойдық. Жұлдызым жанды, аспаным ашылды.

Ауруды берген Алла, емін Жасан дәрігерге бұйырған екен. Ләйім, шаңырағыма шаттық ұялатқан жанның алдынан тек Алла жарылқасын!

*Әлия Пшаинова,
Алматы қаласы*



*Әрбір адам күн сияқты, тек оған жарқырауға
мүмкіндік беру керек.*

Сократ

«ЖАС-АЙҒА» КЕЛІП ҚОРҚЫНЫШТАН АРЫЛДЫҚ!

Осыдан екі жыл бұрын үшінші ұлым Ізбасар Сұлтан есімді балам қатты қорыққаннан екі айдан кейін кекеш-теніп қалды. Ол кезде үш жаста болатын, қазір бесте. Уақыт өте келе өздігінен дұрысталып кетер деген оймен, ешқандай ем-шара қолданбадым. Тек қана логопедтерге барумен болдым. Нәтиже болмады. Сөйтіп, күннен-күнге сөйлей алмайтын халге жетті. Біз оның тілін анық түсіне алмайтынбыз.

Досым Нұргүлдің кеңесі бойынша осы «Жас-Ай» шығыс-тибет медицина орталығына баламды емдеуге әкелдім. Профессор Жасан Зекейұлы тамырынан ұстап: *«Қатты қорыққан, басында миы қысылып тұр. Уайымдамаңыз!.. Жүз пайыз жазылып кетеді!»* дегенде қатты қуандым.

Ем ала бастаған соң үш күн ішінде нәтиже байқалды. Балам анық әрі таза сөйлей бастады. Мен өзімді әлемдегі ең бақытты ана сезіндім. Әрине, академик Жасан Зекейұлына деген алғысым дара. Ал, балалар дәрігері Айгүл Оңдасқызы, Ботагөз Сабырбайқызы есімді мейірбикелері сабырлылық танытып, сеніммен емдегенде қолдары өте жылы, алтын инедей!

Қорқынышты сейілтіп, қуаныш сыйлаған «Жас-Ай» медицина орталығына алғысым шексіз!!!

*Мамбеталиева Гүлнұр,
Шымкент қаласы, Самал-3 ықшам ауданы*

*Наркескен қайырылмайтын қылыш болса,
Мінезі ақыл-өнері дұрыс болса...
Ақылды, сабырлы Ер деп соны айтамыз
Еткені берекелі жұмыс болса...*



Ақан сері Қорамсаұлы

ҚАРИЯЛАР АЛҒЫСЫ

Мен – Құрманбаев Дәулетбай 84 жастамын, әйелім – Құрманбаева Жансая 76 жаста. Қартайған шағыңда денсаулықтың болмағаны жаман екен. Әрине пенде болған соң ауырмай, сырқамай бала-шаға, немерелердің қызығын құдай қосқан қосағыңмен тең көруді армандайсың.

Бірде түсімде қой бағып жүр екенмін, қой бағып жүргенім денсаулығымның жақсарғаны, қой деген – несібе деп жорыдым.

Әйелімнің басы айналады, белі ауырады. Талай жылдан бері біраз жерлерге барып емделіп еш нәтиже шықпады. Өзімнің екі көзім ауырады. Бір күні бір інілерім көңіл сұрап келген екен. Кемпірімнің жүріп-тұруының қиындау екенін көріп, «Алматыда «Жас-Ай» деген медициналық орталық бар, сонда барып ем алып көріңіздер, табиғи шөп дәрілермен емдейді, ине салады, ауруларыңыздан айығуға мүмкіндіктеріңіз бар» деп орталықтың мекен-жайын беріп кетті.

Сол інімнің жолдауымен осында маусым айының 9 да келдік содан бері ем алып жатырмыз. Келгенімізге көп уақыт болмаса да Аллаға шүкір емнің нәтижесі байқалып, өзімізді жеңіл сезініп қалдық. Әрине ауру батпандап кіріп, мысқалдап шығады емес пе, жақсы оң нәтижелерін көрсетіп жатыр. Ауруды жылы сөз, шипа-

лы қол жазады дейді ғой. Жасан балам шипалы алақанымен тамырымызды ұстап, дертімізді анықтап алатын емдерімізді жіпке тізіп жазып берді. Ал мейірімді медбике қыздар инелерін шөппен қыздырып, банкілерін қойып күні-түні қасымызда күлімсіреп жарқырап жүреді. Аспазшы қыздар да ас әкелгенде хал жағдайымызды сұрап, емімізге шипа тілеп бір көңілдендіріп кетеді. Басқа да қызметкерлер де көргенде жол беріп сұрағаныңды айтып, мейірленіп тұрады. Осылай көңіл бөлгендерінің өзі адамға ерекше күш қуат береді.

Бәріне айтар аталық тілегім: тіл көзден аман болсын, жақсылықтың батасы дарысын, өркендерің өсіп, еңбектерің жемісті болсын. Әрқашан денсаулықтарың мықты болсын!

*Дәулетбай және Жансая Құрманбаевтар,
Ақтөбе облысы*



*Мүгедектер – тән саулығын аңсаған,
Біреуге аяқ, ал біреуге қол қайғы.
Өз борышын сезінуден қалса адам,
Бұдан асқан мүгедектік болмайды...*



М.Шаханов

ӨКІНБЕЙМІН...

Мен Айнагүл Саржанқызы Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Мәтібұлақ ауылының тумасымын. Гипертония, қант диабеті аурулары мазалаған соң «Жас-Ай» медициналық орталығына қарай жол тарттым. Және инсульттан кейінгі сол жақ басымда құс шуылы болып тұратын. Ақпан айында бірінші курс ем алдым. Ізін суытпай наурыз айында мені екінші курс еміне шақырды. Алтын ине мен аяқ массаждарын алып, қосымша он түрлі дәрілер қабылдап, басымнан қан алған соң қан қысымым едәуір төмендеді. Қазіргі жағдайым жаман емес. Көп адамның сөздеріне сенім артып мұнда келгеніме өкінбеймін. Сондай-ақ, осындай медициналық орталық ашып, көптеген жандардың алғыстарына бөленіп отырған Жасан Зекейұлына және оның қарамағындағы қызметшілеріне тек жақсылық тілеймін, еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер демекпін. Сіздерге деген алғысым мол!

Айнагүл Саржанқызы

*Қоғамға екі түрлі категориядағы
адамдар қажет:
ғалымдар – дінді сақтау үшін,
дәрігерлер – олардың тәнін (денсаулық)
сақтау үшін.*



Имам аш-Шафии

БАЛАМЫЗ ЖҮРЕ БАСТАДЫ!

Балам Хансұлтан Данияр Нұрғанатұлы бір жарым айында «судорога» ұстап қалып, тұрғылықты жеріміздегі «ОРИТ» ауруханасына жедел жеттік. Жоғары температурамен жеткізілген балама «желтуха» деген диагноз қойылды. Дер кезінде тиісті көмек ала алмаған баламның хал-жағдайы нашарлап, төрт күн комада жатып қалды. «Гемоглабинін көтереміз» деп қан құйды. Біз баламның сал ауруымен ауыратынын білмедік қой... Кейіннен нақты диагнозы анықталып, ем-шаралар қолданыла бастады. Диагнозының кеш қойылуынан ауруды да үдетіп алдық. Бүлдіршініміздің тауқыметімен ел мақтаған емхана, орталықтардың көпшілігінің есігін аштық. Балам Сонау Атырау облысынан Алматыдағы «Ақсай» Республикалық клиникалық балалар емханасында, Астана қаласындағы «Бөбек» мемлекеттік реабилитация орталығының неврология бөлімінде оң жақ гемипарез, церебральды паралич, бірінші деңгейдегі анемия диагнозы бойынша бірнеше рет ем алды. Өсе келе тілінің кекештенуі айқындалып, 4 жасқа келсе де жүре де, өз денесін игере де алмайтын.

Біз «Жас-Ай» медицина орталығы жайында «Қазақстан» телеарнасындағы «Айтуға оңай» бағдарламасынан таныс болдық. Содан тәуекелге бел буып, «жазылып кетеміз» деген ниетпен, үмітімізді үзбей ем алып келеміз. Бірінші курстан-ақ баламыздың жағдайы жақсара бастады. Екінші, үшінші курсына келгенде кіші дәреті мен үлкен дәретіне баратынын өзі айтып, бұрыңғыдай «памперс» жөргектерін қолданбайтын болдық. Біртіндеп еңбектей келе, жүріп кетті! Әр еміне келген сайын жақсы көңілмен қарсы алатын балалар дәрігері Айгүл Ондасқызына, мейірбикесі Айжамал Рахманқызына деген алғысымыз шексіз! Ең алдымен атажұртына оралып, қазақ топырағына осындай шығыс-тибет медицинасын енгізген академик Жасан Зекейұлына зор денсаулық, еңбегіне табыс тілейміз!

*Хансұлтан Данияр Нұрганатұлының анасы,
Атырау облысы, Жылыой ауданы,
Құлсары қаласы*





*Жан ауырса – тән азады,
Қайғы басса – жан азады.*

НЕМЕРЕМ АЙЫҒЫП КЕЛЕДІ!

Құрметті ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫ!

Сіз басқарып отырған орталыққа немерем Қуандық Ерасыл 2013 жылы жаз айында келіп, он күннен үш рет ем қабылдаған болатын. Бұған дейін түрлі медицина орталықтарында емделіп, көп нәтижелер бола қойған жоқ. Бала жасынан диагнозы балалар сал ауруы (ДЦП). Сіз ашқан «Жас-Ай» орталығында ем қабылдағалы бері, оң жақ аяқ-қолы қимылдай бастады. Мінез-құлқы жақсарып, сөйлеу мәнері де біршама түзеліп қалды. Биыл 2014 жылы төртінші рет келіп, ем қабылдап жатырмыз. Бірінші Алладан, одан кейін сіздердің жұмыс істеп жатқан қызметкерлеріңіздің қажырлы еңбегі екені анық! Атқарып жатқан еңбектеріңіз үшін зор алғысымды білдіремін. Сіздерге амандық-саулық тілеймін! Зор табыстарға жете беріңіздер!

*Сәтбай Қуандық,
Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданы*



*Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек.*

Абай

ҮМІТ БЕРГЕН СИҚЫРЛЫ ИНЕЛЕР!

Менің жасым жетпіс үште. Үш инсульттан кейін жағдайым нашарлап, мүшкіл халге жеттім. Бір аяқ-қолым істемей қалып, тілім күрмеліп, сөйлей алмайтын жағдайда Жасан Зекейұлының қабылдауына келдім. Ақ жарқын, кең пейілді профессор мені өте мұқият, жылы жан-жүрегімен қабылдады. Тамырымды ұстап көріп, қай жерімнің ауыратынын деп басып айтып берді де, дереу ем жүргізуге кірісті. Салған инелері мен массажы үш күннен соң әсер ете бастады. Қол-аяғыма жан бітіп, тамырларым соғып, қимылдай бастағанда өз-өзіме сене алмадым. Жағдайымның жақсара бастағанын көрген немерелерімнің қуанышында шек болмады! Үзілген үміт отым қайта лаулап, өмірге қайта оралғандай сезімде болдым. Кеше ғана күліп-ойнап жүрген адамның бір сәтте жығылып, төсек тартып жатып қалғаны балаларымның көңіліне қаяу түсірген-ді.

Алланың көзі тура болып, Жас-Айдың бірінші курс емінен-ақ денсаулығым түзеліп қалды.

Құрметті Жасан Зекейұлы! Сізге айтар алғысым шексіз! Қаншама адамға жарқын өмір сыйлап, отбасын бақытқа кенелтіп отырсыз! Сіздің де отбасыңызға бақыт, өзіңізге зор денсаулық тілеймін! Алтын ине ұстаған сиқырлы қолыңызға Алла дерт бермесін!

*Қашқынбаева Күлпан,
Алматы облысы, Қаскелең ауданы.*



*Адамға ең қымбат нәрсе –
жұрт қамы, жұрт ісі.*

А. Байтұрсынов

ТҮСІП ҚАЛҒАН ШАШТАРЫМ ҚАЙТА ӨСЕ БАСТАДЫ!

Бұл – менің «Жас-Ай» орталығына екінші рет келуім. Алғашқы емінен-ақ түсіп қалған шаштарым қайта өскен болатын. Соңғы кездері тағы да шаштарым сиреп барады. Соның алдын алайын деп келген бойым еді.

«Жас-Ай» орталығына келмей тұрып, «Тянь-Шидің» көптеген дәрілерін қыруар ақшаға сатып алып, уақыт өткіздік. Одан түк өнбеген соң, түк те істемей, тек орамал тағып жүре беретін болдым.

Бірде, 2008 жылы 9-ші облыстық «Абай», «Шәкәрім» атындағы мектеп аралық байқауға қатысуға келдім. Жатақханаға орналасып жатқанымызда, терезеден көптеген адамдардың кезек күтіп тұрғанын көрдік. Содан туыстарыммен бірге сол жерге барып көрдік. Менің түсіп қалған шаштарымның өсіп шығуына көмектескен және де көптеген науқастарды аяқтан тұрғызып жатқан «Жас-Ай» шығыс-тибет медициналық орталығы екен. Оны мен өзім емделіп, емнің нәтижесі болған соң барып біле бастадым.

Жоғары дәрежелі білікті маман Жасан Зекейұлының тағайындап берген дәрілерінен соң шаштарым біркелкі болып өсті. Және де сол кісінің айтуы бойынша «шашымның түсіп қалған себебі – бүгінгі экологияның бұзы-

луы салдарынан» екен. Ал «Тянь-Шидің» дәрілері дәрумен ретінде ғана қолданылатынын айтты. «Қыздың көркі – шаш» демекші, шаштың қыз өмірінде алар орны ерекше екенін енді түсіне бастағандаймын. Сіздерге айтар алғысым шексіз.

*Инабат Қайыржанқызы Нұрмолдаева,
Алматы облысы, Панфилов ауданының тұрғыны*





*Қайырымды адам ешқашан жалғыз
болмайды.*

Конфуций

ЕҢКЕЙІП КЕЛІП, ЕҢСЕСІ ТІК КЕТКЕН ЕЛДІ КӨРДІМ!

Мен, Сауранбаев Тұрсынқұл Илиясұлы Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Кенен Әзірбаев ауылының тумасымын. Қазіргі кезде Алматы қаласында тұрамын. Ұлым Сауранбаев Еркебұлан Тұрсынқұлұлы 1976 жылы 15-мамырда дүниеге келген. 2014 жылы наурыз айында инсульт алып, сол жақ аяқ-қолы істемей, ауруханаға түскен еді. Содан ауруханада бір ай жатты. Ауруханадан шыққан соң осы «Жас-Ай» медициналық орталығы жайында естігеніміз бар еді, басымызға қиындық түскенде келіп көруді жөн көрдік. Алғаш келген күні ұлымды мүгедектер арбасымен өз қолыммен екінші қабатқа көтеріп шығарғаным әлі күнге көз алдымда. Алғашқы он күндік емнен кейін-ақ ұлымның аяғы ептеп қимылға келе бастады. Ал екінші емнен соң аяққа тұрып, қазіргі күні өз аяғымен жүріп жүргенін көріп, қуанышымда шек жоқ! Қазір жағдайы жақсы, есте сақтау қабілеті оңалып, тілі күрмелгені басылды, өз аяғымен жүреді. Құдайға тәуба! Перзенті аман жүрсе, ата-анаға осыдан асқан бақыт бар ма! Енді қолдары қимылдап, іске жараса деген ниетпен үшінші мәрте келіп отырған жайымыз бар. Біріншіден, Аллаға мың да бір шүкіршілік етем, екіншіден, осы орталықтың бас дәрігері, өз ісінің маманы Жасан Зекейұлына алғысым шексіз! Көпшілік қауымға айтар кеңесім болсын, небір

науқас – жасы да, жасамысы да осында еңкейіп келіп, еңсесі тік, қадамы нық, аяқтан тұрып, ризашылығын білдіріп кетіп жатқанына өзім куә болдым. Сондықтан, Алла ауыртпасын, ал денсаулығы сыр берген жандар осында келіп, өз денсаулықтарын Алланың құлы Жасан Зекейұлының қолына сеніп тапсыруларына болатындығын мен нық сеніммен айта аламын!

*Тұрсынқұл Сауранбаев,
Жамбыл облысы*





*Кішілік пен кісілік –
ұлылықтың белгісі.*

Махмұд Қашғари

МЕНИҢ ЕМШІМ ТАБЫЛДЫ!

Аты-жөнім – Төртбаева Гүлнәр. Алматы қаласының тұрғынымын. Осы «Жас-Ай» медициналық орталығына жақын жерде тұрамын. Бұрын-соңды жанынан өткенде қарап өтетінмін. Содан денсаулығым сыр бере бастағанда осы жерге келіп көруді жөн көрдім. Менің ауыратын жерім – сүйектерім. Аяқ-қолымның сүйектері ауыратын. Ине терапиясын бұрын естігеніммен алып көрген емеспін. Алғаш рет, қазір екінші курсың алудамын. Бүгін міне үшінші күн. Жағдайым біршама жақсарды. Медициналық орталықты таңдағанда қателеспедім деп ойлаймын. Барлығы көңілімнен шығып жатыр. Біріншіден профессор мырзаға, содан кейін осында қызмет етіп жүрген мейірбике қыздарға айтар алғысым шексіз. Әрі қарай толық айығып кетіп жатсам, осында қанша уақыт кел десе де келемін. Алдағы уақытта да Алла аурудан сақтасың, бірақ денсаулығым сыр берген жағдай болса немесе туыстарымның арасында қандай да бір жағдай бола қалса, шарқ ұрып қолайлы медициналық орталық іздеп жүрмей, қай жерге бару керек екенін нақты білетініме кәміл сенімдімін. Жасан Зекейұлына алғыс айтудан шаршамаймын. Дені сау, ғұмыры ұзақ болғай! Отбасына береке берсің, ұл-қыздарының қызығын көрсін.

Төртбаева Гүлнәр



*Ауру өле-өлгенше жаннан дәмелі,
Жалқау жан қинамай малдан дәмелі.*

АЛТЫН ИНЕЛЕР МЕНІ АЯҚҚА ТҰРҒЫЗДЫ!

«Жас-Ай» орталығына осы жолы өз аяғыммен жүріп келдім. Алланың мейірімімен, екіншіден шығыс медицинасының инемен емдеу үрдісін жетік меңгерген профессор Жасан Зекейұлының шипалы емінің арқасында аяққа тұрдым. Алғаш келгенімде мені балаларым мүгедек арбасымен әкелген болатын. Қан қысымым төмендеп кетіп, екі рет жығылып құлағанымды өзім білмеймін. Сол құлағанымда оң жақ жамбасым мен омыртқамды жарақаттап алсам керек. Түнгі уақытта жедел жәрдем шақыртып, жергілікті жердегі ауруханасында алғашқы көмектерін көрсетті. Дегенмен, қан қысымымның төмендігі қалпына келе қоймаған соң, балаларым басқадай ем жолдарын қарастыра бастады. Осыдан екі ай бұрын Шолпан деген кіші келінім де осы орталықта емделген екен. «Сізді сол жақта жақсы емдейді» деді. Осындай сөздер біздің де үмітімізді қанаттандыра түсті. Қазір мінекей, Аллаға шүкір, ешкімнің сүйемелінсіз жүріп жатырмын. Емнің алғашқы курсында мүгедек арбасымен келіп, өз аяғыммен жүріп қайттым. Балаларым мен немерелерім дән риза. Қазір екінші курс емін алып жатырмын. Алғашында халім өте ауыр болғандықтан стационар бөлімінде жатып ем алған болсақ, жағдайымның жақсаруына байланысты келіп-кетіп емделуіме дәрігер рұқсатын берді. Алматыда тұратын баламның үйінен қатынаймын.

Жасан мырза, сіздер дәстүрлі медицинаның алғашқы көмектерінен соң науқастарға шығыс медицинасының әсері жақсы болатынын дәлелдедіңіздер. Жазылып кетіп жатқан мен секілді жандардың мыңдаған алғыстарына бөленіп отырсыздар ғой.

Шипалы емдеріңіз қасірет арқалаған талай жандарға қонатынына сенемін. Халыққа жасап отырған еңбектеріңіздің жемісін көре беріңіздер демекпін!

*Ізгі ниетпен – Әлімбуби Серікқұлова,
Тараз қаласы, Шу ауданының тұрғыны*



*Нағыз дәрігер – емдеуші дәрігер емес,
аурудың алдын алып,
оны болдырмайтын дәрігер.*



Қытай даналығы

БАЛАЛАРҒА ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫН СЫЙЛАҒАН «ЖАС-АЙ»

Алты жасар қызым Арайлым Жаңаберген туа біткен гипотериоз, психо-эмоционалдық сөйлеу мәнерінде кемшіліктері бар деген диагнозбен 6 айынан бастап жергілікті невропатологтың тіркеуінде тұрады. Әртүрлі медициналық орталықтарға жүгініп, тіпті Астанаға дейін жол тартқанымызда Динара есімді әйел «Жас-Ай» медициналық орталығына барып емделуді ұсынды.

Бірінші – Алладан, екінші – Жасан Зекейұлының емінің арқасында қызымыздың денсаулығы бері қарай бастады. Қашан келсек те дәрігерлер мен мейірбикелер жылы қабақпен қарсы алады. Көбіне бізге Айгүл Оңдасқызы ине қойды. Қызым жақсы жүре алмай құлап қала беретін. Жетілу жағынан да өз қатарынан біраз қалып қойған. Біз он пайыз жеңілдікпен орталықтан 8 курс ем алдық. Басқа жерлерде ондай мүмкіндіктер жоқ.

Қызымның екі жасынан бастап ем алып келеміз. Ине салды, шөптермен емдеді, банкі қойылды. Қазір қызым жүгіріп жүр, Аллаға шүкір! Қызым Жасан ағамызды көргенде «Ата келе жатыр!» деп алдынан жүгіріп шығатын болды. Адамның қандай екенін «баланың періштесі сезеді» демекші, бұл Жасан ағамыздың балажан, мейірімді жан екенін аңғартады деп ойлаймын. Қолына дерт

бермесін! Сонау Ақтау қаласынан арқаланып келгендегі сеніміміз бен үмітімізді ақтады! «Жас-Ай» орталығы бүгінде көлемі жағынан да көркейіп келеді екен. Іші кең, емделушілерге барлық жағдай жасалынған, бұрынғыдай күтіп отырмаймыз. Бес қабаттық ғимараттың ішінен алыстан келушілерге жатып емделетін стационар бөлімі ашылып, асхана да жұмыс жасап тұр. Ем алушыларға бұдан артық қандай көмек керек?!. Өз өнері мен қабілетін туған халқына арнап, дамылсыз қызмет етіп жатқан Жасан Зекейұлы ағамызға қажымас қайрат, жемісті еңбек тілеймін.

Осы уақыт аралығында өзім сияқты көзінің ағы мен қарасы болған балапандарының ауруларына шипа іздеген қанша ата-аналарды кездестірдім. Барлығының күдіктерінен үміттері басым екеніне көзім жетіп отыр. Құдай бетін ары қылсын, бірақ дәл менің қызымның бойында болған дерттің белгілерін байқаған ата-аналар уақыттарын өткізіп алмай «Жас-Ай» орталығына келіп, ем алса екен, өйткені бала денсаулығы біздің мойнымызға артылған басты жауапкершілік. Кекештену, мешел, салдану секілді көптеген аурулардан айығу үшін, әр жерге сандалып үміті үзіле бастаған мен сияқты аналардың Жасан Зекейұлының орталығы көрсететін шығыс-тибет еміне деген алғыстары шексіз. Сондықтан, балаларға «әлемнің жарығын» сыйлаған «Жас-Ай» деп ауыз толтырып айтуға болады деп білемін.

Ата-аналардың көңілдеріне демеу, балаларға қуаныш сыйлап келе жатқан «Жас-ай» медицина орталығынан ем іздеушілердің үміті ақтала берсін!

*Арайлымның анасы – Қалампыр Базарбайқызы,
Ақтау қаласы*

*Өмір жолы – үлкен қозғалыс:
ол қозғалыс әрқашанда алға,
алысқа құлаш сермейді,
талай өркешті толқындарды да
кездестіреді.*



Мәлік Ғабдуллин

ДҰРЫС ЕМ ДҰРЫС ДИАГНОЗ ҚОЮДАН БАСТАЛАДЫ

Қазіргі медицинада бала туыла салысымен медициналық сараптамалардан сәбидің денсаулығын мұқият тексертеді. Қызымыз Дінмұхамет Фатиманы қырық күндігінен шығара сала жергілікті Қызылқайың ауылындағы дәрігерлерге көрсете бастадық. Тексеру барысында кардиологтар туа біткен жүрек ақауы деген диагноз қойып, алты айдан соң операцияға жолдады. Әрине, бізде үлкен қорқыныш болды. Кіп-кішкентай сәбидің жүрегіне ота жасау дегенді естігенде барлық жанұямызбен дүрліге түстік. Дегенмен, бірден операция үстеліне апара салмай, біраз клиникалық орталықтарды іздестіріп, түрлі ақпараттар жинай бастадық. Интернеттен «Жас-Ай» журналын тауып, сол арқылы шығыс-тибет медицинасын меңгерген Жасан Зекейұлы деген маманның тамырдан ұстап диагноз қоя алатынын және аяқтан тұрып кеткен балалардың ата-аналарының алғыстарын оқыған соң жүрегімізде сенім пайда болды. «Жас-Ай» медицина орталығына келгенімізде Фатима тоғыз айлық болатын. Профессор Жасан Зекейұлы баланың тамыр соғысын ұстап көрді де: «Операция керек емес, бір жасқа дейін күтіңдер» деді. Бір жасқа

толған кезде қайта медициналық сараптама жасап көріп едік, ешқандай да жүрек ақауы жоқ болып шықты. Сөйтіп жергілікті аурухананың дәрігерлері Фатиманы жүрек ақауы бар балалардың тізімнен шығарып тастады. Бізді таң қалдырғаны Жасан Зекейұлының болжамы, дұрыс диагноз қоя білуі болды. Ол науқастарды ежелгі үрдіс бойынша тамыр ұстап, ал емдеу тәсіліне, емхананың тыныс-тіршілігін жаңа заманмен астастырған екен. Сіздің халыққа жасап отырған бар жақсылығыңыз еленіп, еңбегіңіз жана берсін дегім келеді! Қолыңыз дерт көрмесін!

Шайзада Күмісай



*Сіздің істеріңіздің нәтижелерін басқалар
бағалайды, тек қана өз жүрегіңіздің таза да әділ
болуына тырысыңыз.*



Джон Рескин

ӨМІРГЕ ҚҰШТАР ЖАНДАРМЫЗ

2009-шы жылдан бері бірінші топтағы мүгедекпін. Құрылыс жұмысы кезінде үш қабаттық, биіктігі 8-9 метрлік ғимараттан құлап, екі аяғым, бел-омыртқа және бас-сүйегімнен ауыр жарақат алдым. ОАРИТ ауруханасына жедел жәрдеммен жеткізіліп, алғашқы дәрігерлік көмектерді алдым. 2009 жылдың 28 қыркүйегінде ота жасау барысында эпицистотомиям алынып, орнына уретра арқылы зәр катетері қойылды. 2009 жылдың 14-ші қазанында отаға наркозбен дайындау барысында жүрек соғысымда тахикардия пайда болып, басқа күнге ауыстырылды.

Содан келесі ота 2010 жылдың 6-шы тамызында Астана қаласындағы НИИ-дегі травматология және ортопедия бөлімінде сәтті өтті. 2014 жылдың 23 маусымында №1 қалалық клиникалық ауруханада емделіп, менинголиоз, миелопатия, үлкен және кіші дәретін сезбейтін диагнозы бойынша жыл сайынғы емдерді алып тұрдым. Жергілікті жердің клиникасындағы невропатологтың Д учетына тіркеуге алындым.

Осы 2014 жылы «Жас-Ай» шығыс-тибет медицина инемен емдеу орталығынан ем алуды бастадым. Алғашқы емнен соң-ақ аз да болса қимыл-қозғалысқа түсе бастағанымды сездім. Өмірлік адал жарым, әрі қамқоршым Алёнамен отасқаннан кейінгі екінші аптада тағдырдың жазуымен мүгедекке айналдым. Сол бір қайғы-

лы күннен бері жарым бір елі алыстаған емес. Тағдырдың тәлкегіне налыған да, өкінген де емес. Менің жігерімді жанып, қиналған сәттерімде қолдау берумен келе жатыр. Тағдырдың қатал сынағынан бірге өтіп келе жатқан аяулымды алдағы өмірімде бақытты етіп, сәби сүйгім келеді. Осы армандарымды орындауға мүмкіндік жасауға барын салып жатқан орталық мамандарына ризашылық білдіремін.

Айналасындағы жандардың барлығын махаббатының беріктігі мен адалдығына тәнті етіп келе жатқан жұбайым да алғысын білдіргісі келіп отыр.

«Емделмейтін дерт жоқ, емшісіне кезіксе» деген сөзді ағамыз Жасан Зекейұлынан естідік. Бес жылдан бері емін таба алмаған дертімізден айығып келе жатырмыз. Оның себебі де жоқ емес – емшіміз табылды. Жолдасым омыртқасын жарақаттап алып, жүру мүмкіндігінен айырылса керек. Бармаған жер, тозбаған табалдырық қалдырмадық. «Аяғына тұрғызамын» деп бір күн уәде етсе, екінші күні жоқ болып кететін қаншама «дәрігерлерге» жолықтық. Енді міне, Алла тағала тілегімізді қабыл етіп, дұғамызды естіді. Үш курс емнен соң, жолдасым сезбегенін сезіп, өмірге деген құштарлығы күннен күнге артуда.

Жасан аға, өмірге деген махаббатты қайта сездірткеніңіз үшін, алып белестерді бағындыруға күш бергеніңіз үшін және үміт отын қайта жаққаныңыз үшін айтар алғысымыз шексіз!

Осыншама адамның тілегі сізге оңынан әсер етіп, дегеніңізге қиыншылықсыз жетуіңізді тілейміз! Алла разы болсын!

*Батырбек-Алена Нұрмұхамедовтер,
Қараганды облысы, Теміртау қаласы*



ШИПАЛЫ ЕМ – ШИПАГЕРДІҢ ҚОЛЫНАН!

Осыдан үш жыл бұрын оң жақ бетім мен аузым қисайып, белім шойырылып қатты ауырып қалған болатынмын. Білікті маман, профессор Жасан Зекейұлының шипалы емінің арқасында жазылып кеттім. Қан қысымым көтеріліп кеткен жағдайда да осы Жасан бауырымның ашқан клиникасына келіп ем алып кетіп тұратын болдым. Жаңағы оң жақ бетімнің қисаюын нерв жүйелеріне байланысты деп әрбір нүктелерін тауып ине салды. Әрине, ол тек қана білімді инетерапевт емес, биоэнергия дейтін қасиеті бар шипагер ретінде танымал. Кезінде кеңес дәуірінің тұсында шығыстық емдеу тәсілдеріне үзілді-кесілді рұқсат етілмейтін. Тәуелсіздігіміздің арқасында медицинада инемен емдеу саласының пайда болғаны әрине өте қуанышты. Қасірет шегіп келген қазақ даласына шипагер Жасан Зекейұлының дер кезінде келуінің өзі ғанибет. Қаншама жүре алмайтын балалар мен кәріліктің нәтижесінде болатын қан қысымы жоғары адамдарға, нерв жүйесі ауыратындарға, тағы да басқа емделушілерге көмегі тиіп жатыр. Сондай-ақ, менің де айтар алғысым көп. Осындай дәрігерлердің қадір-қасиетіне жете берейік, аспанымыз әрқашан ашық болып, деніміз сау болсын. «Бірінші байлық – денсаулық» демекші, Жасан бауырыма зор денсаулық, отбасына амандық, мағыналы ғұмыр тілеймін!

*76-жастағы Бәтима Қапарова,
Астана қаласы*

*Дәрігер көп нәрсеге тәжірибелі болуға тиіс,
әсіресе массаж жасауға.*



Гипнократ

ТҮС АРҚЫЛЫ ЕМШІМДІ ТАПТЫМ

Жастайымнан денсаулығым дұрыс болмай, көп күйзелдім. Ұзақ жылдар бойы халық емдеріне жүгіндім. Қазір 86 жастамын. Суық тигеннен мешел дертіне шалдыққан соң әулие-әмбиелердің мазарларының басына түнеп дертіме шипа іздедім. Бұрынырақ Орал өңіріндегі Қаратөбе ауданында Дәуқара дейтін әулие кісінің басына зиярат етіп барғанымда түсімде аян алдым. Әлгі әулие кісі келіп: «Елу метр ақ шыт әкеп байла, менің топырағымнан алып аяғыңа таңып жақ» деп тапсырма берді. Дәуқара әулиенің айтқандарын бұлжытпай орындап, «аурудан айығатын болдым» деп жорып едім, дәл солай болды да шықты. Түс сөзінің төркіні реңсіз дегенді білдіреді. Адам түс жору арқылы оған рең, түс береді. Ал, дұрыс жорылмаған жағдайда, түс өңінде құбылып кетеді. Дұрыс жорылған түсім өңіме айналып, денсаулығым оңалғаны бар еді. Құдайдың құдіретімен жаратылған тылсым құбылыстың барлығы адамзаттың игілігіне арналған ғой.

Бір аурудан айықтырса, екіншісіне душар ететін медицинаға да толық сене алмайсың. Соңғы уақытта оң жақ жамбасым мен оң жақ қолым көтертпей қақсап ауырып, әбден титықтатты. Жүрек ақауымен кардиологиялық ауруханаға жатып шықтым, тоқтамайтын бір көк жөтел бар, бронхит деген диагноз қойды. Жергілікті ауруханаға барып дәрі-дәрмектерін ішіп, емдерін алдым, үйге шақыртып массажды да жасаттым... Бірақ,

ешбірінен ешқандай оңды нәтиже көре алмадым. «Мүгедек болып қалмаймын ба...» деген қорқынышты ой күннен күнге бойымды билеп алды.

Қытайдан келген бір қандас келіншекке барып көрдім. Ол ары-бері қарап көріп: «Жамбасыңызда май да жоқ, су да жоқ құрғап, кеуіп кеткен. Емдеуге келмейді...» деп көңілімді су сепкендей басты.

Сырқатым күннен күнге мазалап, еңсем түсіп жатқанда, бір күні қызым Алматыдағы «Жас-Ай» орталығы жайлы естіп, «соған апарам» деді.

«Жас-Ай»-ға келер алдында бір таныс кісілерден Құранмен 11 күн қазақша емдейтін емші бар екенін естіп, ол туралы жолдасыма айтып едім, ол: «Бос әурешілікке салынып, уақытты бекер кетірмей барсаң, Жасанға бар!» деп кесіп айтты да, тілеулес болып, батасын беріп шығарып салды.

Алыстан арқалап қыздарым осы «Жас-Ай»-ға әкелді. Жасан баламның өңі жылы, шырайлы бірден ұнады. Адамға деген ерекше мейірімділігі бар, кішіпейіл жан екен. Тамырымды ұстап көрді де: «Апа уайымдамаңыз, жазыласыз...» деді. Жасанның бұл сөзін естіп жігерленіп, үзілген үмітім қайта жалғанғандай болды.

Осында келіп ем алғалы бері өзімді жеңіл сезінгендіктен, ауруымның шипасын дәл тапқаным көзім жетті. Аяқ-қолдарымның қақсағаны бәсеңдеп, ауыратын белім мен қуық асты бездерімнің мазалағаны да қалпына келе бастады. Он күндік емімді алып үйге өте сергек болып қайттым.

Жиырма бір күннен кейін екінші курстық емге келуім керек болды. Үйге барған соң біраз күннен кейін Жасан балам түсіме енді – қолында бір жарым метрдей күрегі бар, шалымыз екеуміздің ортамызға қонып шықты. Бұл көрген түсімді жақсылыққа жорып, қуанып жүрдім.

Одан бес күн өткен соң тағы да түс көрдім. Түсімде, бір мысық келіп ауырған белімді сипап жатыр екен. Үйде

мысық жоқ еді мына мысық менің ауруымды алайын деп жатыр-ау деп жақсы ойға жорыдым.

«Түс оңалмай, іс оңалмайды» деп санайды қазақ. Алланың құдіретімен берілетін аян түстер арқылы адам баласы алдыңғы күндеріне болжам жасаса, емші, тәуіп, балгерлер алдына науқастың нендей дертпен келетінін, науқас жандар ауруынан айығатынын анықтап отырған. Түс көру арқылы болжам жасау менің де үзілген үмітімді үкілі етіп, жанымды жігерлендірді.

«Жас-Ай»-ға қайта келетін күні: «Мен осы барғаннан жазылып кетемін Жасан менің түсіме кіріп аян берді» деп үйдегі балаларыма, жолдасыма көрген түсімді айттым. Олар да қуанып, ақ жол тілеп, шығарып салды.

Мінекей, «Жас-Ай»-ға келгелі тамаққа тәбетім ашылып, ұйқым тынышталып, ауырған күндерімді ұмытып жадырап сала бердім. Енді Жасан баламның қолы шипалы болып емі қонар деген үміттемін. Сөзімнің аяғын ақ батамен аяқтайын:

А, Құдайым оңдасын!

Оң жолына бастасын!

Қыдыр ата жолдасы болсын!

Бәле жаладан, қауіп-қатерден сақтасын.

Дәулеті асып, қазаны қайнасын!

Осы батамды Алла қабыл етсін!

Әумин!

Рахиям ана



*Бағым жақсы болса, тән күйлі болады,
күйлі тән күшті болып ауруды жеңеді.*

Ахмет Байтұрсынұлы

КӨҢІЛІМДІ КӨКТЕМ ЕТКЕН «ЖАС-АЙ»

Жиырма жылдан бері денсаулығыммен алысып келемін. Өкпенің қабынуы деп диагноз қойылды. Неше түрлі дәрі-дәрмектерді үзбей қабылдаудың әсерінен бе асқазан ауруымен қоса жүрек ауруы да мазалайтын болды. Бара-бара денем тоқтаусыз дірілдеп, жеңіл желпі жұмыстарды да істеуден қалдым. Құлағымнан бір шыңыл кетпей тұрады. Оң құлағым нашар еститін болды.

Алматыда осы «Жас-Ай» орталығы бар, шөп дәрілермен емдеп, ине қояды дегенді дегенді естіп дереу жеттік. 2014 жылдың тамыз айынан бастап алғашқы курстық емді бастап кеттім. Алғашқы келген күндегіден жағдайым 40 пайызға жақсарды. Тамаққа деген тәбетім артып, ұйқым да қалпына келе бастады. Ине салып, оны 12 түрлі шөппен қыздырғанда жаным сүйсініп сала берді. Оған қоса шөп дәрілерді қабылдап, бұрынғы қабылдап жүрген дәрілерімді мүлдем ұмыттым. Ешқандай да асқазаныма ауыртпалық түсірмейді. Жүрек қан тамырлар жүйесінің ауруы (гипертония) деген диагноз да қойылған, қазір Аллаға шүкір ол аурудың ізі де қалмаған сияқты. Қол-аяғымның дірілдегені басылып, азды-көпті жұмыстарды істеуге шамам келетін де болды.

Бірінші курс емнен кейін араға он күн салып демалып, қазір екінші курс емді бастап жатырмын. Қазір бұрынғы қалпымнан әлдеқайда жақсымын десем артық айтпаған болар едім. Бұрын тез шаршап қалатын едім қазір күнде

таңертең тұрып жаттығу жасап, біраз жаяу серуендеп жүріп келуге шамам келеді. Қан қысымымның тұрақсыздығы біраз алаңдатады, оң құлағым шыңылдап сөздерді анық ести алмаймын. Профессордың айтуынша: «оның бәрін ақырындап қалпына келтіруге болады, тек адамның жазыламын деген ниеті мен талпынысы керек» – дейді.

Ауруды берген Алла оның емін де емшісін де береді ғой, ауруыма шипа іздеп келгенде Жасан баламның қолынан жазылып кетермін деген үлкен үмітім бар.

Орталықтағы ақ халатты дәрігерлеге, профессорға айтар алғысым шексіз. Аурулардың көңілін тауып, қолдарыңыздан келген көмектеріңізді аяп жатқан жоқсыздар. Тәңір сіздердің де тілеулеріңізді беріп, дендеріңізді сау қылсын!

*Байтұяқов Құттыбек,
Алматы қаласы*



*Адам жас болып қалу үшін оның сенімі де
жас болып қалу керек.
Сенімділік пен үміт жас болған сайын
адам да қартаймайды.*



Л.Ф.Фелан

ИСКРЕННИЕ СЛОВА БЛАГОДАРНОСТИ И ПРИЗНАТЕЛЬНОСТИ

Уважаемые читатели!

Для благочестивого, воспитанного человека, возвращенного на священных принципах Ислама, получать благодарность – большое счастье. Само его усердие считается за благодеяние. Но, вопреки всему, есть люди, которые совершают зло, ведомые темными намерениями. Им уготованы только проклятия и место в аду. Да не лишит Аллах нас благодарности и благодеяний.

В медицинский центр «Жас-Ай» в городе Алматы стекаются люди со всех концов Казахстана в поисках исцеления и находят, уезжают, скинув с себя груз страданий и болезней, сияя счастьем и здоровьем. Порой в «Книге отзывов» они пишут слова благодарности, полные радости.

На протяжении нескольких лет меня беспокоили: постоянные головные боли, головокружение и высокое давление, на фоне остеохондроза. Проходила лечение в разных клиниках города, но безрезультатно. О медицинском центре «Жас-Ай» узнала от начальника нашего структурного подразделения в организации АО АЖК Тулегенова Н.Е, и решила придти на лечение.

Сейчас я благодарна Господу, что я вовремя обратилась в центр. После 3-х курсов интенсивного лечения я почувствовала облегчение и думаю на скорейшее полное выздоровление.

Спасибо доктору Жасан Зекейулы и всему медицинскому персоналу центра.

*С уважением,
Ирина Исакова*





*Қытайдың шөптен емдеу медицинасын
жақсылап зерттегеннің
артықтығы жоқ,
Мұндай шығыс тәсілдерінің
деннің саулығына әсері зор.*

* * *

Я, Дайс Владимир Викторович, хочу поблагодарить клинику «Жас-Ай», за эффективное лечение. Оно действительно работает, результат превзошел ожидания.

В сентябре 2013 года у меня заболела нога, я сделал МРТ обнаружили грыжу позвоночника, 6,6 мм, до того как я пришел в клинику «Жас-Ай» лечился много где, но результата не было, становилось только хуже, врачи отправили на операцию.

Но когда я пришел в клинику профессор Жасан Зекейулы сказал: «что операцию делать не надо, мы тебя вылечим». В итоге в середине второго курса боль прошла на 70%, в данный момент я заканчиваю третий курс, боль прошла на 98%, помимо ноги общее состояние организма намного улучшилось, даже перестала болеть голова.

Спасибо профессору Жасан Зекейулы, за то что он создал такую клинику в Казахстане. Особенно хотели поблагодарить доктора Акку Абашеву, и мед. сестру Жанар Кожакону. Они настоящие профессионалы своего дела.

Желаем вам процветания, расширения, отличных положительных результатов.

Владимир Викторович ДАЙС



*Еңбегінің ел кәдесіне жарағанын
сезіну – үлкен бақыт.*

Василий Качалов

* * *

Я приехала лечиться в медицинский центр «Жас-Ай» с диагнозом межпозвоночная грыжа – 0,65 мм. Прошла 5 курс лечения, грыжа уменьшилось до 0,5 мм. В данный момент чувствую себя хорошо.

Большое спасибо доктору – профессору Жасан Зекейулы за лечение. Спасибо большое всему мед-персоналу «Жас-Ай» за хорошее внимания и лечение.

Счастье, здоровья, процветания успехов в работе Вам всем!

***Багилья Бисенгалиева**
г.Уральск*



ДИАГНОЗДЫҢ БІР КЕРЕМЕТІ ОСЫ ЕДІ...

Мен алғаш «Жас-Ай» шығыс-тибет медицина орталығына буын ауруы бойынша емделуге келген болатынмын. Әрине, екінші курс еміне келгенімде де, дәл сол буын ауруы мазалайды деп келдім. Профессор Жасан Зекейұлы тамырымнан ұстап көрген соң, «бүйрегіңіз де ауырып жүр екен» деп дәрі шөптерді жазып берді. Кейін анықталғандай, бүйрегімнен 2.2x1.7x2.7 мм көлеміндегі тастың түскені мен үшін бір қызық дүние болды. Оқыс диагноздың бір кереметі осы еді... Жасан мырзаның тағайындап берген табиғи дәрілерінің күшімен бүйрегімдегі тастың түсуі басқа дәрігерлер үшін де жаңалық болды. Осы сәттен бастап, «Жас-Ай» медицина орталығындағы жүргізілетін емнің баршасы да шынайы және мұнда білімді жандардың жұмыс атқаратындығына көзім жетті. Өзгелерге де осыны шын жүреппен жеткізгім келеді.

Инемен емделу – инемен құдық қазғандай, асқан сабырлылық танытуың қажет екен. Онсыз болмайды. Қазақы шипагерлікті шығыстың инесімен ұштастыра білген дарынды дәрігер Жасан Зекейұлының еңбегіне әрқашан да табыс тілеймін. Сол шипагерлікке қызмет етіп жүрген басқа да дәрігер, мейірбике болсын баршасына алғысым шексіз. Жұмыстарыңыз жемісті болсын дегім келеді, гүлдене беріңіздер!

*Сұлушаш Тойшыбекова,
Алматы қаласының тұрғыны, 2015 жыл*



*... ізгі және қажетті жұмыс істеген адам...
басқа адамнан жоғары тұруы керек.*

Әл-Фараби

ҚАСІРЕТТЕН АЙЫҚТЫРҒАН ҚАСИЕТИҢНЕН АЙНАЛАЙЫН!

Өмірдің бақыты – деннің саулығында болса керек. Әсіресе, «балалық шақтың кермек дәмін» татып қалу – әрбір сәби жүрегінде өкініштің өзегіне айналары сөзсіз. Өміріміздің ең сәтті де, тәтті кезеңі осы бір балалық шақта қалыптасады емес пе?! Ал, баланың дұрыс сөйлеп, жүре алмауы салдарынан тәтті қиялдардың шырмауына ғана шырмалып отыра беруі қай ата-ананың жанына батпайды дейсіз?! «Жас-Ай» орталығына келген әрбір емделуші жазылып, дертіне дауа табу үшін келетінін естіп-білген осындай ата-аналар «малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы» деп келетін болса керек. Олардың мұнда қай жақтан келсе де, үлкен үміттерін бірге арқалап келері сөзсіз. Ең бастысы, сол үміттер ақталуда!

«Денсаулықтың қадірін ауырғанда білерсің» демекші, немерем Пақыт Аяулым туылғалы бері дәрігерден дәрігерге жүгіріп, ауруханалардан шықпайтын болдық. «Жас-Ай» шығыс-тибет медицина орталығына келгенге дейін мойын буындары әлсіз, басын тік ұстай алмайтын еді. Өкініштісі, балалар сал ауруын емдеп, аяқтан тұрғызуға еліміздегі қалыптасқан медицинаның қауқары жетпейді екен. Шетелдерде ғана қомақты ақшамен емделуге болады. Бүгінде шетелге жүгінбей-ақ, өз елімізде де ем алып, айықпас дерттерден айығуға болатындығын «Жас-Ай» орталығы мінеки, дәлелдеп отыр. Алтын иненің құдіретіменен қызымыз Аяулым төртінші курс

емінен соң бауырымен жорғалап, еңбектей бастады. Өздігінен отыра алатын дәрежеге жетті. Ең алғаш профессор Жасан Зекейұлының қабылдауына келгенде «5-6 курстан соң жүріп кетеді» деген болатын. Дуалы сөзіне сенеміз. Бірінші Алланың құдіретімен, екінші Жасан Зекейұлы мырзаның елімізде осындай клиника ашып, шығыс медицинасын енгізіп отырғанның нәтижесі деп білеміз. Аяулым өз бетінше талпынып, еңбектей бастағанын көріп, үй ішімізбен қуанып Жасан мырзаға деген алғысымызды жиі айтып отырамыз. Бізге көбіне ине салған балалар дәрігері Айгүл Оңдасқызына да алғысымыз шексіз. Жайдары жүздерін көргеннен-ақ, бойындағы ауыр уайым-қайғыңды ұмытып, көңіл-күйің де көтеріліп қалады екен. Кішкентай балаларға деген махаббаты шексіз, өз ісіне аса ұқыптылықпен қарайды. Жалпы «Жас-Ай» медицина орталығының барлық ұжымына ұзақ өмір, мағыналы ғұмыр тілейміз. Қасіреттен айықтырған қасиетіңнен айналайын «Жас-Айдың» ақ халатты абзал жандарына алтын ине ұстаған қолдарың дерт көрмесін дер едім!

*Ізгі тілекпен –
әжесі Света Айдарханова мен анасы Назерке,
Алматы облысы,
Фабричный елді мекені*



*Адамның аса зор ерекшелігі –
ең қиын кедергілерді жеңудегі табандылығы.*

Людвиг Бетховен

ЭПИЛЕПСИЯДАН АЙЫҒЫП КЕЛЕМІЗ!

*Тәлімгер әрі дәрігер келіп елге,
Алладан игілік іс түсіп жерге.
Табылмас ем дәруі, ел зәруі,
Қайта жақты үміт отын өмірге.*

Ұлымыз Рамазан 4 жасында эпилепсия ауруына шалдығып, көрсетпеген дәрігеріміз бен жасамаған ем-домымыз қалмады. Арлы-берлі сандалып, ауыр дертке ем қонбай, үмітімізді біржола үзген болатынбыз. Елімізде ашылған «Жас-Ай» шығыс-тибеттік медицина орталығының ерекшелігі мен көптеген науқастардың оңтайлы жазылып кеткендігі жайында бұрын-соңды көп еститінбіз. Бірақ жолымыз түспей, біраз уақытымызды өткізіп алдық. Осы орталықтан бір курс емін алғалы бері жағдайы кәдімгідей жақсарып қалды. Үш курс алған соң сөйлеу мәнері мен есте сақтау қабілеті жақсарып, елмен оңай араласатын болды. Үзілген үмітімізді қайта жалғаған «Жас-Ай» орталығына алғысымыз шексіз! Инемен емдеудің бір ерекшелігі – емі табылмаған көптеген ауруларды емдей алатындығына өзіміз куә болып отырмыз. 5 мың жылдық тарихы бар шығыстың байырғы медицинасы үшін шекара асып Қытай, Тибетке арқаланбай-ақ, өз еліміздегі көптің сенім артқан инемен

емдеу орталығының болғаны қандай жақсы! Еліміздегі көптеген жазылмас ауруларды емдеп жазып жүрген, көптің алғысына бөленіп отырған құрметті Жасан Зекейұлына, оның қарамағындағы тәжірибе алмастырып жүрген азаматтар мен азаматшаларға да зор денсаулық, жемісті еңбек тілейміз. Атқарып жатқан істеріңіз халықтың денсаулығы мен игілігі үшін болғандықтан сіздерге тілейтінім – еңбектеріңіз баянды болсын!

*Ақбота Есімсеитова,
Алматы қаласынан*





*Жақсылық ойлап іс қылсаң, көпшілік те
саған жақсы көзқараспен қарайтын болады.*

Конфуций

БАЛАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫНАН АСҚАН БАҚЫТ ЖОҚ!

*Көкірегі ояу, көзі ашық керемет жан,
Өн бойына құдірет ұялаған.
Шипамыз өз еліме дарысын деп,
Жасан келді елі үшін асып қырдан.*

*Шипа іздеп мұқтаж жандар жанына,
Кезек күтіп ағылады алдында.*

*Қорғаушысы табылып, көзі шайдай ашылды,
Келіп жомарт еліміздің бағына - деп Сабира
Әбдуалиева орталыққа келген емделушінің бар айтар
ойын тамаша төрт ауыз шумақтарға сыйдырып, өз
алғысын білдіреді.*

«Өмірдің мәні – бала» деген. Бәріміз де бала үшін өмір сүреміз ғой. Олар біздің жалғасымыз, ұрпағымыз. Сондықтан да баланың денсаулығынан асқан бақыт жоқ деп білемін өзім. Отбасымда жарыммен бірге тәрбиелеп отырған үш балам бар. Ұлымыз Ерназ – сол үш баланың үлкені. Бас-сүйек қысымынан зардап шегетіндіктен дұрыстап сөйлей алмайтын. Осында емделіп кеткен адамдардан естуімізбен «Жас-Ай» орталығына келіп емделіп жүрміз. Ақтау өңірінен арқаланып келсек те өкінбейміз. Мұнда біз сияқты алыстан келушілерге толықтай ем алуға жақсы жағдайлар жасалынған. Пәтер

жалдап әуре болмаймыз. Жасан Зекейұлы тамыр соғысын ұстап көрген соң «басындағы нерв тамыры қысылып тұр екен» деген болатын. Сол диагноз бойынша өз нүктелеріне ине қойып емдей бастады. Инені түрлі шөптердің қоспасымен қыздырып, соңынан банкілер қойылды. Массаждар алдық. Бірінші курсынан соң баламның бойынан айтарлықтай өзгерістер білінеді. Сөйлеу мәнері дұрысталып қалды. Баламыздың денсаулығы осылайша жақсарып жатса, алғыс айтпағанда не айтамыз! Ең алдымен, осы орталықты ұйымдастырып, адам таңдамай елге қызмет көрсетіп отырған Жасан Зекейұлына ерекше алғысымызды білдірмекпіз! Барлықтарыңызға амандық, зор денсаулық, ұжымдарыңыздан береке-бірлік таймасын!

*Бекмұрат Амандық,
Ақтау қаласы,
Шайыр ауданы,
Шетпе селосы*



*Емдік өсімдіктің пішіні, түсі,
дәмі мен иісі аурудың сипатына
сай келуге тиіс.*



Парацельс

ЖАРЫҚТЫ СЕЗЕ БАСТАДЫМ!

Осыдан сегіз жылдай бұрын жол апатына ұшырап, қайғылы оқиғаға тап болдым. Мінген автобусымыз аударылып кеткен кезде бірқатар ауыр жарақаттар алдым. Қып-қызыл қанға боялған жерді көріп, сол кезде қатты қорықтым. Миым шайқалып, тістерімнің барлығы түсіп қалған. Бет-жақ сүйектерім сызат алғандықтан, аузы-мұрным құрғап кеткен. Түнде ұйықтағанда буын-буындарым сырқырайды. Бәрінен бұрын көз жанарым су қараңғы тартып, өмірдің жарығынан қараң қалдым ғой. «Жол апатынан соң кірпіктеріңіз көздің ішіне кіріп кеткен, көзіңіздің қан қысымы да бар екен» – деді, дәрігер Жасан інім, мені тексере келе. Өзі ине салып, біраз ем жасады. Бұл менің «Жас-Ай» медицина орталығына екінші рет келуім. Ең алғаш келуімнен бұрын бір түс көрдім. Түсімде анық дидарын көре алмадым, бірақ басында бөркі бар, беліне таққан үлкен белбеуі бар екен... Жанына ерген ақ кимешекті бір әже бар екен деймін. Мені емдеуге келіпті. Жасан Зекейұлы заманында талай ауруларды емдеген атақты Бек деген әулиенің ұрпағы деп естігенмін. Сол әулие атасы түсіме енген болар деп жорыдым. Осы көрген түсімді Жасан ініме айтқанымда «жазылып кетесіз, көзіңіз де көретін

болады» деді. Менің көз жанарым шынымен де жарықты сезе бастады. Бұрындары қараңғы түнектен өзге ешнәрсені сезбеуші едім... Қазір бойым да жеңілдеп, үміт пайда болды. Құлақтарымның шуылы да біршама басылды. Бұдан бұрын қаншама дәрігерлерге қаралып едік, олар маған «Осы күйіңізде қаласыз. Бұл – кәріліктен де болады» дейтін де жіберетін. Қартайғандардың барлығы мен секілді көз жанарынан айрылмайтын болар... Алладан тілейтінім, өмірдің жарығын көру! Дүниеге келіп жатқан немере, шөберелерімнің түрін көрсем деймін. Мен қазір қараңғылықтан құтылып, бір жарықты сезгеніме ризамын. «Жас-Ай» шығыс медицинасының дәрігерлеріне алғысым шексіз. Әсіресе, мені қабылдаған Бибісара Қалиева, профессор Жасан мырзаменен бірге ем-дом жасап жатқан Бибігүл Нұртазаеваға және де мейірбикелері мен барлық ұжымына тілейтінім тек амандық пен деннің саулығы. Осы орталықты бәле-жаладан сақтап, қашан да Бек Әулиенің әруағы қолдап жүрсін дегім келеді!

*78 жастағы Исанбекова Нұрилахан,
Алматы облысы, Жаркент қаласынан*



*Асыл адам айнымас,
Бір бетіне қайырылмас.
Көрмесемде, көрсемде,
Көңілім сенен айырылмас.*

Абай

ҮШ КҮННЕН СОҢ ЖҮРЕ БАСТАДЫМ!

Мең, Исатай қажы Алдабергенов 23 ақпан 1940 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келгенмін. Алматыда 1960-65 жылдары білім алдым. 1965 жылы Қызылорда облысына келіп, аудандарда учаскелік инженерден бастап, аға инженер, мекеменің бас инженері болып үш жыл қызмет атқарып, қалған 30 жылда аудандық су шаруашылығы басқармалары мен Қызылорда қаласында су шаруашылығын жобалау институтының (10 жыл) директоры болып, су шаруашылығының мәдениеті мен экономикалық жағдайын жасауда ат салыстым. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін (Алматы қаласында шет елдік оқуға (екі айлық) (Новая форма организации) оқып, сертификат алып, сегіз жыл шетелдік мамандармен жұмыс атқарып, шет елдерде (Франция, Голландия, Германия, Испания, Мысыр елінде (Египет) және Араб елінде қажылықта болдым. Жоғарыдағы көрсетілген жұмыстар мен қызметтерді нәсіп еткеніне Аллаға шүкіршілік айтамын!

Тек былтырғы жылдың желтоқсанынан жүре алмайтын ауруға шалдығып, қанша емделгенмен, 5-6 күн тәуір болады да, қайта бұрынғы қалпына түседі. Енді қалай емделемін, қайда барамын – деп жүргенде, телеарнаны

қосып қалсам «Хабар» телеарнасындағы «Көзқарас» бағдарламасында Жасан Зекейұлының сұхбатын беріп жатыр екен. Түгелдей тыңдап, маған керек ем екенін түсінгеннен кейін интернеттен қарастырсам, бірден шыға келді. Оқып, таныстым.

Аллаға ризамын, медициналық орталықтың дәрігерімен сөйлесіп, толық ақпарат алып, осында келіп ем алып жатырмын. Келгеннен-ақ, орталықтың барлық ем қабылдайтын және келгенде жататын бөлмелерінің жабдықталуына, дәрігерлер қызметтерін де нағыз қазақи, шын көңілмен, ықыласпен жасайтындығына көзіміз жетті. Науқастар жататын бөлмелер таза, күнделікті бірнеше рет тазаланады. Әсіресе, ине салу, оны шөппен қыздыру жұмыстарын дәрігер мен медбикелер шеберлікпен атқарғанына шын ризалығымды білдіремін, тәнті болдым. Асханада үш мезгіл тамақ беріліп, кешкісін қатық беріледі екен. Жасалынып жатқан тағамдар үйде жасалынған тағамнан кем емес, толыққанды тоқ болып, сүйсініп ішесің. Медицина орталығының Бас директоры, өзі белгілеп берген емдері мен шөп-дәрілері ауруды дөп басып, белгіленген аурудың бетін қайтаруда. Менің оң жақ аяғым жүргізбейтін жағдайда еді, үш күн ішінде қалыпты жүре бастадым. Жасан Зекейұлы, Сізге және ұжымыңызға халыққа, елге жасап жатқан игі еңбектеріңізге үлкен табыс, береке, бақыт Алладан тілеймін. Алланың нұры жаусын!

*Исатай қажы Алдабергенов,
Қызылорда облыстық су шаруашылығы
ардагерлер кеңесінің төрағасы*



*Ұжым әрқашан адамды көтеріп,
оны аяғынан нық тұрғызады.*

Н. Островский

«ЖАС-АЙ» ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ГҮЛДЕНЕ БЕРУІНЕ ТІЛЕКТЕСПІЗ!

Балалар сал ауруы диагнозы бойынша баламыз Жанқараев Нұрдәулетті алғаш рет «Жас-Ай» клиникасына келгенде өздігінен жүре алмайтын. Біреудің көмегіңіз орнынан тұра алмайтын, түнде дұрыс ұйықтай алмайтын. 1-ші курс емінен соң түн ұйқысы тыныштала бастады. 3 курстан соң орнынан өзі тұра алатын дәрежеге жетті. 5-ші курс емінен соң балам үлкендердің көмегіңіз жүре алатын болды. Баламыз толық жазылып кеткенше «Жас-Ай» клиникасынан ем алуды үзбейміз деп отырмыз. Бірінші Аллаға, екінші «Жас-Ай» клиникасының қызметкерлеріне алғысымыз шексіз. Профессор Жасан Зекейұлына, балалар дәрігері Айгүл Оңдасқызына көп рахмет! Бізге көрсеткен еңбектеріңіз бен жасаған жақсылықтарыңыз Алладан қайтсын. Баламыздың жазылғаны біз үшін үлкен қуаныш. Сіздерге деген алғысымызды сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Баламызға болашағы бар өмір сыйлағандарыңыз үшін Алланың нұры жаусын сіздерге! «Жас-Ай» орталығының одан әрі гүлдене беруіне тілектеспіз. Алдағы уақытта да көптеген науқастарды орнынан тұрғызып, еліміздің жарқын болашағына септігін тигізе алатындығына біз сенеміз.

*Нұрдәулет Жанқараев пен анасы Гүлнұр,
Жамбыл облысы, Байзақ ауданы,
Сарыкемер ауылы*



*Әр адам – өзінің ішкі дүниесінің кескіні.
Адам қалай ойласа, оның өзі де сондай.*

Цицерон

«ЖАС-АЙ» – ЖҰМАҚ МЕКЕНІ!

Мен киелі Түркістаннан келіп отырмын. Жасым 15-те. «Жас-Ай» емханасына үзілген үмітті жалғау үшін келіп едім. Мұнда келуімнің өзі кездейсоқ болды. Бірақ Алла осы жерге келуіме жол сілтегендей. Барлығымыз бір пендеміз ғой. Ең алдымен, жанымыздың тыныштығын қалаймыз. Халқымыз «бірінші байлық – денсаулық» деп бекер айтпаған-ды. Әрине, ешкімнің жанының қиналғанын қаламайды. Ол да бір Алланың сынағы болар, айтып келмейтін аурумен күресе білу керек. «Құдай дерт берсе, оған дауа да береді» демей ме, дана халқымыз. Түнде ұйқыңды ұрлаған, күндіз күлкіден айырған дертіңе шипа тапсаң да бақыт. Сол бақыттың дәмін мыңдаған адамға таттырған емханалардың бірі «Жас-Ай» Шығыс-тибет медицина орталығы. «Жас-Ай» дегенде көз алдымызға бірден Жасан Зекейұлын келтіреміз. Бұл күнде ол кісіні танымайтын адам кем де кем. Алтын қолдарымен қаншама жанның дертін емдеген. Ол кісі жайында айтсақ, кітап жазуға болады. Оның халыққа сіңірген еңбегін сөзбен айтып жеткізе алмайсың. Жасан ағайдай адамдар кем де кем. Халық оны «Алланың жіберген адамы» дейді. Сіз ол кісіге жолықсаңыз, мақтауға тұрарлық екеніне көз жеткізер едіңіз...

Мен көп газет-журналдардан байқадым. Олар көбіне

Жасан Зекейұлы жайында жазады екен. Дұрыс, әрине! Бірақ сол Жасан ағайдың шәкірттері туралы жазылған мақала оқымадым. «Жас-Ай» емханасында бір Жасан Зекейұлынан басқа, қаншама білікті дәрігерлер бар. Олардың әрқайсысының елге сіңіріп жатқан еңбегінің зор екенін бірі білсе, бірі біле бермейді. Шындығына келсек, дәрігер – ең ауыр, ең қиын мамандық. Олардың міндеттері жоғары. Оларға қателесуге болмайды. Соған қарамастан, олар халық үшін осы жолды таңдады. Бұның өзі үлкен ерлік. Сондықтан да болар, халық дәрігерлерді «ақ халатты абзал жандар» деп атағандары. Алладан кейінгі үлкен құрметке ие жандар – дәрігерлер. Мен бұл мамандықтың қаншалықты қиын екендігін «Жас-Ай» емханасына келгенде біліп отырмын.

Қазір мен «Жас-Ай» емханасынан 3-курс емімді қабылдап жатырмын. Әр күні емхана есігіне үлкен үміт арқалап кіріп келетін мыңдаған адамдарды көремін. Олардың әрқайсысының көздерінен жалындаған отты көремін. Барлығының арманы бір – жазылу! (Кезінде өзім де сол үмітпен келгенмін).

Әрбір науқастың жан дертімен бөлісіп, оған шуақты күндер сыйлайтын да дәрігерлер. Мен әрдайым «Жас-Ай» дәрігерлерінің жүзінен тек күнді көремін. Олар әрбір науқасқа көңіл бөледі, халін сұрайды, жігерлендіреді. Барлығы саған тек жылы жүзбен қарайды. Сен дертіңнің барын да ұмытасың... Қаншама науқастың көңілін табу да оңай емес. Бірақ олар өздерінің шаршағандарына да қарамай, жан-жақтарына нұр себелеп жүреді. Дәрігерлердің өзгелерден айырмашылығы да осы болар, бәлкім. Сондықтан, мен «Жас-Ай» – жұмақ мекені дер едім!

Мені ең алғаш қабылдаған Бибісара Кеңесқызы болатын. Кейін қарасам, ол апай ине де салады екен. Екі жұмысты қатар алып жүрген жан! Мен ол кісіге үлкен алғысымды айтқым келеді. Қанша шаршаса да, онысын

білдіртпеуге тырысады. Бибісара апай – өте мейірімді, жүзі жылы жан. Жан-жағын нұрға бөлеп жүреді. Дәрігер деген атқа лайық кісі. Білікті мамаң, жүрегінде иман, жүзінде мейірім бар. Кез-келген адамға үлгі боларлықтай адам. Менің Бибісара апайдан үйренгенім көп!

Емханадан жап-жас, бірақ білімді дәрігерлерді кездестіреміз. Олардың кез-келгеніне барсаңыз, сізге көмек беруге даяр. Осындай мамандардың басын біріктірген Жасан ағайға үлкен алғысымды білдіремін. «Жас-Ай» ұжымына табыс тілеймін! Жақында 10 жылдық мерейтойын тойлады. Емхананың ғұмыры ұзақ болсын дегім келеді. Бұл – бір менің емес, бүкіл халықтың тілегі. «Жас-Ай» жасай берсін!

Тілімнің кекештенуі бар еді. Қазір 3-курс емімді алып жатырмын. Бар үмітім осы емханада. Бір ғажапқа сенемін... «Үмітсіз – шайтан» деген. Ең бастысы жүрегімдегі үмітім үзілмесе болды. «Жас-Айға» келгелі барлық жаман ойларды, қорқынышты ысырып тастадым да, алдыма бір ғана мақсат қойдым. Ол – қайтсем де жазылу. Құдай сәтін салып, әйтеуір бір жазылармын. Содан соң, ата-анамның үмітін ақтармын. Мені емдеген дәрігерлер еңбектерінің еш кетпегенін жазбағанын дәлелдермін әлі-ақ. Әттең, менде ол кісілердей қабілет жоқ. Әттең, әттең... мен де ақ халатты абзал жандардың бірі болар ма едім?!. Бірақ, уәде беремін! Кім болсам да еліме, халқыма қызмет ететін азамат боламын! Дәл Жасан аға секілді!

*Тасқынбек Ақниет,
Түркістан қаласынан*



*Егер жүрек таза болса,
тілден әдемі сөздер шығады.*

Әли р.а.

НЕМЕРЕМНІҢ ТІЛІ ШЫҒЫП, СӨЙЛЕП КЕТТІ...

«Жеті жасар немерем Ерасылды жетектеп «Жас-Ай» орталығына келгелі бері қуанышымызда шек жоқ. Өмірдің жарық жақтарын көре бастағандаймыз» деп әңгімесін бастаған Нәдірбай ата сөзін аяқтамай орталықтың дәрігерлеріне ақ алғысын жаудыра бастады...

«Орталықтың алтын қолды ақ жүректі дәрігерлеріне айтар алғысымыз шексіз... Әрқашан күлімдеп қарсы алып, жадырап шығарып салады. Ем алып кеткен соң қайта айналып келгің келіп тұрады, өйткені әр емінен немеремнің жағдайы жақсарып, әр сөзі жанымызға медет болып дертімізге дауа болды.

Немерем Ерасылдың өзгелерден өзгешелеу екенін байқасақ та жамандыққа қия қоймадық. Тілі өте жай шықты оның өзінде тек қысқа сөздерді ғана айтатын. Екі көзі қылиланып екі жаққа қарап тұратын, үнемі көзі жүгіріп қисайып кетеді. Тілі жай шыққандықтан уақытында мектепке де апара алмадық.

Бірде таныс адамдар арқылы «Жас-Ай» журналы қолымызға түсті. Аударып оқып шыққан соң орталыққа келуге аңсарымыз ауды. Бар мақсатымыз осы «Жас-Ай»-ға келіп, дәрігерге көріну болды. Үлкен бір үміт оты пайда болды. 2013 жылы «Жас-Ай»-дың табалдырығын аттадық. Алғашқы курстық емнен кейін-ақ немерем өзін жақсы сезініп едәуір оңала бастады. Ал, екінші курс

емге «қашан барамыз, барайық?!...» – деп немерем өзі сұранды. Казір емнің үшінші кезеңіндеміз немерем Аллаға шүкір қатарымен араласып тайдай шауып жүр.

Сөздік қоры көбейген, толық сөйлеп ойын жеткізе алады. Қазір жеті жаста, мектеп табалдырығын аттайын деп отыр бұйыртса. Көзі бұрынғыдан әлдеқайда жақсарған, анда-санда байқалмаса бастапқыдай жан-жаққа жүгіріп тұрмайды. Тамаққа тәбеті қалыпты.


Біріншіден, Алланың қалауымен, екіншіден, алтын қолды дәрігерлердің арқасында немеремнің жүзі нұрланды. Заманауи медицинаны шығыс медицинасына алмастырып, осында отбасымызбен келіп ем қабылдасақ деген ойымыз да бар.

«Жас-Ай» орталығының ұжымы!


Сіздерге толағай табыс, ынтымақ, бірлік, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін. Халықтың қалаулысы болып, алғысқа бөлене беріңіздер.

Аса мейірімді Алла Тағала! Болашақ еліміздің ұландары, ұлтымыздың намысын көтерер ұрпақтарымыздың дендерін сау, болашақтарын жарқын еткей! Әумин!

*Нәдірбай Молдабеков,
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы,
Космос ауылы*




II бөлім



Асқар таудай алып бол,
Диптақ күндей Асарық бол

Арнау жырлар





ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫНА

Пенделер жоқ білмейтұғын Жасанды,
Барсаңшы оған, қиналасың қашанғы?
Қолы – шипа, алтын ине ал жедел,
Төгесің-ау, ақ тілек пен батаңды.
Айта берсең таңырқайсың киесің,
Іздегенде тамыр, жүйке жүйесін.
Емдеп жатыр қарт пен бала, дөкейді,
Атқа мінген не бір шеннің иесін.
Жылымықты саусағынан сезесің,
Жылы сөзін шипа қылып жүресің.
Сосын сенің науқасыңа ем қонып,
Шалқып-тасып, мез-мәйрам боп күлесің.

*Кәдірбек-Гауһар,
Алматы облысы, Іле ауданы,
Байсерке ауылы*





БАУЫР КЕЛДІ

Ел деп келсе,
Жер деп келсе, азаматтың асылы.
Соны көріп біздердің де көңіліміз
тасыды.
Қалай мақтан тұта алмайды бар қазақ,
Атамекен аясына еңбек етсе хас ұлы.

Туған елдің бір тірегі –
қара нары болуда,
Шипа іздеген жандарға
бақыт болып қонуда,
Келді бауыр, елді көрді,
жерді көрді, ой салды,
Талай адам қажырынан,
қайсарынан тайсалды.

Кеш жатады, ұйықтамайды, тұрады ол
таң сәрі,
Билеп алған түрлі ауру, түрлі кесел
қаншаны.
Игеріпті Шығыс-Тибет ғылымын ол
жетерлік,
Келіп еді қазағына бар асылды көтеріп.

Келіп еді Өтейбойдақ ғұламаның
жолын ап,
Науқастарды күні-түні қабақ шытпай
қабылдап.

Жан күйзелді, амал нешік, ауру адам қандай көп,
Жігерленді, барлығының айтқан сөзі балдай боп.
Қазағының арасында жүрді тағы жылынып,
Көкірегінде жанып жігер, қол бұлғайды ұлы үміт.
Қызықтырған Шығыс-Тибет дәрігерлік мектебі,
Сол ғылымнан асыл арман күш-жігері көктеді.

Сол ғылымға жұмсамақ ендігі бар ғұмырды,
Биік етіп қаламақ шипагерлік тұғыры.
Сом денелі жігіт пен қыз өсірген бұрымды,
Ата-баба жері бұл өтіп кеткен бұрынғы.

Бауыр келді, бауыр келді, ала келді бақытын,
Ала келді ол медицина жақұтын.
Ағайында не бар артық бауырдан?
Шырқайды екен адамшылық қанынан.

Мен де өзіңе аурумын деп келгем,
Шипа қолдан жазылуға сенген ем.
Міне, бүгін жаздай болып жазылдым,
Дені сау болса шертпейді өмір сазын кім?

Төлен Ақмұратов





ДЕНЕДЕГІ ДЕРТТІҢ ЖАЙЫН ЖАСАН ҰҒАР!

Жат елде тұрса да өрлеп атақ-атың,
Отаныңа келдің “Қазақ” аталатын.
Атажұртқа адастырмай алып келген,
Халқыңа деген адал махаббатың.

Қазақты емдеп жатсың бар кеселден,
Көп қой кесел қазаққа жармаса ерген.
Қазағыңа қызмет жасап жатсың,
Келдің де Қытай дейтін жалғас елден.

Табасың бар кеселді тамыр басып,
Беті қарар кеткен кесел тамырласып.
Алтын инең амалдап ап тастайды,
Жеңе алмаған кеселді сан ырғасып.

Жүрегің жомарт сенің, жаның да ізгі,
Сүйесің бар қазақты – бәрімізді.
Алтын ине, алтын қолмен сұм ажалдан,
Арашалап қалып жатсың жанымызды.

Жасаған берген сыйың, Жасан інім,
Жақсылық сендей елге жасады кім?!
Тибет-Қытай ем-домының сырын ұғып,
Қазақ үшін Жасан жаңа жасады ілім.

Мойындап берді орден – Сократың,
Еуропаға танылып жатыр атың.
Тұмаға айтқан “Алтын жігіт” аман тұрса,
Әлемге әйгіленер ақыры атың.



Ардақтайды бар қазақ Жасан ұлын,
Тілейді елі саулығын Жасанының.
Аты әлемге әйгіленіп келе жатқан,
Білсін дүние қазақтың Жасаны кім?!

Әулиедей көрер сені Алты Алашың,
Сен деп қазақ салар кеңге арқа-басын.
Халықтың тауқыметін арқаға алып,
Арқаласа сендей ерлер арқаласын.

Емдесе елін Жасан жан дертінен,
Қазағы құтылады бар дертінен.
Жасанымен жасанып мынау өмір,
Құлпырады дүние бар көркімен.

Дендеген дерттің жайын Жасан ұғар,
Дерттерге талай дауа жасалынар.
Ауырса Алладан соң жүгінетін,
Қазағым бақытты екен Жасаны бар!

*Тұрар Сүлейменов,
Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы,
№247 Бесарық орта мектебінің
директоры*

КҮЙЗЕЛІСТІҢ ЕМІН ТАПҚАН НОЯНЫМ!

Медициналық сараптаулар жасамай-ақ тамыр ұстап науқасты дәп басып табу – мыңнан бір дәрігерге қонатын қасиет деп білем. Өз басым бұл қасиетті тек Жасан Зекейұлынан ғана көрдім. Ол Қытай елінде туып-өсіп, оқып-тоқып Шығыс-Тибет медицинасының қыры мен сырын жетік меңгерген. Ол елдегі жүз үздік маманның бірі болған. “Жас-Ай” журналынан оның “Ер еліне, қаз көліне” деген ата-баба ұранын берік ұстанғанын, қазақ еліне келіп докторлығын қорғап, академик, профессор болғанын, бар ақыл-парасатын науқастардың денсаулығына арнап жатқанын оқып білдім. Мен зейнетке шыққан дәрігермін. Дәрігердің науқас жандар алдындағы жауапкершілігін жақсы түсінемін. Сол себепті, ініме ризалық көңіліммен жүрегімді жарып шыққан мына жыр шумақтарымды арнаймын:

“Жас-Ай” атты журналдың оқырманы –
Ағаң оқып мәз болып отырғаны.
Жөн де шығар бір қартың тебіреніп,
Өзіңе арнап жырларын жолдағаны.

Келген Жасан Қытайдан елін аңсап,
Отаның, ата қоныс жерін аңсап.
«Емдегенше мың қытай, бір қазақты
Емдейінші» дегені емес жаңсақ.





Қиындық көрдің алғаш Отаныңда,
Бағаланбай еңбегің жатады да.
Бұл күнде бәрі өзіңнен табылып тұр,
Ғылымнан жеткен барлық атағың да.

Халқына Жасан жасап жақсылығын,
Мерейі күннен күнге асты бүгін.
Ел мүддесін өзінен биік ұстап,
Көрсетті қасиетін, тектілігін.

Даңқын естіп алыс-жақын жерінен,
Үміт артып қалың науқас көрінген.
Жан ұяға қуанышпен оралған,
Шипа қонып Жасан берген емінен.

Алға қойған мақсаты оның саналы,
Сырқатыңды тамыр ұстап табады.
Шаңырағына бақыт қонып жұбайлар,
Болып жатыр емінен соң балалы.

Ақсай басып ауырғандар аяғын,
Тастап жүрер аз күннен соң таяғын.
Қан қысымы көтерілген науқас пен
Күйзелістің емін тапқан нояным!

Отасыз-ақ, «грыжа» мен «ракты»,
Ине-шөппен ем жасайды тұрақты.
Жылы сөзі ұяласа жүрекке,
Күндей себер мейірімін шуақты.

Ине – шөппен емдеудің білдің сырын,
Бәрін бойға дарытқан неткен білім!?
Бала-шағаң, отбасың аман болсын,
Ата берсін арайлап алтын күнің!

Міне осылай ағалығым, тілегім,
Дәрігерлік машақатты іс білемін.
Атақ-даңқ өзі-ақ іздеп табады,
Науқастармен бірге ауырса жүрегің.

*Әбжанұлы Түзелбек,
зейнеткер, Шымкент қаласы
03.09.2012 ж.*





ЖАСАН ІНІМЕ!

Барыңды беріп халқыңа,
Демалуды білмедің.
Ауру меңдеп ағзасын,
Жасып келген жандардың,
Үміт отын үрледің,
Шырақ жағып көңілге,
Қайта әкелдің өмірге.

Бір Алла қолдап ісінді,
Бақытты бол өмірде.
Көре алмаған көр соқыр,
Кес-кестеп сенің жолыңнан,
Балта алып шықса Батыраш
Жасан інім жасыма!

Жақсылық көрген өзіңнен –
Еңбектеп келіп жетсе де,
Ақиқатын айтуға
Халқың келер қасыңа!

Елім – деп келіп өзге елден,
Қызмет еттің халыққа.
Қиын-қыстау кезеңде,
Бой бермедің нарыққа.

Айтыңдаршы, ағайын,
Жасан інім алып па?
Халықтың қамын ойлайтын,
Жасандай ұлды өсірген,

Шәрипа анам алып па?
Жазасын берсін бір Алла,
Көре алмаған наданды.
Жарқырай берсін маңдайың
Халқың берсін бағаңды!



*212 палатада жатып емделуші –
Әлиева Ұлдар Әбденқызы
Қызылорда облысы,
Шиелі ауданы*





АЗАМАТ ЖАСАН ЗЕКЕЙҰЛЫНА!

Үміт оты сөнбейді екен қашанда,
Жазылам ба, аяғымды басам ба?
Даңқын естіп жүргенімде армандап,
Құдай қолдап жолықтырды Жасанға.

Жақсы емші деген қандай ғажап ат!
Арқалаған зор сенім мен аманат.
Қамқорлықпен емін тегін жасаған
Жасан неткен қайырымды азамат!

Абзал жанға бағын ашқан талайдың,
Риза болып, зор сеніммен қараймын.
Өміріне арқау еткен секілді
«Адамды сүй!» - деген сөзін Абайдың.

Болмаса да бауырым да, әкем де,
Бауырмалдық шексіз екен Жәкеңде.
Аңыз болған Шығыс-Тибет шипасын
Алып келді алғаш Атамекенге.

Адал адам қалай елін сүймесін,
Халқын емдеп, салды алтын инесін.
Келген адам ауруынан айығып,
Кетіп жатыр, айтып сансыз алғысын.



* * *

Абыройы Алатаудай тым биік,
Білім-ойы көк теңіздей тұңғыық.
Күңдей күліп ақ жүзі мен көздері
Қарағанда ғайып болар мұң-күйік.

Қыран құстай қалықтаған аспанда,
Ерліктері лайықты дастанға.
Айтқызбай-ақ дәл табады дертіңді,
Қолыңды ұстап тамырыңды басқанда.

Шын көңілмен емдейді екен жан асыл,
Ғылымда да ашқан талай жаңа сыр.
Өз ісіне жан-тәнімен берілген,
Сондай болар нағыз емші жанашыр.

Ерінбестен еңбек етіп ел үшін,
Мейіріммен беріп жүрген қол ұшын.
Алтын қолды, кең жүректі, ақ жанды,
Азаматты жырлау – менің борышым.

Адамдарға қайырымдылық жасаған,
Жасан-аңыз, Жасан-өлең, Жасан-ән.
Арашасы болған жұрттың, халықтың
Абзал жанға жар болғайсың, Жасаған!

Нұртас Исабаев



* * *

Алғысын ал еліңнің,
Жаратушым жар болсын!
Жасай бер, Жасаң, «Жас-Ай»!
Қасиетіңе сүйіндім.
Еміңнің ерек шипасы-ай!
Дарындысың, данасың,
Жұлдыз болып жанасың!
Екпінің бөлек өзгеден,
Оза шауып барасың.

Қиналғанда жан берген,
Адалдық сенің жолдасың,
Бір Алла сені қолдасын!
Алтын инең жарқылдап,
Жаздың сан мың адамды.
Еліңді емге тәнті етіп,
Нұрландырдың сананы.
«Жас-Ай» атты журналың,
Елге сырын ашатын,
Кереметін ем-домның,
Екшеп барып жазатын.

Ойлап жүрсің ел қамын,
Көңілің ақ, пәк жаның.
Қанатың сенің талмасын,
Көк жүзінде самғасын!
Академик бауырым,
Көтердің жүктің ауырын.
Тағдырың иіп қашан да,



Жасын берсін Жамбылдың!
Гүлия ханым өзіңнің,
Өмірдегі серігің.
Аман болсын қашан да,
Жаныңдағы елігің.

Естіген жұрт тамсансын,
Кереметін көріп еміңнің.
Бағыңа бақ қосылсын,
Алғысын ал еліңнің!

*Талгат Белгібайұлы,
ҚР халық шебері, этно-дизайнер,
өнер зерттеушісі, «Жеті-Муза»
өнер бірлестігінің Бас директоры*





* * *

Алланың сізге берген бағы шығар,
Ісіңе мықты болсаң бақыт қонар.
Шалғайдағы ауылға келіп қапсыз,
Сырқат жанға мұндағы назарың сал.

Есіміңіз әйгілі бүкіл елге,
Жан дауаға себепші – еміңізге.
Сіз қараған пенделер жазылуда,
Жазылғандар риза еңбегіңе.

Алланың құдіреті қандай күшті,
Сізге пейілін салып тұр түсінікті.
Қолыңыздың шипасы жанға жайлы,
Сондықтан да өзіңді ел қолдайды.

Жасеке, жаның жайсаң азаматсыз,
Көңілінен халықтың шығып жатсыз.
Білімің жеткілікті ел біледі,
Алланың көз қарасы сізге артсын.

*Зейнеткер, Бірлікбай Балғынов,
Көктал ауылы
28.06.2014 ж.*



Алланың атын атап,
Ұзақ жасағың келсе.
Деніңе саулық сұрап,
Сауыққың келсе –

Жасанға кел!

Дертіңе шипа іздеп,
Жазылғың келсе.
Енжарлықтан мәңгіге,
Арылғың келсе –

«Жас-Айға» кел!

Құдіретті көзіңмен,
Көргің келсе тағы да –

Жасанға кел!

Сабира Абдуалиева



МАЗМҰНЫ

Алөйс арқалаған азамат	5
<i>І бөлім. Жүрек сөзі</i>	19
Елге білімді де білікті текті ер қосылса, теңдесі жоқ құт қонады	20
Шипагерлік ордаңыз ел алғысына толсын!	24
Алтын ине емінен кейін қан қысымым орнына түсті	25
Қадамдарыңыз сәтті болсын!	28
Журналдың берер емі көп болсын!	29
Жасай берсін «Жас-Ай!»!	30
Жасанмен жеткен жеңіс!	31
Емдік шипамен қоса рухани сауықтым	34
Басына бақ қонған дәрігер	38
Қатерлі ісіктен қалай жазылдым?	41
Бел омыртқа ауруынан жазылдым	44
Шипасымен шуақ шашқан	46
Қартаймаған көңілге көрік сыйлаған	48
Бүйректегі тастан арылдым	50
Жасан жанымды жадыратты	52
Сегіз қырлы, бір сырлы	53
«Жас-Айға» келіп жасардым	55
Бір-ақ күнде ауруым сап тыйылды	57
Балдақтың да, басқаның да көмегіңсіз өз аяғыммен жүре аламын	59
Ерекше ризамын	60
Шәкірттері көп болсын	61
Алтын иненің арқасында ана атандым	62
Мыңнан бір адамға қонатын қасиет	64
Аурумен арпалысқан күндер артта қалды	66
Шаңырағыма шаттық ұялады	68
Адамның бір қызығы бала деген	70
Жасай берсін «Жас-Ай!»	72
Дара тұлға – дәрігер	74
Қайта жанған үміт оты	76
Псориаз дертінен айықтым	77
Отбасыма «Періште» сыйлады	78
Ауыр дертіме тегін ем жасалды	79
Сөнген үмітімізді маздатты	80
Аналық ақ бата	82

Өз аяғыммен жүруді сыйлады.....	83
Сый домбыра	84
Великолепный человек	85
Замечательный и талантливый врач!	86
Благодарственное письмо	87
Дай вам бог всех земных благ	88
Халыққа қамқор азамат	89
Болашағы зор ұжым	92
Тауып қонған бақ иесі	94
Қадірлі Жасан Зекейұлы!	95
Көзәйнек кимейтін болдым... ..	96
Күдікпен келіп, қуанып қайттық	97
Ақталған үміт	99
Балам өзі жүре алатын болды	100
Бірден бір денсаулық журналы... ..	101
Жағдайым өте нашар еді... ..	102
Екі жыл төсек тарту азабы	103
Қисайған бетім орнына келді	105
Ұзақ жылғы азап пен күйзелістен құтқарды	106
Жан дауасын іздегенмін... ..	108
Құндақтаулы баладай едім... ..	109
Ауру азабынан айықтым!	111
Қолыма қуат берді	113
Үмітімді қайта жалғады	114
Халық саулығын ойлайтын орталық	116
Алланың бір аты – халық	117
Құрметті Жәке!	118
Алғыс – рухани азық!	120
Атымтайдай жомарт жан!	121
Қадамдарына нұр жаусын!	122
Жүйелі емнен сауықтым	123
Дұрыс – диагноз, шипалы – ем	124
Сауатты орталық	125
Жүре алмай келіп едім, жаяу қайттым	126
Немереме жаңа өмір, өзіме үлкен үміт сыйлады	128
Түнім ұйқымен, күнім күлкімен өтіп жатыр	131
Көп жерге барып, бір жерден ем таптым	133
Қызым талма ауруынан жазылды	134
Ана болу бақытын сыйлады	135
Толық жазылатынымызға сенеміз	136

Отбасылық алғыс	137
Мың күнгі жұмақтан, бір күнгі тірлік артық	138
Аналық алғыс	139
Бағалы оқулық	140
Қызымды өз аяғына тұрғызды	141
Алла разы болсын!	142
Немерем жүгіріп кетті	143
Алғашқы емнен кейін-ақ жазыла бастадым	147
Таңғажайып құбылыс	149
Алтын қолды дәрігер азамат тапқан алтын құрсақ анасы картаймасын!	150
Қуанышпен қайтып барамын	152
Адам өмірінің арашашысы	153
Алғысым шексіз	155
Баламды жүргізген жан	156
Жеңіске жетеміз	157
Қысқа мерзімде – үлкен нәтиже	159
Аса қадірлі қыздарым Гүлнұр, Рая!	160
Жаным жай тапты	161
Қызым «Жас-Айға» келіп жүріп кетті	163
Құрметті, Жасан Зекейұлы!	166
Балалы болдым	168
«Жас-Айға» келіп қорқыныштан арылды!	169
Қариялар алғысы	170
Өкінбеймін	172
Баламыз жүре бастады!	173
Немерем айығып келеді	175
Құрметті Жасан Зекейұлы!	175
Үміт берген сиқырлы инелер!	176
Түсіп қалған шаштарым қайта	177
Өсе бастады!	177
Еңкейіп келіп, еңсесі тік кеткен елді көрдім!	179
Менің емшім табылды!	181
Алтын инелер мені аяққа тұрғызды!	182
Балаларға әлемнің жарығын сыйлаған «Жас-Ай»	184
Дұрыс ем дұрыс диагноз қоюдан басталады	186
Өмірге құштар жандармыз	188
Шипалы ем – шипагердің қолынан!	190
Түс арқылы емшімді таптым	191
Көңілімді көктем еткен «Жас-Ай»	194

Искренние слова благодарности и признательности	196
В.В.Дайстың естелігі	198
Б.Бисенғалиеваның естелігі	199
Диагноздың бір кереметі осы еді.....	200
Қасіреттен айықтырған қасиетіңнен айналайын!	201
Эпилепсиядан айығып келеміз!	203
Баламның денсаулығынан асқан бақыт жоқ!	205
Жарықты сезе бастадым!	207
Үш күннен соң жүре бастадым!	209
«Жас-Ай» орталығының гүлдене беруіне тілектеспіз!	211
«Жас-Ай» – жұмақ мекені!	212
Немеремнің тілі шығып, сөйлеп кетті.....	215

II бөлім. Асқар таудай алып бол,

апшақ күндей жарық бол	217
<i>Кәдірбек. Жасан Зекейұлына</i>	<i>218</i>
<i>Т.Ақмұратов. Бауыр келді</i>	<i>219</i>
<i>Т.Сүлейменов. Денедегі дерттің жайын Жасан ұғар!</i>	<i>221</i>
<i>Т.Әбжанұлы. Күйзелістің емін тапқан нояным!</i>	<i>223</i>
<i>Ұ.Әлиева. Жасан ініме!</i>	<i>226</i>
<i>Н.Исабаев. Азамат Жасан Зекейұлына!</i>	<i>228</i>
<i>Т.Белгібайұлы. Алғысын ал еліңнің</i>	<i>231</i>
<i>Б.Балғынов. Алланың сізге берер бағы шығар.</i>	<i>233</i>
<i>С.Әбдулиева. Ақ тілек</i>	<i>234</i>

ІЗГІЛІКТІҢ ІЗІ БАР

Жауапты редактор *Ж.Иманқұл*
Техникалық редактор *С. Табалдинова*
Көркемдеуші редактор *О. Любовицкая*
Компьютерде беттеген *А. Әмреева*

«Жас-Ай» медицина орталығының «Медиа» баспасөз қызметінің, компьютерлік орталығында теріліп беттелді. Теруге берілді 12.08.2014. Басуға 25.03.2015 қол қойылды. Пішімі 84х108^{1/32}. Қаріп түрі “ArialCyr.kz”. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 15,0.

Тел: 8(727) 302-15-40, 390-19-19. факс.: 302-15-398;

моб.:8-777-232-18-71. Сайт:WWW.jasai.kz.

Элект.пошта: *zhasai_67@mail.ru*

Алматы қаласы, Витебская көшесі, 42 үй. Әл-Фараби және Розыбакиев даңғылдарының қиылысы. Таралымы 4000 дана.

Тапсырыс №